



Павлодар облыстық газеті
1929 жылғы 15 ақпаннан шығады

SARYARQA SAMALY

13 тамыз, бейсенбі
2026 жыл
№32 (16151)



Urker
АКПАТТС
2022

ssamaly29@gmail.com



www.saryarka-samaly.kz



facebook.com/saryarqasamaly



@saryarqa_samaly



@saryarqa_samaly

23 ТАМЫЗ – ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ

Сайлау учаскесі дайын ба?



Суретті түсірген – Есенжол Исабек.

Нақпа-нақ

Облыста дауыс
беру құқығына ие

503 051

сайлаушы
тіркелген

ТІКЕЛЕЙ ЖЕЛІ

**МЕКТЕПKE ДАЙЫНДЫҚ:
КІМДЕРГЕ КӨМЕК
БЕРІЛЕДІ?**



9
бет

«АЙНАЛАЙЫН»

**СМАРТФОН ЕМЕС,
СӘЙГҮЛІК**



13-16
беттер

«ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ»

ТЫНЫМ ТАППАЙДЫ



20
бет



Телефон камерасымен осы
QR кодты сканерлеу арқылы
видео көре аласыз.

23 тамыз – Құрылтай сайлауына бүгінде сайлау учаскелері дайындықтарын пысықтауда. Керек-жарақтарын түгендеп, сайлаушылардың таңдау жасайтын орындарын реттеуде. Сонымен қатар, учаске тізіміндегі тұрғындарға саяси науқанға шақырту таратылуда. Дайындық барысымен танысу мақсатында Павлодар қаласындағы №55 сайлау учаскесіне арнайы бардық.

Жалғасы 5-бетте ►►

ФИБРАТ



ӨНІР

Абай күні – қазақ халқының ұлы ақыны, ойшылы әрі ағартушысы Абай Құнанбайұлының өнегелі өмірі мен мол мұрасын ұлықтап, кейінгі ұрпаққа насихаттайтын маңызды мереке.

Абай тағылымы – мәңгілік азық

Осы атаулы күнге орай облыста бірқатар мәдени-танымдық шара өтіп, ұлы ойшылдың шығармашылығы кеңінен дәріптелді. Алдымен Павлодар қаласындағы Абай Құнанбайұлының ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі ұйымдас-тырылды. Қазақ халқының ұлы перзентіне деген құрметтің белгісі ретінде ескерткішке жергілікті қоғам өкілдері, зиялы қауым, ардагерлер мен жастар гүл шоқтарын қойды. Рәсімге аймақ басшысы Асайын Байханов та қатысып, Абай рухына тағзым етті.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Абай мұрасы - ұлттың рухани өзегі, қоғамды біріктіретін, болашаққа нық сеніммен қарауға жол ашатын құндылықтардың сарқылмас қайнар көзі. Абайдың адамзат үшін әрдайым өзекті болып қала беретін ұстанымдары бар. Ол білімге ұмтылуға, адал еңбек етуге, әділетті болуға, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға және елдің ертеңі үшін жауапты болуға үндеді. Ұлы ақынның мұрасы уақыт өткен сайын мәнін жоғалтпай, бүгін де әрқайсымызбен сырласып, ойымызға ой қосып келеді.

«Қара сөздер» - өміріміздің әр кезеңінде қайта-қайта оралатын, әр оқыған сайын маңызды сауалдарға жауап, тағылымды ой мен рухани демеу табатын қастерлі кітаптарымыздың бірі, - деді облыс әкімі.

Абай мұрасын кеңінен таныту мақсатында Павлодар қалалық «Ertis» музейінде «Абай. Ұлы Дала үні» атты әдеби-музыкалық кеш өтті. Шараға Абай атындағы дарынды балаларға арналған гимназия оқушылары мен «Жас ұрпақ» Жастар үйінің тәрбиеленушілері қатысты.

Кеш барысында қатысушылар ақынның өмір жолы мен шығармашылық белестеріне рухани саяхат жасап, оның балалық шағы, дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен Зере әжесі мен Ұлжан анасының тәрбиесі, Ахмет-Риза медресесінде алған білімі туралы мағлұмат алды. Сондай-ақ, Абайдың шығыс және орыс классикалық әдебиетіне қызығушылығы, аудармашылық және сазгерлік қыры сөз болды.

Әдеби-музыкалық кеште Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы» секілді халық сүйіп тыңдайтын әндері орындалды. Гимназия оқушылары ақынның өлеңдері мен философиялық тереңдігімен ерекшеленетін «Қара сөздерін» мәнерлеп оқып, кештің мазмұнын аша түсті.

Абай тағылымы облыстың аудандарында да кеңінен насихатталды. Мәселен, Ертіс аудандық орталық кітапханасында ақынның туған күніне орай дөңгелек үстел ұйымдастырылып, оның өмірі мен шығармашылық жолы жан-жақты талқыланды. Шара аясында Абай шығармалары мен ақынның өмірі мен мұрасына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге қойылған әдебиеттер арқылы қатысушылар ұлы ойшылдың шығармашылық әлемімен жақынырақ танысты.

А.БОРАНБАЕВА.
Суретті түсірген -
Валерий Бугаев.

Қала келбеті жақсаруда

Соңғы жылдары Екібастұз қаласында қордаланып қалған мәселелерді шешіп, инфрақұрылымды жақсартып, тұрғындардың өмір сүруіне жайлы жағдай жасау мақсатында ауқымды іс атқарылып келеді. Айталық, тозығы жеткен инженерлік желілер жаңартылып, ойын және спорт алаңдары орнатылып, жаңа көпқабатты баспаналар бой көтеруде.



Құндыз ҚАБЫЛДЕНОВА

Инженерлік инфрақұрылым жаңғыртылуда

Шаһарға жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Асайын Байханов осы және өзге де жұмыстардың барысын байқады. Алдымен «Горводоканал» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының су тазарту құрылыстарындағы №1 сорғы станциясында болды. Оны қайта жаңғырту жұмыстары 2026-2027 жылдарға жоспарланған және «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы («ЭКСЖ») аясында жүзеге асырылады. Жобаны іске асыру қаланы сумен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.



Бүгінде сорғы станциясы Екібастұз жылу-электр орталығын техникалық сумен, сондай-ақ Майқайың кенті мен «Богатырь» разрезін ауызсумен қамтамасыз етіп отыр. «Горводоканал» МКК директорының міндетін атқарушы Ләззат Бекбергенованың айтуынша, аталмыш станция 60 жылдан бері үздіксіз жұмыс істеп келеді. Сондықтан тозығы жеткен нысанды жаңғырту аса маңызды болып отыр. Айта кетейік, бұған дейін, яғни 2018 жылы техникалық су айдайтын екі сорғы ғана жаңартылған.

Жобаны іске асыру нәтижесінде заманауи сорғылар мен жиілік түрлендіргіштерін қолдану арқылы электр энергиясын тұтыну 30-40 пайызға дейін қысқарады деп күтілуде. Бұл кәсіпорынның пайдалану шығындарын азайтып, сумен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жоспар бойынша, қалпына келтіру жұмыстары тоғыз айға жалғасады. Барлығы сорғы станциясының жұмысын тоқтатмай, тұтынушыларды сумен жабдықтау жүйесін үзбей жүргізіледі. Кейін атқарылған істердің нәтижесінде Екібастұз жылу-электр орталығына, «Богатырь» кенішіне су жеткізу жақсарады. Сол сияқты Баянауыл ауданына қарасты Майқайың кентінің тұрғындары сапалы ауызсумен тұрақты түрде қамтылады.

Облыс әкімі Асайын Байханов жұмыс сапары барысында алдағы жылу беру маусы-



мына дайындық мәселесіне ерекше назар

аударылды. «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жүзеге асырылып жатқан ЖМ-10 және ЖМ-11 жылу магистральдарын қайта жаңғырту жобаларының іске асырылу барысымен танысты.

Екібастұз қаласындағы жылу желілерінің жалпы ұзындығы 468,2 шақырым, ал тозу деңгейі 78,3 пайызды құрайды. Жылу желілері кешенін кезең-кезеңімен жаңғырту негізгі міндеттердің бірі болып қала береді. 2023 жылдан бастап биылғы жобаларды ескеретін болсақ, қалада 18,5 шақырым магистральдық жылу желісі қайта жаңғыртылады. Сонымен қатар 152,1 шақырым құбырға ағымдағы жөндеу жүргізіледі. Тек 2026 жылдың өзінде жалпы ұзындығы 4,2 шақырым болатын 4 жылу магистралін қайта жаңғырту жұмыстары қатар жүргізілуде.

«Екібастұз жылу желілері» ЖШС бас директорының міндетін атқарушы Егор Красновтың айтуынша, қазіргі таңда негізгі құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталуға жақын.

Жылу желілерін жаңғыртудың басты мақсаты - тозығы жеткен құбырларды ауыстырып қана қоймай, олардың өткізу қабілетін арттыру. Бұрын пайдаланылған диаметрі 530 миллиметрлік құбырлардың орнына енді диаметрі 630 миллиметр болатын жаңа құбырлар салынууда. Бұл қаланың жылу жүйесінің қуатын арттырып, алдағы уақытта жаңадан бой көтеретін тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды жылу желілеріне қосуға мүмкіндік береді.

Асайын Байханов құрылыс және жөндеу жұмыстарының мерзімі мен сапасына қатаң бақылау жасауды тапсырды.

- Жылу беру маусымына дайындық - басым бағыттардың бірі. Тұрғындар жылу және сумен қамтамасыз ету үшін инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртудың барлық жобалары уақытылы аяқталуы тиіс, - деп атап өтті облыс әкімі.

Тұрғындарға – жайлы жағдай

Екібастұз қаласында аулаларды абаттандыру, спорттық инфрақұрылымды жақсарту бағытында да жүйелі жұмыстар қолға алынған. Шаһар басшысы Аян Бейсе-

киннің айтуынша, биыл 50 балалар ойын алаңын орнату жоспарланған. Қазіргі уақытта 10 алаңның құрылысы аяқталып, қалған нысандарда тартан жабынын төсеу және шағын сәулет нысандарын орнату жұмыстары жүргізілуде.

- Қазір 10 көшен толық дайын. Қалған 40 алаңның негізі әзірленіп, жабындысы төселді. Енді ойын элементтерін орнату жүріп жатыр. Қаржыландыру кестесінің өзгеруіне байланысты мерзім сәл кейінге шегерілді. Соған қарамастан барлық нысанды тамыз айының соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз, - деді А.Бейсекин.

Сонымен қатар 7 стрит-воркаут және 3 стритбол алаңы, 20 футбол алаңы салынууда. Бүгінде 17 футбол алаңы дайын. Тағы үшеуі осы айдың соңына дейін пайдалануға берілуі тиіс. Келесі жылы жеке секторды толық қамту үшін тағы 10 футбол алаңын салу жоспарланып отыр. Стритбол және воркаут алаңдарындағы негізгі жұмыстар да аяқталған. Қоршаулар орнатып, аумақты абаттандыру алдағы бір-екі апта дересінде аяқталуы керек.

Автокөлік жолдарын ағымдағы жөндеу жұмыстары да жалғасуда. Жоспарланған 465 мың шаршы метр аумақтың 300 мың шаршы метрден астамына асфальтбетон жабыны төселді. Одан бөлек, 20 білім беру нысанының аумақтарында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жеке сектордағы жолдардың жабыны жаңартылуда.

Аймақ басшысы жұмыс сапары барысында Мәрденев көшесі, №11 тұрғын үйінің ауласын абаттандыру жұмыстарының барысымен танысты. Асайын Байханов соңғы үш жылда Екібастұз аулаларының басым бөлігі жаңғыртылғанын айтты.

- Бұл жұмыс өте маңызды. Соңғы үш жылда Екібастұздағы аулалардың шамамен 80 пайызы абаттандырылды. Алдағы міндет - ескі нысандарды кезең-кезеңімен жаңарту, ағымдағы жөндеу жүргізу және тұрғындардың демалуына қолайлы қоғамдық кеңістіктерді көбейту, - деді А.Байханов.

Нысандарды аралау барысында тұрғындар да өз ұсыныстарын жеткізді. Олардың бірі жаңбыр суы жиналатын ойыс жерді тегістеп, балалардың қауіпсіздігі үшін жабын төсеу қажеттігін жеткізсе, енді бірі ескі демалу орындары мен орындықтарды жаңартуды сұрады.

Аймақ басшысы жұмыс сапарында Бұқар жырау және Целинная көшелерінің қиылысында салынып жатқан жаңа бес қабатты тұрғын үйдің құрылыс алаңына барды. 60 пәтерлі тұрғын үйдің жалпы аумағы 4,7 мың шаршы метрден асады. Қазіргі уақытта нысанның шатырын орнату жұмыстары жүргізілуде.

Жергілікті құрылыс бөлімінің басшысы Ринат Шәріповтің айтуынша, көпқабатты тұрғын үйдің құрылыс алаңындағы жұмыстардың 95 пайызы аяқталды. Бастапқыда нысанды тамыз айында пайдалануға беру жоспарланған. Алайда қаржыландыруға байланысты үйді тапсыру мерзімі қыркүйек айына ауыстырылған.

Аймақ басшысы құрылыс барысын, нысанды пайдалануға беру мерзімдерінің сақталуын және орындалатын жұмыстардың сапасын тұрақты түрде бақылауды тапсырды. Сондай-ақ «Отбасы банк» арқылы тұрғын үйді бөлу жүйесіне егжей-тегжейлі талдау жүргізіп, бұл үдерісті жеделдету мәселесін пысықтауды тапсырды.

**Суреттерді түсірген -
Валерий Бугаев.**

МЕДИЦИНА

Облыс орталығындағы №1 қалалық аурухана ғимараты осыдан жарты ғасырға жуық уақыт бұрын салынған еді. Сондықтан 2022 жылы уақыт өте келе тоза бастаған ғимаратты қайта қалпына келтіру туралы шешім қабылдады. Таяуда төрт жылға жалғасқан жұмыстардың бірінші кезеңі аяқталды. Енді емделушілер мен медициналық қызметкерлер үшін мұнда қолайлы жағдай жасалған.

Емдеу мекемесі жаңарды



Сара ӘБДӨЛ

№1 қалалық аурухана ғимаратының жалпы аумағы 20 мың шаршы метрден асады. Бүгінде медициналық мекеменің төсек-орын қоры 394 орынды құрайды. Аурухана құрамында хирургиялық бағыттағы 9 бөлімше, терапиялық бағыттағы 4 бөлімше, диагностикалық және басқа да қосалқы бөлімдер жұмыс істейді.

Емдеу мекемесінің ғимаратын қайта қалпына келтіру жұмыстары 2022 жылы басталды. Жобаның жалпы құны 12,3 млрд теңгені құрайды. Оның ішінде құрылыс жұмыстарына шамамен 3,5 млрд теңге, медициналық жабдықтарды сатып алуға 8,8 млрд теңге жұмсалған. Таяуда облыс әкімі Асайын Байханов атқарылған жұмыстардың нәтижесін бақылап қайтты.



Аурухана директоры Нұрлан Жұмажановтың айтуынша, бүгінде ауқымды жұмыстың бірінші кезеңі аяқталып, оның аясында 13 мың шаршы метр аумақ жаңғыртылды. - Жөндеу жұмыстары клиникалық бөлімшелер орналасқан жеті қабатты блокты қамтыды. Жобаның маңызды бөлігі - аурухананың операциялық блогын жаңғырту. Мұнда 11 операциялық зал заманауи талаптарға сай жабдықталды. Соның ішінде гибриді операциялық зал да бар, - деді Нұрлан Жұмажанов.

Сонымен қатар, емдеу ұйымына 1 319 медициналық құрал-жабдықтың 145 түрі сатып алынған. Олардың қатарында жоғары технологиялық әрі қымбат медициналық құрылғылар бар. Солардың бірі - «Philips Azurion 7» ангиографиялық жүйесі. Ол - нейронавигациялық жүйе және медициналық ақпараттық жүйелер секілді басқа да заманауи жабдықтармен интеграцияланған. Бұл дәрігерлерге күрделі хирургиялық және эндоваскулярлық операцияларды заманауи технологияларды қолдана отырып жүргізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ауруханаға қажетті заманауи медициналық құрал-жабдықтар алынғаннан кейін мұнда 16 жаңа технология енгізілген. Олардың бір бөлігі аурухананың өзінде алғаш

рет қолданылса, енді бірі Павлодар облысы үшін жаңа медициналық тәсілдер саналады. Бұған дейін кейбір күрделі операциялар тек Алматы мен Астана қалаларында жасалса, енді өзіміздің өңірде де жасау мүмкіндігі бар. Солардың бірі - өңеш ісігіне жасалатын күрделі операция. Мәселен, «Льюис» отасы кезінде ісік зақымдаған өңештің бөлігі алынып, оның орнына асқазаннан арнайы түтік қалыптастырылып, өңеш қызметін атқаратындай етіп жоғары қарай тартылады. Эндоскопиялық әдістер арқылы өңешке жасалатын бірқатар операциялар да жолға

қойылған. Мұндай тәсілдер науқасқа үлкен хирургиялық тіліктер жасамай, аз инвазивті жолмен ем көрсетуге мүмкіндік береді. Медициналық көмектің жаңа бағыттарының бірі - ауруханада механикалық сарғаю орталығының ашылуы. Механикалық сарғаю бауыр, өт жолдары немесе ұйқы безі ауруларының салдарынан пайда болуы мүмкін. Оның себептерінің қатарында өт-тас ауруы, түрлі ісіктер және басқа да патологиялық өзгерістер бар. Ауруханада мұндай жағдайларға эндоскопиялық және аз инвазивті



әдістер арқылы медициналық көмек көрсетіледі.

Одан бөлек, эндоскопиялық гемостаз орталығы да жұмысын бастаған. Асқазан-ішек жолдарындағы қан кету хирургиялық науқастар арасындағы өлім-жітімнің негізгі себептерінің бірі саналады. Сондықтан қан кетуді эндоскопиялық әдіспен дер кезінде тоқтатуға мүмкіндік беретін орталықтың ашылуы өңірдегі хирургиялық көмектің сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам болды.

Атқарылған жұмыстармен танысқан аймақ басшысы ендігі кезекте басты назарды білікті кадрларға бөлу керек екенін қадап айтты.

- Жаңа технологиялардың қолданысқа енгізілгенін ескерсек, оларды игере алатын мамандардың да қатарын арттыру керек. Қажет болған жағдайда олардың шетелде білім алуын қамтамасыз еткен жөн. Себебі, жұмыстың басты нәтижесі миллиардтаған қаржымен немесе жабдық санымен емес, пациенттердің сенімі мен сапалы көмек алу мүмкіндігімен өлшенеді, - деді А.Байханов.

Жаңа орталықтардың жұмысы өңір мамандарының тәжірибесін жетілдіруге де ықпал етіп отыр. Ауруханаға басқа өңірлерден медицина қызметкерлері келіп, механикалық сарғаю мен эндоскопиялық гемостаз орталықтарын ұйымдастыру және олардың жұмысын жолға қою тәжірибесімен танысуда. Бұл Павлодар облысында заманауи хирургиялық технологияларды енгізу мен дамыту жұмыстарының нәтижелі жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Қазір қалпына келтіру жұмыстарының екінші кезеңінің жобасы әзірленуде. Бұл жұмыстарды 15 қыркүйекке дейін мемлекеттік сараптамадан өткізу тапсырылды. Содан кейін жобаны қаржыландыру және іске асыру жұмыстары жүргізіледі.

Суреттерді түсірген - Е.Исабек.

МЕРЕКЕ

Құрылысшылар құрметке бөленді

Облыс әкімі Асайын Байханов құрылысшылар күні қарсаңында сала қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, мемлекеттік, ведомстволық және облыстық наградалар табыстады.

Соңғы үш жылда Павлодар облысында 1,5 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. «Сарыарқа» шағын ауданының құрылысы аяқталып, жаңа «Достық» шағын ауданында құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Облыстың аудан орталықтарында 15-тен астам көппәтерлі тұрғын үй салынып, ауылдық жерлерде 30 медициналық

тырып, экономиканың дамуына және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға құрылысшылардың қосып отырған үлесі зор екенін атап өтті.

- Сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесінде тұрғын үйлер, мектептер, ауруханалар мен заманауи инфрақұрылымдық нысандар бой көтеруде. Әрқайсыңызға кәсібиліктеріңіз, жауапкершіліктеріңіз және өз істеріңізге деген адал-



пунктінің құрылысы аяқталды. Осы айдың өзінде екі жаңа мектеп пайдалануға беріледі: Екібастұз қаласының ауылдық аймағына қарасты Атығай ауылындағы 120 орындық мектеп және Ертіс ауданының Қызылқақ ауылындағы 100 орындық мектеп. Шілде айында Баянауыл ауылында заманауи визит-орталық есігін айқара ашты.

дықтырыңыз үшін алғысымды білдіремін, - деді Асайын Байханов.

Көп жылғы адал еңбегі, жоғары кәсіби біліктілігі және құрылыс саласын дамытуға қосқан үлесі үшін өңірдің үздік мамандары марапатталды. Құрылыс саласының ардагері Серік Қошымбаевқа «Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін» белгісі табыс-



Павлодар қаласында 1200 орындық заманауи мектептің құрылысы жалғасуда. Сондай-ақ ірі инфрақұрылымдық жоба - Ертіс өзені арқылы өтетін жаңа көпірдің құрылысы жүзеге асырылуда. Алдағы уақытта әлеуметтік инфрақұрылымның ірі нысандарын салу жоспарлануда. Атап айтқанда, Павлодар қаласында Мұз сарайын, Конгресс-холл, әмбебап спорт аренасын, ал Екібастұз қаласында спорт сарайын салу көзделген.

Осы орайда аймақ басшысы заманауи қалалар мен ауылдардың келбетін қалыптас-

талды. Сонымен қатар, 16 қызметкерге Павлодар облысы әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды. Еңбек ардагері Асылхан Көпешев пен «ГИДРОПРОМ» ЖШС учаске бастығы Михаил Тютюньков «Құрметті құрылысшы» медаліне ие болды. Саланың тағы үш өкілі Қазақстан Республикасы өнеркәсіп және құрылыс министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі. Суреттерді түсірген - Валерий Бугаев.

23 ТАМЫЗ - ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ

Саяси науқанға сақадай сай

Павлодар облысының азаматтары сайлау науқандары барысында белсенділік танытып, учаскелік комиссия өкілдері жоғары кәсібилігін көрсетіп келеді. Елімізде алғаш рет өткелі тұрған Құрылтай депутаттарын сайлау алдында да дайындық мығым екені байқалады. Бұл ретте жауапты сала өкілдеріне артылар жауапкершілік жүгі де ауыр.

 **Сара ӘБДОЛ**

Апта басында Орталық сайлау комиссиясының өкілі Михаил Бортник аймағымызға арнайы жұмыс сапарымен келіп, Құрылтай сайлауын дайындау және өткізу мәселелерін пысықтады. Сонымен қатар, өңірдегі бірнеше сайлау учаскесінің әзірлігін бағалады.

Алдымен Екібастұз қаласындағы №524, №535 және №539 сайлау учаскелерінде болды. Мұндағы комиссия мүшелері есту қабілеті бұзылған сайлаушылармен қарым-қатынас жасау үшін ымдау тілінің негізгі белгілерін меңгергендерін көрсетті. Комиссия мүшелері үйренген ымдау тілінің дағдылары арқылы сайлаушымен амандасу, оның құжатын тексеру, сайлаушылар тізімінен сайлаушыны



Суреттерді түсірген - Есенжол Исабек.



табу, дауыс беруге арналған кабинаға өтуін ұсыну және басқа да әрекеттерді жүзеге асыра алады.

Павлодар қаласындағы №34 және №55 сайлау учаскелерінде Михаил Бортникке сайлаушыларға атаулы шақыруларды табыстау жұмысының барысы туралы баяндалды. Бұл ретте комиссия мүшелері деректерді жинау және жүйелеу процесін жеңілдететін цифрлық құралдарды пайдаланып жатқанына мән берілді. Учаскелік комиссияның хатшысы нақты уақыт режимінде қанша пәтердің араланғанын, қанша шақырудың табысталғанын және қай сайлаушыларға қайта бару қажет екенін көре алады.

Сондай-ақ, Михаил Бортник жұмыс сапары аясында учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары мен хатшыларына арналған практикалық семинарға қатысты. Семинар «Қазақстан Республикасының Құрылтайының депутаттарын сайлауда учаскелік сайлау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру тәжірибесі» тақырыбына арналды. Семинарға 120 учаскелік комиссия мүшесі қатысты. Олар интерактивті тапсырмалар мен практикалық кейстер форматында сайлау заңнамасы бойынша білімін бекітіп, сайлау учаскесін жаратқандыру, сайлаушылармен және сайлау процесіне қатысушылармен өзара іс-қимыл жасау мәселелерін пысықтады. Семинар қатысушыларға тәжірибе алмасуға және дауыс беру күні тиімді жұмыс істеуге дайындық деңгейін арттыруға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, мемлекеттік органдардың

басшылары, облыстық, қалалық және аудандық аумақтық сайлау комиссияларының төрағаларының қатысуымен Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау және өткізу мәселелері бойынша жұмыс кеңесін өткізді. Жиында облыстың сайлауға дайындығы қаралды.

- Павлодар, Екібастұз қаласындағы сайлау учаскелерінің дайындығымен танысып, әзірліктің жоғары деңгейде екенін байқадым. Сондай-ақ, мемлекеттік органдардың өкілдерімен кеңес өткізіп, Құрылтай сайлауы күніндегі қоғамдық тәртіп пен азаматтардың дауыс беруіне жағдай жасау мақсатында материалдық-техникалық ұйымдастыру жұмыстарын пысықтадық. Оған қоса, 23 тамызда сайлау учаскелерінде жұмыс істейтін комиссия мүшелеріне арналған оқыту семинарлары ұйымдастырылды. Семинар барысында комиссия мүшелеріне өз міндеттері мен жұмыс тәртібі бойынша қажетті ақпараттар беріліп, барлығы жан-жақты түсіндірілді. Оқу аяқталғаннан кейін мамандар электронды тестілеуден өтеді. Алайда тестілеу нәтижесінің төмен болуы комиссия құрамында жұмыс істеуден автоматты түрде шеттетілуге негіз болмайды, - деді М.Бортник.

Жалпы, Павлодар облысы бойынша сайлауға қатысуға құқығы бар 503 051 азамат тіркелген. Сайлаушылар тізімдерін өзектендіру жұмысы жүргізіліп, 7 тамыздан бастап тұрғындарға өз учаскесіндегі тізімдермен танысу мүмкіндігі берілді. Облыста барлығы 522 сайлау учаскесі жұмыс істейді. Олардың барлығы қажетті материалдық-

техникалық құралдармен, жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген. Одан бөлек, азаматтарға қажетті ақпаратты жедел ұсыну үшін 226 онлайн сервис және азаматтарды тіркеу бойынша 6 сервис дайындалған.

Павлодар облысында мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын тең дәрежеде жүзеге асыруына да жан-жақты жайлы жағдай бар. Өңірдегі 522 сайлау учаскесінің барлығында кедергісіз орта қалыптастыру шаралары қарастырылған. Жиында мүмкіндігі шектеулі азаматтардың дауыс беруіне жағдай жасау жұмыстары атап өтілді. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Самал Қадырова бұл мәселеге тоқталды.

- 2026 жылғы 3 тамыздағы мәлімет бойынша, облыста мүгедектігі бар 30 160 азамат тұрады. Оның 25 900-і - көмелетке толғандар. Шамамен 3 300 сайлаушыға дауыс беруге арнайы жағдай қажет. Оның ішінде 1 089 азамат кресло-арбаны пайдаланады. Сондықтан сайлау учаскелерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге ерекше мән беріліп отыр. Сайлау учаскелерінде арнайы ақпараттық материалдар орналастырылып, есту қабілеті нашар азаматтарға да қажетті жағдайлар жасалған. І топтағы мүгедектігі бар азаматтарға жеке көмекшілердің көмегі көрсетіледі, - деді Самал Қадырова.

Айта кету керек, сайлауды ұйымдастыру жұмыстары да жоспарға сай жүргізілуде. Павлодар облысында дауыс беру 522 сайлау учаскесінде өтеді, оның 21-і азаматтардың уақытша болатын орындарында орналасқан. Сайлау процесіне 1 облыстық, 12 аумақтық және 522 учаскелік комиссиядан тұратын 536 сайлау комиссиясы қатысады. Олардың құрамында 3 446 адам бар. Комиссия мүшелерінің басым бөлігінің сайлау өткізу тәжірибесі қалыптасқан. Қазіргі таңда сайлау комиссияларының құрамы толық жасақталған. Олардың орналасқан жері мен сайлау учаскелерінің шекаралары бұған дейін бұқаралық ақпарат құралдарында және аумақтық комиссиялардың интернет-ресурстарында жарияланған.

Сонымен қатар, Құрылтай сайлауы қауіпсіз әрі жайлы өтуі үшін құқық қорғау қызметкерлеріне қоғамдық тәртіпті қадағалау тапсырылды. 20 шілдеден бастап облыстық полиция департаментінің жеке құрамы күшейтілген жұмыс режиміне көшірілді.



БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Ел болашағы үшін орны айрықша сайлауға қатысып, таңдау жасау маңызды. Себебі сіз бен біз елімізде алғаш рет құрылтай Құрылтай депутаттарын анықтаймыз. Бірақ саяси науқан өтетін 23 тамыз күні түрлі себепке байланысты кей адамдар өзі тіркелген сайлау учаскесіне бара алмауы мүмкін. Сондай жағдайда қайтпек керек?

Куәлікті қалай алуға болады?

Орталық сайлау комиссиясы Құрылтай депутаттарын таңдайтын шақта басқа елді мекенде болатын дауыс берушілерге есептен шығару куәлігін алуға кеңес береді. Яғни, егер дауыс беру күні басқа қалада, облыста немесе елде болып, тұрақты тіркелген жеріңіз бойынша дауыс бере алмайтын болсаңыз, қазір есептен шығару куәлігін алуға құқығыңыз бар. Осылайша, 23 тамызда болатын жеріңіздегі учаскеге барып, дауыс бере аласыз.



ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

Қазақстан Республикасының азаматтары тұрғылықты жері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізіледі

Сайлаушы өзінің болатын орнын ауыстырса

жазбаша өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН
ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІН АЛА АЛАДЫ

Есептен шығару куәлігі дауыс беру күніне

15 күн
қалғанда

немесе

2026 жылғы 7 тамыздан бастап беріледі

Сайлаушылар тізіміне тиісті белгі қойылады

Сайлаушы сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде

- есептен шығару куәлігін
- жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады

Учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушылар тізіміне енгізеді және дауыс беруге арналған бюллетень береді

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша өкіл арқылы да алуға болады. Сенімхатты нотариаттық куәландыру талап етілмейді

Есептен шығару куәлігі бір елді мекен шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқаны келетін сайлаушыларға берілмейді

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда

- Қалпына келтірілмейді
- Телнұсқасы берілмейді

Есептен шығару куәліктерін беру

22 тамызда
сағат 18.00-де тоқтатылады

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы www.election.gov.kz

- Сайлаушының есептен шығару куәлігін алуға құқығы бар. Ол үшін жазбаша өтініш беріп, жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну жеткілікті. Есептен шығару куәлігі 7 тамыздан бастап 22 тамыз күні сағат 18:00-ге дейін беріледі. Есептен шығару куәлігін жеке өзіңіз, сондай-ақ сенімхат бойынша өкіл арқылы алуға болады. Сенімхатты нотариалдық куәландыру талап етілмейді. Сайлаушы болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде есептен шығару куәлігін және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады, - деп түсіндірді Орталық сайлау комиссиясы өкілдері.

Бұл ретте учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушыны сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді. Бірақ есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда қалпына келтірілмейтінін және оның телнұсқасы берілмейтінін ескеру керек. Сондықтан бұл құжатқа мұқият қараған жөн.

Ал кей адамдар тіркелген сайлау учаскесінде емес, өзі тұратын ауыл не қала ішіндегі жұмысына жақын немесе басқа кез келген учаскеде дауыс беруді қалап жатады. Алайда бұлай болмайды. Бір елді мекен ішінде басқа сайлау учаскесінде дауыс бергісі келетін сайлаушыларға дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәлігі берілмейді. Демек, тіркелген мекенжайы бойынша белгіленген сайлау учаскесіне барып, бюллетень алуы керек.

Өзірлеген -
Қ.ТІЛЕКТЕСҚЫЗЫ.



ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

Сайлау учаскесі дайын ба?

« Басы 1-бетте

Гүлжайна ТҮГЕЛБАЙ

№7 жалпы орта білім беру мектебінде орналасқан №55 сайлау учаскесінің төрағасы Еркін Макешовтің мәлімдеуінше, қазіргі таңда сайлау учаскесі саяси науқанға сақадай сай.

- 3 тамыз күні қолымызға сайлаушылар тізімі табысталды. Содан бері сайлау комиссиясының мүшелері сайлаушылар тізімімен жұмыс істеуде. 7 тамыздан бастап үй-үйді аралап, тұрғындарға хабарландыру таратып жатырмыз. Біздің учаскеге 15 көпқабатты және 17 жеке үй қарайды. Мамандарымыз осы мекенжайларды кем дегенде үш-төрт рет аралайды. Себебі, кейбір азаматтар үйде болмай қалады, кейбірі жол жүріп кетеді. Соның бәрін ескеріп, әрқайсысының қолына шақырту қағазын ұстатуға күш саламыз, - дейді Еркін Шаймерденұлы.

Шақырту билеттерін тарату жұмыстары бүгін аяқталмақ. Сайлау учаске-сінде бүгінде дауыс беретін 4 кабина орнатылды. Оның бірі мүмкіндігі шектеулі азаматтардың дауыс беруіне лайықталған.

- Жалпы, учаскеде мүгедектігі бар азаматтардың таңдау жасауына барлық мүмкіндік бар. Яғни, арнайы бұрыш әзірленген. Онда компьютер және құлаққап, брайль шрифті қарастырылған. Арбамен жүретін адамдардың еркін кіріп-шығуына пандус қарастырылған. Есту, көру қабілеттері нашар жандардың да сайлауға қатысуына өш кедергі жоқ. Құлағы естімейтін азаматтарға сурдоаудармасы бар бейнежазба әзірленген. Ал көзі көрмейтін тұрғындар аудиожазба арқылы танысып, таңдауын жасайды. Барлық сайлаушыларға ақпараттық стенд орнатылды. Онда партиялардың сайлауалды бағдарламасы ілінген. Комиссия мүшелерінің аты-жөндері, байланыс телефондарына дейін



көрсетілген. Аумақтық сайлау комиссиясының да байланысы жазылып тұр, - дейді учаске төрағасы.



Суреттерді түсірген - Есенжол Исабек.

Комиссия мүшелерінің жұмыс орны да ыңғайлы етіп жабдықталған. Әр партияның сенімді өкілі, байқаушылар отыратын орын да қарастырылған. Сайлау учаскесінің төрағасы бәрі талапқа сай жабдықталғанын атап өтті.

Денсаулығына байланысты сайлау учаскесіне келе алмайтын азаматтардың да конституциялық құқығын пайдалануға, яғни, таңдау жасауына мүмкіндік беріледі. Ол үшін учаскеде екі көшпелі жәшік қарастырылған. Сайлау күні 12.00-ге дейін үйде дауыс беруге өтініш қабылданады. Содан кейін комиссия мүшелері арнайы барып, олардың үйден дауыс беруіне жағдай жасайды. Бір қуантарлығы, аталмыш сайлау учаскесінің сайлаушылар тізімінде 80 жастан асқан тұрғындар аз емес көрінеді. Одан бөлек, 35 жасқа дейінгі жастар үлесі де басым. Нақтысы, 500-ден астам жас азамат тізімде. Сондықтан учаске төрағасы жастар жағы болашақтары үшін таңдау жасауға толық келеді деген үмітте. Биыл мұнда 12 азамат көмелет жасына толып, алғаш рет дауыс беру құқығына ие болмақ.

Учаске жұмысына 9 адам тартылған. Яғни, учаске төрағасы, орынбасары, хатшысы және комиссия мүшелері бар. Олардың барлығы арнайы оқытудан өткен. Түрлі тренинг, семинар арқылы саяси науқандағы әрбір әрекет маңызы түсіндірілген. Оқытудан кейін тест тапсырып, материалды меңгергендерін дәлелдейді.

Естеріңізге сала кетейік, ҚР Құрылтай депутаттарының сайлауын дайындау және өткізуге Павлодар облысында 536 сайлау комиссиясы жұмылдырылған. Оның ішінде 1 облыстық, 13 аумақтық және 522 учаскелік комиссия жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру тәртібі

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді. Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бөріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетеньді сайлаушы дауыс беруге арналған жөшікке салады.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.

Учаскеңізді қалай білуге болады?

Он күннен кейін елімізде Құрылтай депутаттарын сайлау өтеді. Таңдау жасауға құқылы тұрғындар қазірден бастап қай учаскеде тіркеуде екенін біліп, қамдана берсе болады.

ҚР Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, азаматтардың қай учаскеде тіркеуде екенін білудің бірнеше тәсілі бар. Алғашқысы - www.gov.kz/sailau, sailau.gov.kz және sailau2026.gov.kz онлайн сервистері. Аталған сервистер арқылы жеке сәйкестендіру нөмірін енгізіп, қай учаскенің сайлаушылар тізімінде екенін анықтау мүмкіндігі қарастырылған.

Сонымен қатар, тұрғындар өзінің тұрғылықты елді мекеніндегі өкімдіктің Call-орталықтарына хабарласу арқылы да учаскесін біле алады. Осы ретте, Call-орталықтардың нөмірлері өкімдіктердің интернет-ресурстарында қолжетімді. Учаскеңізді анықтаудың тағы бір жолы сіздің үйіңізге жеткізілген жеке шақыртуда бар. Яғни, шақыртудағы QR-кодты пайдаланып, анықтауға болады.

Құрметті Павлодар
облысының тұрғындары!

2026 жылғы 23 тамызда
Қазақстан Республикасы Құрылтайының
депутаттарын сайлау өтеді.

Павлодар облысының тұрғындары үшін қалалар мен аудандарда Call-центр құрылды
(дүйсенбі-жұма – сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін (үзіліс 13.00-14.30);
сенбі, жексенбі – сағат 09.00 – ден 13.00 – ге дейін).

Павлодар қаласы	- 8 (7182) 32-00-36	WhatsApp 8-777-252-47-44.
Екібастұз қаласы	- 8 (7187) 34-08-67	WhatsApp 8-705-633-65-79.
Ақсу қаласы	- 8 (71837) 6-47-67	WhatsApp 8-775-159-49-23.
Ақтоғай ауданы	- 8 (71841) 2-16-65	WhatsApp 8-777-332-65-76.
Баянауыл ауданы	- 8(71840) 9-15-38	WhatsApp 8-747-264-40-70.
Железин ауданы	- (871831) 2-23-43	WhatsApp8-777-393-55-97.
Ертіс ауданы	- 8 (71832) 2-13-63	WhatsApp8-708-370-74-90.
Май ауданы	- 8(71838)9-11-93	WhatsApp 8-708 939 7405.
Павлодар ауданы	- 8 (7182) 32-73-41	WhatsApp 8-705-191-42-12.
Аққулы ауданы	- 8 (71839) 2-10-28	WhatsApp 8-775 159 9273.
Тереңкөл ауданы	- 8 (71833) 2-25-17	WhatsApp 8-778-179-52-64.
Успен ауданы	- 8 (71834) 9-20-99	WhatsApp 8-708-591-91-69.
Шарбақты ауданы	- 8 (71836)2-19-91	WhatsApp 8-771-207-27-95.

Барша Павлодар облысының тұрғындарын
белсенді азаматтық ұстаным білдіруге және
Қазақстан Республикасы Құрылтайының
депутаттарын сайлауға қатысуға шақырамыз!

Павлодар облыстық аумақтық сайлау комиссиясы Call-орталықтар аймақтың барлық қалалары мен аудандарында құрылғанын атап өтті. Олардың телефондары өкімдіктердің сайттарында жарияланды, аумақтық сайлау комиссияларының әлеуметтік желілерінің беттерінде орналастырылды. Сондай-ақ, өз учаскесін сайлаушы «Сайлау учаскесін іздеу сервисі» Telegram-ботына ЖСН теру арқылы білуге болады. Сонымен қатар, 109 нөміріне хабарласып, жеке сәйкестендіру нөміріңізді айтсаңыз, қай учаскеге қарасты екеніңізді анықтап береді. Төмендегі кестеде облыстағы Call-орталықтардың нөмірлері көрсетілген.

Әзірлеген - Г.МАҒЖАН.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ



ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ

Қанша ақау анықталды?

Облыс орталығында алдағы жылу беру маусымына әзірлік жұмыстары қызу жүргізілуде. Жақында Павлодар қаласының әкімі Хасар Хабылбеков жөндеу жүргізіліп жатқан аумақтарға арнайы барып, жұмыс барысын бақылап қайтты.

Шаһар басшысы жылу желілеріндегі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарының барысын тексерді. Қазіргі уақытта гидравликалық сынақтар жүргізіліп, жылу желілерін жаңарту және жөндеу жұмыстары атқарылуда. Бұл ретте Солтүстік желілік ауданда гидравликалық сынақтар аяқталды. Нәтижесінде 57 ақау анықталды. Оның 11-і магистральдік желілерге тиесілі. Қазір ақауды жою жұмыстары жүргізіліп, үйлерге ыстық су кезең-кезеңімен берілуде.

Ал Оңтүстік ауданда сынақ

жұмыстары кеше аяқталды. Тұрғын үйлерді ыстық суға қосу кестесі жақын күндері қала әкімдігінің ресми аккаунттарында жарияланады. Қазір орамшілік жылу желілерінің 19,9 шақырымы қайта жаңғыртылуда. Сондай-ақ, жалпы ұзындығы 2,5 шақырым болатын 14 учаскеде жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Хасар Хабылбеков жауапты мамандарға аталған жұмыстарды тамыз айының соңына дейін толық аяқтауды тапсырды.

А.АСҚАРҚЫЗЫ.



ЗАМАНАУИ ТЕХНИКА

Құтқарушыларда - жаңа катер

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің техникалық базасы жаңа көлікпен толықты. Бұл ретте мамандарға заманауи құтқару катері берілді. Техника іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізуге, су айдындарын патрульдеуге, оқиғаларға жедел ден қоюға және құтқару бекеттерін орналастыруға мүмкіндік береді.



Айдана ҚУАНЫШЕВА

Катер қуаты заманауи қозғалтқышпен жабдықталған және сағатына 50-55 шақырымға дейін жылдамдықпен жүре алады. Жоғары маневрлік мүмкіндігі мен жылдамдығы құтқарушыларға оқиға



орнына қысқа мерзімде жетіп, қажетті көмек көрсетуге жол ашады.

Катерде жылыту жүйесімен



жабдықталған жылыту кабинасы бар. Бұл техниканы күздің соңына дейін пайдалануға, қажет болған жағдайда судан құтқарылған адамдардың жылынуына мүмкіндік береді. Құтқару көлігі 10 адамға дейін тасымалдауға қауқарлы. Бұл құтқарушыларды оқиға орнына жеткізіп қана қоймай, зардап шеккендерді де қауіпсіз жерге эвакуациялауға бағытталған.

Жаңа техниканың келуі облыстық төтенше жағдайлар департаментінің құтқару бөлімшелерінің мүмкіндіктерін кеңейтіп, су айдындарындағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігін арттырады. Заманауи катер түрлі ауа райы жағдайларында құтқару және профилактикалық іс-шараларды жүргізуге, судағы төтенше жағдайларға жедел ден қоюға жол ашады.

Жол апатынан зардап шекті

Өткен демалыс күндері облыстық жедел жәрдем қызметі бірнеше жол-көлік оқиғасына барып, зардап шеккендерді құтқарды.

Орын алған екі жол-көлік оқиғасының әрқайсысында бес адам зардап шекті. Бірінші апат Павлодардың орталық өнеркәсіптік аймағында орын алды. Екі көліктің соқтығысуы салдарынан 23 жастағы жігітке және 2005, 2007, 2008, 2009 жылы туған төрт бойжеткенге медициналық көмек қажет болды. Үш адам жедел түрде Ғ.Сұлтанов атындағы облыстық ауруханаға, екі зардап шегуші облыстық балалар ауруханасына жеткізілді.

Екінші жол апаты Аққулы ауданы Жамбыл ауылының маңында тіркелді. Жол-көлік оқиғасы кезінде 1983 және 1990 жылы туған әйелдер, 1995 жылы туған ер адам және 10 мен 15 жастағы екі ұл балаға медициналық көмек қажет болды. Олардың бәрі Аққулы аудандық ауруханасына жеткізілді.

- Жол апаты кезінде ауыр жарақат алғандар көп. Олардың денсаулығы ұзақмерзімді оңалту қызметін қажет етуі мүмкін. Залалдың ауырлығы көбінесе қарапайым ережелерді сақтамаудан болады. Өкінішке қарай, жүргізушілер жылдамдықты шамадан тыс асырып, қауіпсіздік белдігін тақпайды. Біз барлық жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді жылдамдық режимін сақтауға және барынша мұқият болуға шақырамыз. Жолдағы бір секундтық асығыстық өзіңіздің және айналаңыздағылардың денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіруі мүмкін екенін ұмытпаңыздар, - дейді Павлодар облыстық



жедел медициналық көмек станциясы басшысының орынбасары Ирина Мищенко.

Бұдан бөлек, жедел жәрдем қызметі самокаттан құлаған екі адамға көмек көрсетті. Оқиғаның бірі Лермонтов көшесінде тіркелді. 1992 жылы туған ер адам тізе және иық буындарын жарақаттап, №1 Павлодар қалалық ауруханасына жеткізілді. «Зеленая роща» базасының маңында самокаттан құлаған 1968 жылы туған ер адам да ауруханаға жеткізілді. Ол маңдай және иық буынын жарақаттаған.

Өткен демалыс күндері облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мамандары 9 адамға көмек көрсеткен. Мәселен, 8 тамыз күні сағат 16.00 шамасында «112» операторының пультіне Ертіс өзені бойындағы жағажайда әйел адамның жағдайы нашарлағаны туралы хабарлама келіп түсті. Құтқарушылар 54 жастағы қала тұрғынына алғашқы медициналық көмек көрсетіп, оны катермен құтқару станциясына жеткізді және жедел жәрдем қызметкерлеріне тапсырды. Ал 9 тамызда Екібастұз қаласында бала байқаусызда анасын көпқабатты үйдің бесінші қабатындағы балконға қамап қойған. Құтқарушылар учаскелік инспектор мен баланың әкесінің қатысуымен альпинистік құрал-жабдықтарды пайдаланып, балкон есігін ашты. Әйел мен балаға медициналық көмек қажет болған жоқ. Сол күні құтқарушылар пәтер есігін ашпай, қоңырауларға жауап бермеген 80 жастағы зейнеткерге де көмектесті. Тағы да сатының көмегімен олар екінші қабаттағы пәтерге терезе арқылы кірді. Еденде жатқан ер адам жедел жәрдем бригадасына тапсырылды.

Осылайша, жедел жәрдем қызметі мен құтқарушылар өңір тұрғындарына қажетті көмекті көрсетуде.

Өз тілшіміз.

ДАМУ

Өсім қарқыны жоғары

Облыста осы жылдың бірінші жартыжылдығында әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны сақталып, негізгі көрсеткіштердің басым бөлігінде оң динамика қалыптасты. Мәселен, өнеркәсіп өндірісінің артуы, инвестициялық белсенділіктің күшеюі, агроөнеркәсіптік кешеннің ілгерілеуі мен сауда көлемінің өсуі аймақ экономикасының тұрақты дамуына серпін беріп отыр.

 **Айдана БОРАНБАЕВА**

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Дамир Төлеубаевтың айтуынша, негізгі көрсеткіштер өнеркәсіп, инвестиция, ауыл шаруашылығы және сауда салаларында байқалады. Қаңтар-маусым айларында облыстың жалпы өңірлік өнімі 1,4 трлн теңгені құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,9 пайызға жоғары. Жан басына шаққандағы көрсеткіш 1 931,5 мың теңгеге жетті.

- Өңір экономикасының өзегін құрайтын өнеркәсіп саласында да айтарлықтай нәтижелер бар. 6 айдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібіндегі физикалық көлем индексі 108,8 пайызды құрады. Өндіріс



Суреттерді түсірген - Есенжол Исабек.



көлемінің жоғары өсімі фармацевтикалық өнімдер, өзге де бейметалл минералдық өнімдер, дайын металл бұйымдары, сондай-ақ кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру салаларында тіркелді. Бұған қоса, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, химия және тамақ өнеркәсібінде де өндіріс көлемі артты. Ауыл шаруашылығында да өсім байқалады. Бірінші жартыжылдықта агроөнеркәсіптік кешендегі жалпы өнім көлемі 4,6 пайызға артты. Егіс алқаптарының көлемі 70 мың гектарға ұлғайтылды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласына 99,3 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл

өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,4 есе жоғары, - деді Д.Төлеубаев.

Инвестициялық белсенділік те аймақ экономикасының негізгі драйверлерінің біріне айналып отыр. Жарты жылдың ішінде өңір экономикасына шамамен 516 млрд теңге инвестиция тартылған. Сондай-ақ, жалпы құны 123,2 млрд теңгеден асатын 3 ірі жоба енгізілген. Олардың бірқатары өңдеу секторын дамытуға бағытталған.

- Өңірде әлеуметтік бағыттағы жұмыстар да назардан тыс қалған жоқ. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында биыл Павлодар, Екібастұз

және Ақсу қалаларында жалпы алаңы 49,4 мың шаршы метр болатын 7 тұрғын үй салу жоспарланған. Жаңа үйлерде 573 пәтер болады. Әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға баспана беру үшін 3 млрд теңге қарастырылған. Осы қаражатқа 217 пәтер сатып алу көзделіп отыр. Оның 124-і Павлодарда, 93-і Екібастұзда орналасады. Бұдан бөлек, облигациялық қарыздар есебінен 9,8 млрд теңгеге тағы 483 пәтер сатып алу жоспарланған. Тұрғын үйлер Павлодар, Екібастұз, Ақсу қалалары мен облыстың бірқатар ауданында бөлінеді, - деді басқарма басшысының міндетін атқарушы.

Ішкі сауда саласында да оң серпін бар. Есепті кезеңде сауда көлемі 25,3 пайызға өскен. Бөлшек сауда айналымы 3,1 пайызға, ал көтерме сауда айналымы 40,5 пайызға артқан. Көлік және қоймалау секторындағы физикалық көлем индексі 106,5 пайызды құрады. Теміржол көлігімен жолаушылар тасымалы 8,6 пайызға, су көлігімен тасымал 38,7 пайызға өсті.

Жылдың алғашқы 6 айының қорытындысы осылайша өңір экономикасының тұрақты өсім жолында екенін көрсетті. Өнеркәсіп пен инвестицияның артуы, ауыл шаруашылығының дамуы, сауда айналымының өсуі және тұрғын үй құрылысының жалғасуы облыстың экономикалық әлеуетін нығайта түсуде. Ал бұл көрсеткіштер жыл соңына дейінгі міндеттерді жүзеге асыруға берік негіз қалыптастырады.

КӨПШІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ

Дәл осы сұрақ көпшілікті толғандыруда. Тұрғындар тарапынан азаматтардың денсаулық жағдайына байланысты берілетін мүгедектік мерзіміне қатысты дау туындап отырған жайы бар. Олардың айтуынша, елімізде науқастардың кейбіріне біржылға, екіншісіне бесжылға, ал жекелеген жағдайларда қайта куәландыру мерзімінсіз мүгедектік рәсімделуде. Неге? Бұл мәселенің мән-жайын жауапты министрлік өкілдері түсіндіріп берді.

Мүгедектік мерзімі қалай белгіленеді?



ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпаратына сүйенсек, мүгедектікті белгілеу мерзімі диагноздың өзіне емес, организм функцияларының бұзылуын және мүгедектігі бар адамның қабілеттерін қалпына келтірудің нақты мүмкіндіктерінің болжамына байланысты айқындалатын көрінеді.

- Егер аурудың, жаракат салдарының немесе денсаулық жағдайының нәтижесінде организм функцияларының бұзылу дәрежесі емдеу және оңалту жүргізу кезінде өзгеруі мүмкін болса, мүгедектік белгілі бір мерзімге белгіленеді. Бұл адамның жағдайын қайта бағалауға және оның функционалдық мүмкіндіктерінде өзгерістердің болған-болмағанын айқындауға мүмкіндік береді. Қайта куәландыру кезінде мамандар денсаулық жағдайының динамикасын, жүргізілген емдеу мен оңалту шараларының нәтижесін, сондай-ақ, тіршілік әрекетінің шектелу дәрежесін ескереді. Осыған байланысты мүгедектік мерзімі қайта белгіленуі мүмкін, - деп түсіндірді мамандар.

Аталған министрлік өкілдерінің айтуынша, мерзімсіз мүгедектік заңнамада көзделген жағдайларда организм функцияларының бұзылуы тұрақты, қайтымсыз және толық көлемде жүргізілген оңалту іс-шаралары тиімсіз болғанда, сондай-ақ оңалту әлеуеті болмаған кезде белгіленеді.

Осылайша, бірдей диагноздың болуы мүгедектіктің мерзімі де бірдей болады дегенді білдірмейді. Әрбір жағдай жеке қаралады. Шешім денсаулық жағдайын, организм функцияларының бұзылу дәрежесін және олардың қалпына келу мүмкіндігін кешенді бағалау негізінде қабылданатын болады.

Өз тілшіміз.

ӘУЕ ҚАТЫНАСЫ

Әуежай қайта ашылады

Өткен жылдың сәуір айында жұмысын уақытша тоқтатқан облыс орталығындағы әуежай қыркүйек айында қайта ашылмақ. Бүгінде облыс орталығынан Астана және Алматы қалаларына билеттер сатылымға шығарылды.

Еске сала кетейік, бұған дейін Павлодар қаласындағы әуежайдың ұшу-қону жолағын қайта жаңарту жұмыстары қолға алынған еді. Былтыр басталған іске мемлекеттік қазынадан 9 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылды. Нәтижесінде бұл жолақтың ені 15 метрге ұзарды. Сөйтіп, халықаралық талаптарға сай келетін болды. Бұл бағыттағы жұмыстар қолға алынбаған жағдайда жергілікті әуежайға тиісті сертификат берілмей, әуе кемелерін ұшыру мен қабылдау мүлде тоқтатылатын еді.

Жергілікті биліктің мәлімдеуінше, бүгінде тиісті жұмыстардың 98 пайызы аяқталды. Енді асфальттің соңғы қабатын төсеу жұмыстары ғана қалды. Содан соң қабылдау комиссиясы жарық сигналды құралдарды тексереді. Жоспар бойынша, әуежайды іске қосу құжаты 25 тамызға дейін берілуі тиіс.

Ал бүгінде Павлодардан Астанаға және Алматы қаласына 1 қыркүйектен бастап жолға шығу үшін билеттер сатылымға қойылды. Бұл ретте бас қалаға жету құны субсидияланады. Яғни, билет

бағасының 55 пайызын мемлекеттің өзі өтейді. Нәтижесінде елордаға апаратын бір билеттің бағасы 15 мың теңге болады.

Сонымен қатар, жергілікті билік алдағы уақытта Шымкент, Ақтау және Ақтөбе қалаларына рейс ашуды жоспарлап отыр. Халықаралық бағыттар да назардан тыс қалған жоқ. Әуежай жұмысы қайта жанданған соң Новосібір - Павлодар - Ташкент және Омбы - Павлодар - Ташкент бағыттарында да әуе кемесі қатынауы мүмкін. Бүгінде ресейлік тарап мұндай



бағытты толығымен қолдап отыр. Ал өзбек елінің тарапымен келіссөздер жүргізілуде.

Қ.ТІЛЕКТЕСҚЫЗЫ.

16 ТАМЫЗ — СПОРТ КҮНІ

Тоғызқұмалақтың тарланы

Өңірімізде аймақ абыройын, ел намысын әлемдік додаларда лайықты қорғап, жоғары жетістіктерге жетіп, олжалы оралып жүрген спортшылар баршылық. Олардың қатарынан тоғызқұмалақшы Жанат Қаймолдинді ерекше атап өтуге болады. Азия мен Әлем чемпионаттарында жүлде алып жүрген спортшы бар білгенімен жастармен бөлісіп, өзі де, шәкірттері де халықаралық жарыстарда алдына жан салмай келеді.



Қайриденовтар, Аңсар Серік бар. Тізе берсек, білікті бапкерден тәлім алып, ұстаз жолын сәтті жалғастыра білген шәкірттері жетерлік.

Осы орайда Жанат Сембайұлы тоғызқұмалақ ойынының ерекшелігіне де тоқталды. Айтуынша, бұл зияткерлік сайыстың адамның ой-қабілетінің қалыптасуына берері көп.

- Тоғызқұмалақ - ұлттық дәстүр мен терең математикалық-логикалық ойлауды біріктіретін стратегиялық ойын. Бұл ретте жүрістерді алдын ала жоспарлап, қарсыластың әрекетін болжай білу маңызды. Сол арқылы ойыншының ойлау қабілеті дамып, есептеу, есте сақтау сынды қасиеттері жетіле түседі. Сондықтан балаларды жастайынан осы спорт түріне берген жақсы.

Құндыз ҚАБЫЛДЕНОВА

Жанат Сембайұлының ұлттық спортты серік еткеніне 30 жылдан астам уақыт өтті. Ақсулық өрен сонау 1995 жылы зияткерлік ойынның қыр-сырымен танысты. Сол жылы жағалау маңында ағасы екеуінің дойбы ойнап отырғанын көрген Арам Петросян балалардың қабілетін байқап, үйірмеге шақырады.

- Арам Саркисұлы кезінде трактор зауытында жұмыс істеп, кейін денсаулық жағдайына байланысты Ақсу қаласына қоныс аударған екен. Армян ұлтының төл спортын ойнап, өзгелерді де соған баулып жүрді. Кейін сыныптастарым Мақсұт Жанат, Мейрам Батыршаевпен бірге шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ үйірмелері өтетін мекемеге барып, Арам Петросяның жетекшілігімен ұлттық спортқа қызығушылығым оянды. Сол уақыттан бері тоғызқұмалақ тақтасын тастаған емеспін, - дейді спортшы.

Тоғызқұмалақ үйірмесіндегі алғашқы қадамдары оны жоғары жетістіктерге жетеледі. 3-сыныпта оқып жүрген кезінде-ақ Ақсу қаласының құрамасы қатарында облыстық жарыста екінші орын еншіледі. 2004 жылы 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында өткен облыстық чемпионатта үшінші орын алып, іріктеу кезеңінен өтіп, Қазақстан Республикасы чемпионатына жолдаманы қоржынына салды. Сол жылы бапкерлер сенімін ақтап, чемпионатта үздік атанды. Келесі жылы да қатарластары арасында оған тең келері болмай, чемпиондық атағын абыроймен қорғап қалды. Ал араға екі жыл салып 18 жасқа дейінгі жастар арасында ел чемпионы болды. 2006 жылы ересектер арасындағы сайыста үздік үштікті қорытындылап, бұл нәтижесі Чехиядағы халықаралық жарысқа қатысуға мүмкіндік берді. Әлемнің мықты спортшылары жиналған сайыста ел намысын қорғаған Жанат Қаймолдин бірінші орынмен оралды. 2013 жылы тоғызқұмалақтың



қиын деп саналатын классикалық түрінен ересектер арасында қарсылас шақ келтірмей, кезекті рет Қазақстан чемпионы атанды. 2014 жылы да елімізде жерлесімізге тең келер спортшы болмады. Осылайша, ел ішіндегі жеңістері әлемдік деңгейдегі биік белестерді бағындыруға да әсер етті. Азия, Әлем чемпионаттарында жүлде сала бастады. Айталық, 2015 жылы Қырғызстанда өткен әлем чемпионатында жеңіске жетсе, келесі жылы Моңғолиядағы чемпионатта күміс жүлде иеленді. 2023, 2025 жылдары да Азия чемпионы атанды. Оған қоса, 2013, 2023 жылдары ұлттық спортшылар арасындағы мәртебелі сый - «Алтын тұғыр» жүлдесін еншіледі. Қысқасы, Жанат Сембайұлының ел ішіндегі, Азия мен Әлем чемпионаттарындағы жеңістері - бір төбе. Бүгінде тоғызқұмалақ бойынша сайыстарға өзі ғана қатысып қоймай, бапкерлікпен айналысып, спортшылардың мықты буынын да тәрбиелеп жүр. Олардың қатарында әлем чемпионатының жүлдегерлері - Аружан Әбдіханова, Анастасия Фоом, Ерасыл Әутәліпов, әлем чемпионы Ринат Керейбаев, жасөспірімдер арасында әлемнің екі дүркін чемпионы Тамерлан Сапар, Азия чемпиондары - Алмас Серіков, Нұрсұлтан Сүлейменов, әлемдік додалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері - Айсұлтан, Арнат

Тоғызқұмалақшылардың бойында сабырлылық, салмақтылық сынды қасиеттер де қалыптасады, - дейді бапкер.

Жанат Қаймолдин елімізде төл спортты дамытуға жан-жақты қолдау барын ерекше атап өтті. Мәселен, тоғызқұмалақ ұлттық спорт ретінде басым бағыттар қатарына енді. Қазақстан, Азия, әлем чемпионаттарында жүлде алған ойыншыларға мемлекет тарапынан тұрақты түрде төленетін қомақты стипендия қарастырылған. Мұның барлығы спортты ілгерілетуге, жеткіншектердің қызығушылығын арттыруға оң ықпал етері сөзсіз.

Сонымен қатар, Көшпенділер ойыны төл ойынымызды төрткіл дүниеде таныта түсті. Осы орайда атап өтерлігі, Көшпенділер ойыны алғаш рет 2012 жылы Қырғызстанда ұйымдастырылған тұста Жанат Қаймолдин байрақты бәсекеге қатысып, ел құрамасының сапында екінші орын алды. Осылайша, алғашқылардың бірі болып ел қоржынына жүлде салған еді. Ал биыл бапкер жолын шәкірттері жалғастырмақ. Қырғызстанның Ыстықкөлінде өтетін Көшпенділер ойынына Ерасыл Әутәліпов тоғызқұмалақтан, Ернұр Мерешев пен Ардақ Қанапашев біздің төл ойынға ұқсас овари бойынша бақ сынады. Бұл жолы да жерлестеріміз жеңісті жолды жалғайды деген сенім мол.

18 ТАМЫЗ — ШЕКАРАШЫЛАР КҮНІ

Шекара қызметі - ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі аса жауапты міндеттердің бірі. Шекара шебінде қызмет атқаратын сарбаздан жоғары дене дайындығымен қатар, қырағылық, төзімділік, тәртіп пен жылдам шешім қабылдай білу талап етіледі. Осы салада 20 жылдан астам еңбек етіп келе жатқан білікті мамандардың бірі - шекара қызметінің аға сержанты Ардақ Макин.

Басты қару – қырағылық



Сара ӘБДОЛ

Ардақ Макин - Аққулы ауданы Жаңатаң ауылының тумасы. Оның шекара қызметіне келуіне спортқа деген қызығушылық себеп болған.

- Мектепте оқып жүрген кезден волейбол спортынан түрлі сайыстарға қатыстық. Осылайша, өмірде өзіме не жақын екенін таптым. Кейін Павлодар көлік және коммуникациялар колледжінде заңгер мамандығы бойынша білім

кезінде адамның құжатына ғана емес, өзін ұстауына, жауаптарына да назар аудару керек. Бір қарағанда маңызсыз, кішігірім жағдайға көңіл бөлу арқылы заң бұзушылықтың алдын алуға болады, - дейді шекарашы.

Шекарашының қызметі оңай емес. Құқық бұзушыны ұстау кезінде жылдамдық, төзімділік пен күш қолдану қажет болуы мүмкін. Сондықтан әскери қызметшінің дене дайындығы үнемі жоғары деңгейде болуы маңызды. Сондай-ақ, шекара қызметіне келетін адам психологиялық тұрғыдан барлығына әзір болу керек. Тәртіп те өте маңызды. Мұнда артық сөз айтуға, қажетсіз ақпаратты таратуға болмайды. Әр нәрсенің өз тәртібі бар.

Ардақ Макин қызмет жылдарында шекара бекеттерінде жұмыс істеп, тәжірибе жинақтап, бүгінде өз саласының білікті маманына айналды. Еңбегі еленіп, қызмет өтілі мен кәсіби міндеттерін мінсіз атқарғаны үшін түрлі төсбелгі мен медальдарға ие болған. Ол үшін бұл марапаттар - атқарылған қызметтің және жауапкершіліктің белгісі.

Шекарашының жұмысы көп жағдайда көзге көріне бермейді. Бірақ елдің тыныштығы мен мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызметтің салмағы зор. Шекара шебінде тұрған әр сарбаз үшін

“...Шекарашының қызметі оңай емес. Құқық бұзушыны ұстау кезінде жылдамдық, төзімділік пен күш қолдану қажет болуы мүмкін. Сондықтан әскери қызметшінің дене дайындығы үнемі жоғары деңгейде болуы маңызды...”

алдым. Содан соң Ұшарал ауданына әскер қатарына шақырылды.

Әскерден келгеннен кейін Отан алдындағы міндетімді шекара қызметінде жалғастырғанды жөн көрдім. 2006 жылдан бастап осы қызметті атқарып келемін. Бастапқыда Ресейдің Новосібір аймағына жақын маңдағы Қосақ шекара бекетінде қызмет еттім. Кейін Найза, Баянауыл шекара бекеттерінде жұмыс істедім. Қазір департаментте шекара бөлімшесінің ішкі қызметін жалғастырудамын, - деді ол.

Ардақ Ерғазыұлының айтуынша, шекарашы үшін ең маңызды қасиеттердің бірі - қырағылық. Себебі шекарада кейде қарапайым жағдайдың өзі маңызды болуы мүмкін.

- Шекарада қызмет атқарған кезде алдымен мұқият болу керек. Мысалы, басқа адамның құжатымен шекарадан өтуге тырысқан адамды ұстаған жағдай кездескен. Сондықтан тексеру



басты талап - қырағылық.

Ардақ Макин үшін де еңбек жолы - осы ұстанымға адалдықтың дәлелі. Оның айтуынша, шекарада қызмет ететін маман алдымен өз міндетін жақсы біліп, еліне деген жауапкершілікті сезінуі керек. Өйткені шекарашы - мемлекеттік шептегі қауіпсіздікті бірінші болып күзететін маман.



Бұл QR-кодты сканерлеу арқылы тікелей желіні көре аласыздар.

ТІКЕЛЕЙ ЖЕЛІ

Жаз да аяқталып, көпшілік ұл мен қызын мектепте дайындауға кірісті. Қаражаты жеткілікті ата-ана баласының керек-жарағын ертерек түгендегені анық. Бірақ бәрінің ондай мүмкіндігі бола бермейтіні рас. Табысы азық-түлігінен аспайтын немесе отбасына ешбір кіріс кірмейтін отбасыларға тіпті қиын. Осыны ескерген мемлекет жаңа оқу жылына оқушылардың тұтас баруын қамтамасыз етуге қолдау білдіреді. «Мектепке жол» атты акция өткізіліп, мұқтаж отбасылардың балаларын киіндіруге, оқу құралдарымен қамтуға жәрдемдеседі. Одан бөлек, демеушілер жәрдемдеседі. Осы ретте, бұл акцияға кімдер қатыса алады? Аталмыш акциядан бөлек елімізде мұқтаж отбасылардың балаларына көмектің қандай түрлері бар? Жәрдем алу үшін қайда жүгіну керек? Осы және өзге де сұрақтарға «Тікелей желі» шарасы барысында жауап алдық. «Тікелей желі» қонағы – облыстық білім беру басқармасының балалардың құқығын қорғау және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы Жібек Айтмұхамбетова.



Жібек Айтмұхамбетова

Мектепке дайындық: кімдерге көмек беріледі?

Тілші:
- Жібек Оразбайқызы, алдымен, «Мектепке жол» акциясының басты мақсатын атап өтсеңіз.
- «Мектепке жол» - жыл сайын ұйымдастырылатын дәстүрлі акция. 1 тамыздан басталып, 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Акцияның басты мақсаты - әрбір оқушы 1 қыркүйекте мектепке барып, сабаққа қатысуын қамтамасыз ету. Яғни, ешбір бала мектепке бара алмайтындай жағдайда қалмауы қажет. Барлық құрал-жабдықтармен, киім-кешекпен, мектеп сөмкесімен қамтылуы тиіс. Акция аясында әлеуметтік тұрғыдан мұқтаж отбасыларға демеушілік көмек көрсетіледі. Қай отбасыға қандай заттар қажет екені анықталады. Сол бойынша демеушілердің жәрдемі көрсетіледі.

Тілші:
- Биыл бұл акция аясында облыста қанша баланы қамту жоспарланған? Өткен жылы қанша балаға көмек берілді?
- Жыл сайын, әрине, бала саны өзгеріп отырады. Биыл 3 мыңнан астам баланы қамтимыз деп жоспарлап отырмыз. Қазіргі таңда бұл отбасылардың және сол отбасыларда тәрбиеленіп отырған балалардың тізімі жиналып, әрі әрқайсысына қандай нақты көмек керек екені айқындалды. Акция басталмас бұрын 1 тамызға дейін тізім анықталды. Анықтауға келсек, әрбір білім беру ұйымында қамқоршылық кеңес жұмыс істейді. Әр баланың әлеуметтік паспорты бойынша әр отбасының, әр баланың әлеуметтік жағдайы сарапталды. Сол паспорт мәліметтеріне жүгіне отырып, қандай көмек керектігі анықталады. Одан бөлек, әрбір мұқтаж отбасы тікелей білім беру ұйымына барып, өзінің нақты сұраныстарын, қажеттіліктерін айтады. Әрбір сынып жетекшісі, мектептің әлеуметтік педагогы ақпарат береді, соның негізінде тізім түзіледі. Былтыр да 3 мыңдай оқушыға көмек көрсетілді. Жалпы, жыл сайын 3-4 мың балаға акция аясында жәрдем берілуде.

Тілші:
- Мемлекет, демеушілер көмегін қандай санаттағы отбасылар ала алады? Яғни, негізгі талаптары қандай?
- Жалпы, мектепке дайындық аясында мұқтаж оқушыларға екі бағытпен көмек көрсетіледі. Бірінші бағыт мемлекет тарапынан беріледі. Нақтысы, көмек жалпыға бірдей міндетті білім беру қоры есебінен жасалады. Осы ретте, отбасылардың бес санатына дәл осы қор арқылы көмек беріледі. Біріншісі - әлеуметтік атаулы көмек алатын отбасылар. Екіншісі - әлеуметтік көмек алмайтын, бірақ жан басына шаққандағы



Суретті түсірген - Есенжол Исабек.

кірісі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылар. Үшіншісі - жетім балалар немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған әрі отбасыларда тәрбиеленіп отырған балалар. Төртінші санат - төтенше жағдайлар салдарынан қиындық көрген отбасылар. Бесіншісі - қамқоршылық кеңес бекіткен арнайы тізімдегі отбасылар. Бұл бес санатқа жататын отбасылар мектепке құжат тапсырмайды. Тек өтініш жазады. Сол өтініш негізінде қордан қаржылай көмек көрсетіледі. Қалған ақпараттың бәрі ұлттық бірыңғай білім беру базасында әр оқушының құжаты тіркеулі. Сол құжаттар қалалық, аудандық әлеуметтік қорғау бөлімдерінің деректер базаларымен интеграцияланған. Облыстық білім беру басқармасының, қалалық, аудандық білім беру бөлімдерінің, мектептердің басты көздегені - әрбір оқушыны оқудан қалдырмаудың қамы. Сондықтан әрбір отбасы білім беру ұйымдары тарапынан жеке бақылауда. Одан бөлек, қазіргі таңда 1 тамыздан бастап білім беру бөлімдерінің, мектептердің басшылары әлеуметтік желіде тікелей эфирге шығып, көмек көрсетілетіні туралы ақпарат кеңінен таратты. Оқушылардың саны, отбасы мәртебелері белгілі болғаннан кейін мектеп ұйымдары көмек туралы білмей қалған ата-аналарға өздері хабарласып, өтініш жазу керектігі туралы мәлімдейді. Сол себепті тиісті көмек алуы керек отбасылар назардан тыс қалмайды.

Биыл жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен әрбір отбасыға 62 534 теңге бөлініп отыр. Осы мақсатқа облыс бюджетінен 652 млн теңгеден астам қаржы бөлінген. Бұл қаражат 10 мың 400 отбасыға жұмсалады деп жоспарланған. Айта кетерлігі, бұл көмек мемлекет тарапынан міндетті түрде бақылауда ұсталынады. Аталмыш көмек берілген отбасы қаржы қолына тиген күннен бастап 10 күн ішінде мектеп ұйымына балаларына қажет заттарды сатып алғанын растайтын түбіртектерді тапсырады. Қордан

көмекті қаржылай үлестірудің өзіндік себебі бар. Яғни, әр отбасының қажеттілігі, сұранысы, таңдауы, талғамы әртүрлі. Мәселен, белгілі бір сауда үйіне сертификат берсек, мүмкін ол отбасы сол сомаға өзге жерден арзан бағаға көбірек зат сатып алғанды қалайды. Сондықтан елімізде осы таңдау құқығынан айырмау үшін ақшалай беру ұйғарылған.

Тілші:
- Жалпыға міндетті білім беру қорынан бөлек қолдауға зәру отбасылардың балаларына тағы да қандай көмек қарастырылған? Бұл қордан бөлінген ақша тұтас отбасының бірнеше баласын оқуға дайындауға жеткілісіз екені түсінікті. Ақшалай жәрдем алғандар демеушілер көмегіне де жүгіне ала ма?
- Аталған жалпыға міндетті білім беру қорынан берілетін көмек - мемлекеттік қолдау. Одан басқа, демеушілік көмек бар. Мұндай көмекті кез келген кәсіпкер азамат көрсете алады. Яғни, олар «Мектепке жол» акциясына атсалыса алады. Негізі, әрбір мектепте «Мектепке жол» акциясына арнайы бұрыш ұйымдастырылған. Кез келген тұрғын 10 дәптер болсын, қарындаш болсын, шамасы жететін жәрдемін көрсетіп, қалдыруына болады. Мектеп соның бәрін жинақтап, мұқтаж отбасыларға үлестіреді.

Бір отбасында 5-6 оқушы болса, оларға, әрине, қордан бөлінген қаражат жеткілісіз. Сондықтан әр отбасы бала санына, жағдайына байланысты жеке қаралады. Соған қарай демеушілердің де көмегін беру мүмкіндігі қарастырылады. Түптеп келгенде, қордан бөлінетін қаржы және демеушілер есебінен мектепке дайындау барысында жалпы 15 мыңға жуық оқушыны мемлекеттік және демеушілік көмекпен қамту жоспарланып отыр.

Тілші:
- Демеушілер тарапынан қандай көмек берілуде?
- Демеушілер ақшалай, кейбірі заттай қолдау білдіреді. Кейбір мекемелер 100 дана мектеп сөмкесін тарту етіп жатады. Оларды тізім бойынша үлестіреді. Демеушілердің ақшалай жәрдеміне қамқоршылық кеңес, мектеп әкімшілігі мүшелері отбасылардан сұрастыру арқылы анықталған киім-кешек, заттарды алып береді.

Тілші:
- Ал көмек көрсеткісі келген азаматтар қайда баруы керек?
- Көмектің үлкен-кішісі жоқ. Әркім өз шамасына қарай жәрдем беруіне әбден болады. Көмек көрсеткісі келген азаматтар өзінің тұрғылықты мекеніне жақын мектеп ұйымдарына тікелей баруына болады. Сонымен қатар, өзі тұратын қала-аудандағы білім беру бөлімдеріне де барып, көмегін қалдыруға жол ашық. Облыстық білім беру басқармасына 32-41-05 телефоны арқылы хабарласса, барлық ақпаратты, ретін түсіндіреміз.

Гүлнәр:
- 4 балам бар. Өзім декреттік демалыстамын. Күйеуім жұмыс істейді, жалақысы - 300 мың теңге. Азық-түлік, балалардың

қажеттілігіне кетеді. Биыл несиені алып, өзімше табыс табамын деп үміттеніп, бір компанияға инвестиция деп салған едім, алданып қалдым. Енді несиені де уақытылы төлей алмай, шоттарым бұғатталып қалды. Сұрайын дегенім, мен «Мектепке жол» акциясына қатыса аламын ба? Балаларды оқуға дайындау оңай болмай тұр. Қайда, кімге барсам болады?
- Мұндай жағдайдағы отбасылар өз мекенжайы бойынша орналасқан білім беру ұйымына жүгінеді. Мектептің қамқоршылар кеңесі отбасының ахуалын қарастырып, мүмкіндік болса, жәрдем береді. Дегенмен, ескеретін бір жайт бар. Бізде мүлдем табыс кірмейтін отбасылар да бар. Оларда мал болса, жеміс-жидек өсіруіне байланысты атаулы әлеуметтік көмек алмауы мүмкін. Міне, осы отбасылар мұқтаж отбасылар деп саналады. Ал сұрақ қойып тұрған азаматтың отбасында 300 мың теңге көлемінде табыс бар екен. Десе де, кез келген жағдай жеке салыстырмалы түрде қаралады. Мектеп ұйымына жүгініп көргені жөн. Яғни, ол мектепте мұқтаж отбасылар саны көп, ал қолда бар демеушілік көмек көлемі аз болса, әрине, жағдайы төменірек отбасыға басымдық беріледі. Көмекке зәру отбасылардың санына қарай қамқоршылық кеңес көмек беру мүмкіндігін қарастырады. Нақтысы, беріледі немесе берілмейді деп кесіп айта алмаймын.

Ардақ:
- Атаулы әлеуметтік көмек алмаймыз, көпбалалы отбасы емеспіз. Үш баламыз бар. Екеуі мектепке барады. Күйеуімнің жалақысы жетпейді. Ипотекамыз, тұтынушылық несиеміз бар. Өзім декреттемін. «Мектепке жол» акциясына қатысу кезінде табыстан ай сайын төленетін банктік қарызды алып тастай ма?
- Бұл оқырманның сұрағы да жеке қарастырылады. Негізі, табыс көлемін есептеу біздің құзыретімізге жатпайды. Оны өзге мемлекеттік органдар анықтайды. Ал жәрдем беру жағын әрбір мектеп мүмкіндігіне қарай шешеді.

Түйін:

Оқушылардың тұтас мектеп партасында отырып, білім нәрімен сусындауы ел үшін маңызды. Осы жолда тегін біліммен қамтудан бөлек мемлекет әлеуметтік тұрғыдан осал отбасыларды назарға алып отыр. «Мектепке жол» акциясы, жалпыға міндетті білім беру қорынан жасалатын жәрдем – осының дәлелі. «Тікелей желі» шарасы аясында қойылған сұрақтарға қарап, қымбатшылық заманда табысы бар отбасылардың да оқушыларды мектепке дайындауы оңайға соқпай тұрғаны байқалды. Дегенмен, демеушілердің жыл сайын аяқцияға белсене атсалысуы осындай отбасыларға дер кезінде жан-жақты демеу, қолдау болары анық.

БАҚЫЛАУ

Қандай дәрі арзандады?

Шілде айында еліміздегі дәрі-ханаларда бақыланатын дәрілік заттардың төрттен бірінің бағасы арзандады. Бұл ретте 589 дәрілік препараттың бөлшек саудадағы бағасы төмендеді. Мониторинг елдің 20 өңіріндегі 2 555 дәрілік затты қамтыды.



Айдана ҚУАНЫШЕВА

Бақыланған дәрілік заттардың ішінде 1 267 препараттың бағасы өзгеріссіз қалды. Ал 147 препараттың бағасы 20 пайызға төмендесе, тағы 198 препараттың бағасы 10-20 пайызға, 244 дәрінің құны 5-10 пайызға арзандады. Бағасы төмендеген дәрілік заттардың қатарында



инфекциялық ауруларды, жүрек-қан тамырлары және асқазан-ішек жолы ауруларын емдеуде кеңінен қолданылатын препараттар бар.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ақпаратына сүйенсек, «Зитмак» 250 мг № 6 препаратының бағасы 24,25 пайызға, «Цефтриаксон» 1 г – 22,03 пайызға, «Пантап» 20 мг – 20,1 пайызға төмендеді. Сонымен қатар, «Лизиноприл-ЛФ» 20 мг – 14,7 пайызға, «Энап» 5 мг – 13,27 пайызға, «Пулмикорт» 0,25 мл – 11,09 пайызға, «Амоксиклав» 875 мг/125 мг – 6,86 пайызға арзандады.

Дәрілік заттардың нақты құны таңбалау және қадағалау жүйесі арқылы бақыланады. Бұл жүйе дәрілік препараттардың медициналық ұйымдар мен дәріханалардағы қозғалысы мен қолжетімділігін бақылауға, нақты бағаны мемлекет белгілеген шекті бағалармен салыстыруға мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің төрағасы Бауыржан Жүсіповтің айтуынша, цифрлық құралдар фармацевтикалық нарықтағы өзгерістерді жедел анықтап, белгіленген шекті бағалардың асып кету жағдайларына уақытылы ден қоюға жол ашады.

Тұтынушылар үшін қосымша тексеру құралы ретінде «Naqtı Onım» мобильді қосымшасы қолжетімді. Онда препараттың өндірушісі мен дистрибьюторы, сатылатын дәріхана, белгіленген шекті бөлшек сауда бағасы туралы ақпаратты көруге болады. Сонымен қатар, Денсаулық сақтау министрлігі дәрілік заттардың бағасын мемлекеттік реттеу тәсілдерін қайта қарады. Енді негізгі басымдық әлеуметтік маңызы бар және халық арасында сұранысқа ие препараттарға берілген.



Білім жүйесінде өзгерістер жиі орын алады. Оқыту үдерісінде өзінің өміршеңдігін көрсете алмаған тәсілдерді алмастыру, тиімдісіне көшу сынды жаңашылдықтардың енгізілуіне бүгінде көпшілік үйреніп те алды. Әрине, мұның барлығы – білімді ұрпақ қалыптастыру жолында жасалып жатқан қадамдар. Естеріңізде болар, біраз жыл бұрын білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу кезінде оқушыларды бағалаудың жаңа әдісі пайда болды. Яғни, бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсандық жиындық бағалау қолданысқа енген еді. Енді биыл осы бағалау жүйесін ауыстыру көзделіп отыр. Бұл туралы құзырлы министрлік тиісті құжатты қоғам талқысына шығарды. Сонымен, жаңаша бағалау білім жүйесіне не береді? Бағалауды өзгерткен жөн бе? Осы тақырыпты «Алаңда» талқылап көреміз.



Жаңаша бағалауға көшу қаншалықты қажет?

Мәдина ЕСЖАНОВА,
ардагер ұстаз:

- Пікір білдірмес бұрын біздің кезіміздегі тәжірибемен бөлісейін. 5 балмен оқушымыздың білімін бағаладық. Күнделікті сабаққа қатысуы, күнде алған бағасы мен тоқсандық қорытынды бақылау нәтижесімен тиісті бағасын қоятынбыз. Бақылау жұмысы әр пәнге қарай мазмұндама, диктант жазу, практикалық жұмыстар арқылы өткізілді. Содан жаман болды ма?! Білімді де білікті буын өсті. Мақтанышпен айта аламыз.

Заман көшіне қарай деп әр елдің тәжірибесіне сүйеніп, өзгеріс жасай беруге мен қарсымын. Өйткені, бала, мұғалім жаңа бір бағытқа бой үйрете бергенде тағы бір жаңашылдық енгізу шаршатып жібереді. Құлшынысты басады. Біраз жыл бұрын білім жүйесіне енгізілген бөлім бойынша бақылау

және тоқсандық бақылау, меніңше, балаларға жиі көңіл-күйлік күйзеліс әкеледі. Бірнеше тақырыпты өткен сайын бақылау жазу - оқушыға айтарлықтай жүктеме. Бағасы төмен болып қалса, ынтасын жоғалтып алады. Бұрын мұғалімдер тапсырманы біртіндеп қиындата, сатылай отырып оқушыны жетелеп келді. Қазіргі жүйе жиі тексеріспен, бақылаумен мазасын алатындай күй қалдырады. Ұстаздардың, ата-аналардың ұсыныс-тілектерін министрлік назарға алып, өзгертпек. Білімді ұрпақ өсіргіміз келсе, балалардың оқу-сауаттылық, функционалдық білімін жетілдіруге көңіл бөлген жөн деп ойлаймын.



Айнұр САРБАСОВА,
ата-ана:

- БЖБ және ТЖБ деген сөзден бүгінгі балаларға кәдімгідей күйзеліс сияқты сезіледі. Ертең болады деген күні мазасызданып кететіндері бар. Ал білім беру бұлай балаға әсер етпеуі керек деп ойлаймын. Білімге енді аяқ басып, оң-солын танып келе жатқан бастауыш балаларын жиі тексеріп, қинамаған жөн.

Баламыз күнде сабаққа белсенді қатысып жүріп, бір ТЖБ-да қателік жіберсе, бағасы да төмен болып шыға келеді. Бұл - меніңше, әділетсіздік. Қаншама еңбегі зая кетеді. Кейде БЖБ, ТЖБ тапсыратын күні бала ауыруы, өзін жайсыз сезінуі мүмкін. Соның салдарынан дұрыс жауап бере алмай қалуы ықтимал. Осыны ескеру керек. Ана

Анар ИБРАЕВА,
бастауыш сынып мұғалімі:

мағандар қатарынан едім. Қазір министрлік осы бағалауды бастауыш сыныптардан алып тастауды ұсынып отыр. Менің ойымша, орынды қадам. Оның орнына формативті бағалау күшейтілмек. Яғни, бағалау қорытынды нәтижеге емес, күнделікті оқу жетістіктеріне негізделеді. Оқушыларға диктант жазғызу, мазмұндауға көбірек мән беру керек. Өйткені, бүгінде балалардың ойы шорқақ. Ал жаңаша бағалау осы олқылықтарды жойып, сауаттылықты арттырады деп санаймын. Қатесіз жазуға жетелейді. Тілдік деңгейлері, есте сақтау қабілетіне оң әсер етеді деген ойдамын.

ретінде қазіргі техниканың заманында балаларымыздың еркін сөйлеп, қолмен жазуға көбірек уақыт жұмсағанын қалаймыз. Өйткені, қазіргі балалардың ойы өте шолақ. Білуімше, көп жағдайда БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын оқушылар дайын парақтағы сұрақтардың жауабын белгілеп, қысқаша жауап жазып, орындайды. Меніңше, оқушы ойын қағазға кеңінен түсіріп, терең ойлауға дағдылануы тиіс. Кейбір пысық оқушылар сұрақтың жауабын ChatGPT көмегімен көшіріп жаза салады. Мұндайда білім деңгейін ойлаудың өзі қорқынышты. Ал бұрынғы жүйеге ойысудың да оның қаншалықты адам дамуында өміршең екенін көрсетіп отыр.



«Алаңды» үйлестірген - Гүлжайна ТҮГЕЛБАЙ.

ТУРИЗМ

Кіреберісте кідірмейді


Баянауыл ұлттық паркіне кіреберісте, әдетте, көпшілік кідіріп, бекетте арнайы төлем жасайтын. Енді мұнда аялдаудың қажеті жоқ. Себебі, өткізу жүйесі жаңартылды.

Бұл туралы «Баянауыл» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде мәлім болды. Яғни, ұлттық паркке кіргеніңіз үшін төлейтін ақыны алдын ала төлеу мүмкіндігі қарастырылған.

- Автоматтандырылған шлагбаум пайдалануға берілді. Бақылау-өткізу бекеттерінде қолма-қол ақшамен және банк карталарымен төлем қабылданбайды. Төлем тек Kaspi QR және NaLyk QR арқылы қабылданады. Көпшілікке ыңғайлы болуы үшін бақылау-өткізу бекетінде орналастырылған алдын ала QR-код көмегімен алдын ала төлеуді сұраймыз. Төлем 1 тәулікке жарамды, - делінген табиғи парктің ақпаратында.

Kaspi.kz қосымшасы арқылы кіру төлемін алдын ала төлеуге де жағдай жасалыпты. Ол үшін аталмыш қосымшада «Төлемдер» бөліміне кіріп, сол жолдан «Баянауыл ұлттық паркі. Автоға арналған» деп іздейсіз. Сосын автомобильдің нөмірін енгізіп, төлемді растайсыз. Сонымен қатар, ұлттық паркке кіреберістегі бақылау-өткізу бекетінде ілінген QR-кодтар көмегімен тура төлеуге де болады. Содан соң шлагбаум автоматты түрде ашылады.

Г.МАҒЖАН.



Ауыл-аймақ

БАЯНАУЫЛ АУДАНЫ

Жол инфрақұрылымы жақсарады

Баянауыл ауданында жол инфрақұрылымын жақсартып, көлік қатынасын қауіпсіз әрі жайлы ету бағытында ауқымды істер атқарылуда. Бұл ретте елді мекендер арасын жалғайтын жолдар да, ауыл ішіндегі жолдар да жөндеуден өтуде.

Жуырда облыс әкімінің орынбасары Серік Төленбергенов Баянауыл ауданына жұмыс сапары барысында жол жөндеу жұмыстарының барысын байқады. Аудан әкімі Ардақ Кісентаевтың айтуынша, қазіргі таңда бірнеше маңызды жобалар жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Айталық, Қалқаман - Баянауыл - Үміткер - Ботақара бағытындағы республикалық маңыздағы 68 шақырым автожол бойында орташа жөндеу жұмыстары қарқынды түрде жалғасуда. Сонымен қатар, аудандық маңызы бар Қарашат - Жаңа Жайма бағытында орташа жөндеу жұмыстары басталды. Қаратомар ауылына апаратын 25,5 шақырым жолды реттеу бойынша

«Екібастұзтеплоэнергомонтаж» ЖШС тиісті істі қолға алды.

- Бұл ретте ауыл ішіндегі жолдар да назардан тыс қалған жоқ. Мәселен, Шонай ауылында ұзындығы 2,3 шақырым ішкі жолдар жөндеуде. Ал Баянауыл ауылында Сәтбаев, Бектұров, Бекмаханов және Абай көшелерін қамтитын 5 шақырым жол орташа жөндеуден өтуде. Майқайың кентінде 1,6 шақырым жолды күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр, - деді аудан басшысы.

Барлық мердігерге ортақ талап - жұмыстың сапалы жүргізіліп, белгіленген мерзімде атқарылуы.

Қ.ТІЛЕКТЕСҚЫЗЫ.

АҚТОҒАЙ АУДАНЫ

Дайындық пысықталды

Ақтоғай ауданының әкімі Ернұр Әйткенов жұмыс сапарымен ауданның бірқатар елді мекенін аралап, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандарының жай-күйімен танысты.

Сапар барысында аудан басшысы Шолақсор, Балтасап, Қарасу, Жалаулы, Шілікті, Өтес, Өуелбек, Қараоба, Жаңаауыл, Исантерек, Разумовка, Барлыбай, Ақжол, Қарақоға, Басқамыс, Шұға және Жолболды ауылдарында болды.

Ауылдарды аралау кезінде мектептер, балабақшалар, медициналық және ветеринарлық пункттер, ауылдық клубтар, су құбырлары, автомобиль жолдары мен өзге де әлеуметтік маңызы бар нысандардың қазіргі жағдайы зерделенді. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына, қазандықтардың алдағы жылыту маусымына дайындығы, жылу жүйелері мен қажетті құрал-жабдықтардың жай-күйі тексерілді.

Елді мекендерде тұрғындармен кездесулер өткізіліп, олардың ұсыныс-



пікірлері мен өзекті мәселелері тыңдалды. Әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, ауылдардың материалдық-техникалық базасын нығайту бағытындағы мәселелер талқыланды.

А.БОРАНБАЕВА.

ЕРТІС АУДАНЫ

Қараусыз қалдырғанға жаза бар

Аудан полицейлері шаруа қожалықтарын аралап, мал иелеріне төрт түлікті қараусыз қалдырмауды ескертті. Малды жаю қағидасын бұзғандарға жауапкершілік қарастырылатынын еске салды.

Кездесу кезінде республикалық маңыздағы жолдардың маңында төрт түліктің бақылаусыз жүрмеуіне назар аударылды. Полицейлер жол бойында жайылған мал жол апатына әкелетінін айтты.

- Кездесу аясында шаруа қожалық иелеріне қолданыстағы заң талаптары түсіндірілді. Ауыл шаруашылығы жануарларын қараусыз жайғаны үшін көзделетін әкімшілік жауапкершілік

туралы айтылды. Сондай-ақ, мал жаю орындарын тұрақты бақылауда ұстау, қауіпсіз жағдайда бағу және жол бойына жібермеу мәселері қаралды, - деді Ертіс аудандық полиция бөлімінің қызметкері Данияр Сұлбаев.

Тәртіп сақшылары қожалық иелерін малды күтіп-бағу мәселесіне жауапкершілікпен қарауға шақырды.

А.АСҚАРҚЫЗЫ.

АҚҚУЛЫ АУДАНЫ

Мәселелер талқыланды

Аудан әкімі Асқар Ажмұрат елді мекендерді аралап, әлеуметтік нысандардың жай-күйін бақылауды жалғастыруда. Жуырда аудан басшысы жұмыс сапарымен Шақа, Шоқтал, Майқарағай және Мерғалымауылдарына барып, елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен танысты.

Сапар барысында ауылдардағы мектеп, балабақша, медициналық пункт, өрт сөндіру бекеті және орман шаруашылығы нысандарын аралап, олардың қазіргі жай-күйін зерделеді. Сонымен қатар, қысқы жылыту маусымына дайындық барысы, мектептердің жаңа оқу жылына әзірлігі, нысандардың материалдық-техникалық жағдайы назарға алынды. Анықталған мәселелер бойынша жауапты тұлғаларға тапсырма берілді.

Аудан басшысы жұмыс сапары аясында ауыл тұрғындарымен де кездесіп, жұртшылықтың ұсыныстарын тыңдап, мәселелерді талқылады. Сондай-ақ, азаматтарды жеке қабылдап, өтініштеріне құлақ асты. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасатын болады.



А.АСҚАРҚЫЗЫ.

ТЕРЕҢКӨЛ АУДАНЫ

Екі мектепке көрік кірмек

Тереңкөл ауданының орталығындағы қос білім беру ордасы жаңа оқу жылында оқушыларды жаңарған күйде қарсы алады. Екі мектепке күрделі жұмыстар жүргізілуде.

Тереңкөл аудандық білім беру бөлімінің басшысы Жайнат Біләлованың айтуынша, екі мектептегі құрылыс жұмыстары 20 тамызға дейін аяқталады. Бүгінде А.Текенова атындағы №2 мектептегі құрылыс жұмыстарының 85 пайызы іске асырылған. Ал А.Елгин атындағы мектепте жұмыстардың 78 пайызы аяқталыпты.

Естеріңізге сала кетейік, екі мектептің күрделі жөндеу жұмыстарына қазынадан жалпы 822,6 млн теңге бөлінген. Жөндеу барысында мектептердің ішкі әрлеу жұмыстары жүргізіледі. Дәліздегі ағаш

өден кафельге ауыстырылмақ. Қос мектептің де сыртқы қасбетіне заманауи тәсілмен сылақ жүргізіледі. Кіреберісіндегі пандус ауыстырылып, жөнделеді. №2 мектепте терезелер толық ауыстырылса, №1 мектепте ішінара жаңартылады. Қос білім ордасында жылу желілері ауыстырылады. Мектептерде кабинеттер де заманауи үлгіде көрініс табады. Жөндеу жұмыстарына мердігер ұйымдар оқу жылы аяқталысымен кіріскен еді.

Г.МАҒЖАН.

ЖЕЛЕЗИН АУДАНЫ

Қазандық жаңарады

Железин ауданы орталығында орталықтандырылған жылу желісіне қосылған нысандар мен үйлерде өткен қыста жылу параметрлерінің тиісті көрсеткішке сәйкес келмеуі жағдайлары орын алды. Бұл жағдайды оңалту үшін облыс қазынасынан қаржы бөлінді.

Железин аудандық экономиканың нақты секторы бөлімі басшысының міндетін атқарушысы Қанат Рамазановтың айтуынша, облыстық бюджеттен бұл мақсатқа 312 млн теңге қарастырылған. Оған №2 және №4 қазандықтардағы 7 жылу қазанын ауыстыру, жылу желілерін тарту жоспарланған. 7 жылу қазанының үшеуінің қуаты - 2,2 МВт, төртеуінікі 1,6 МВт болады. Сонымен қатар, 2 шақырым жылу құбыры салынады. Қосымша түтін мұржасы, циркуляциялық сорғылар, электр жабдықтар орнатылады. Дәнекерлеу, жөндеу жұмыстары да қарастырылған. Қазіргі таңда барлық


жылу қазандары орнатылып, құбырларды тарту жұмыстары жүргізілуде.

Айта кетейік, бұған дейін облыс әкімінің тапсырмасымен қазандыққа жылыту маусымы аяқталысымен техникалық аудит жүргізілген болатын. Нәтижесінде аталған жұмыстар жүргізілуде. Жуырда нысанның құрылыс барысымен танысқан облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Ержан Иманзайыпов мердігер ұйым 20 тамызға дейін барлық жұмыстарды аяқтап, орнатылған жабдықтарды сынауға көшетінін атап өтті.

Г.ТҮГЕЛБАЙ.



ТАЛБЕСІК



ЕГІС-2026

Май ауданында 2026–2027 жылдардың қысқы кезеңіне мал азығын дайындау жұмыстары қарқынды жалғасуда. Биыл аудан бойынша 62,5 мың шартты мал басын қыстан қысылмай шығару үшін 112,5 мың тонна мал азығын әзірлеу жоспарланған. Яғни, мал басына шаққанда орта есеппен 1,8 тонна азық қорын дайындау қажет.



ҚАМҚОРЛЫҚ

Мейірім мекені - отбасы

Май ауданының Кеңтүбек ауылында тұратын Қабыкен мен Эльмира Ботабаевтардың шаңырағы бүгінде шат күлкіге, мейірімге және балалардың сыңғырлаған дауысына толы. Қыздарын өсіріп, үлкен өмірге қанат қақтырған ерлі-зайыптылар бір сәтте өз бақытымен бөлісуді жөн көреді. Сөйтіп, олар ата-ананың жылуын аңсаған балаларға отбасы сыйлауды өмірлік мұратқа айналдырады.

Әуелде Ботабаевтар 1 қыз баланы асырап алуды жоспарлаған. Алайда Балалар үйіне барған кезде оның 3 туған ағасы бар екенін естиді. Сол сәтте олар бір-біріне үнсіз ғана көз тастап, тағдырлы шешім қабылдайды. 4 бауырды бір-бірінен айырмай, барлығын өз отбасына қабылдайды. Сол күннен бастап бұл шаңырақта төрт баланың тағдыры ғана емес, ерлі-зайыптылардың да өмірі жаңа арнаға бұрылды.

Қабыкен Ботабаев ұзақ жылдан бері спорт жаттықтырушысы болып еңбек етіп келеді. Ол спорт арқылы жас ұрпақтың бойына тәртіпті, жауапкершілікті және табандылықты сіңіріп жүр. Ал Эльмира отбасының берекесін кіргізіп, балалардың алаңсыз өсіп-жетілуіне бар күш-жігерін арнап келеді. Ерлі-зайыптылар үшін үлкен марапат - балалардың шат күлкісі мен «әке», «ана» деп еркелеген үндері.

- Бір күні жұбайым екеуіміз отырып: «Неге осы шаңырақтың жылуын ата-анасының қамқорлығынсыз



қалған балалармен бөліспеске?» деген ойға келдік. Бұл жай ғана шешім емес, жүректен шыққан таңдау болды. Қазақы тәрбиемен «жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған» деген аталы сөзді бойымызға сіңіріп өстік. Сондықтан арнайы дайындықтан өтіп, сертификат алып, балаларды қабылдауға дайындалдық, - дейді Қабыкен Ботабаев.

Көпшілік олардан балалардың жаңа ортаға бейімделуі туралы жиі сұрайды. Бірақ Ботабаевтардың айтуынша, бәрі күткеннен әлдеқайда жеңіл өткен.

- Балалардың ортамызға бейімделуі қиын болған жоқ. Алланың қалауымен балалар бұл үйге бұрыннан тұрып жүргендей тез үйренісіп кетті. Сол кезде адамның өзін үйінде сезіндіретін қабырға емес, отбасының мейірімі мен жылуы екенін терең түсіндік, - дейді олар.

Жазғы демалысты Ботабаевтар отбасы балалармен бірге мәнді өткізуді дәстүрге айналдырған. Биыл олар Баянауылдағы сауықтыру лагерінде демалып қайтқан. Үйге келген соң бау-бақша күтіп, аула абаттандырумен айналысқан. Теледидардан көрген қызықты идеяларды балалармен бірге жүзеге асырып, көкөніс егіп, еңбекке баулиды.

Демалыс күндері жағажайға барып, табиғат аясында серуендейді. Осындай қарапайым сәттердің өзі балалардың жүзіндегі қуанышты көргенде ерекше әсер сыйлайды.

- Біз ешқашан бұл шешімімізге өкінген емеспіз. Керісінше, бір шаңырақ астында жылулықты, қамқорлықты және отбасы сезімін бірге бөлісу - біз үшін зор бақыт. Сондықтан бала асырап алудан қорықпаңыздар. Әрбір бала сүйіспеншілікке толы отбасында өсуге лайық, - дейді ерлі-зайыпты Ботабаевтар.

Еңбек түбі - береке

Шөп шабу науқаны жалпы 70,1 мың гектар алқапта жүргізілуде. Оның 40,3 мың гектары - Ертіс өзенінің жайылмасындағы тоғай шабындықтары болса, 29,8 мың гектары - шабылмалы жайылымдар. Биыл тоғай шабындықтарының өнімділігі жоғары болып, әр гектардан орта есеппен 25 центнерден өнім алынуда. Ал қырдағы шабындықтардың орташа өнімділігі гектарына 3 центнерді құрап отыр.

Бүгінгі күнге дейін аудан бойынша 38 мың гектар жердің шөбі шабылып, 35,6 мың тонна мал азығы дайындалды. Оның ішінде қырдағы 27 мың гектардан 8,1 мың тонна, ал Ертіс бойындағы 11 мың гектар тоғайдан 27,5 мың тонна шөп жиналды. Дайындалған мал азығының 12 мың тоннасы қыстақтарға жеткізілді. Қазіргі таңда шөп дайындау және оны тасымалдау жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес жалғасып жатыр.

Мамандардың айтуынша, аудандағы қысқы мал азығы қорының басым бөлігі дәстүрлі түрде Ертіс өзенінің жайылмасындағы шабындықтарда дайындалады. Бұған қоса, өткен жылдан сақталған 10,5 мың тонна мал азығы да қысқы қордың сенімді негізін құрайды.

Сонымен қатар, Май ауданында көктемгі дала жұмыстары толық



Суреттерді түсірген - Есенжол Исабек

аяқталды. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдары 19 мың 843,5 гектар алқапқа орналастырылды. Оның ішінде дәнді дақылдар 6 359 гектарды, майлы дақылдар 600 гектарды, картоп 698 гектарды, көкөніс 42,5 гектарды, ал жемдік дақылдар 12 мың 144 гектарды алып жатыр.

Ауданда суармалы егіншілікке де ерекше көңіл бөлінуде. Биыл суармалы жер көлемі 1 413 гектарға жетті. Оның басым бөлігі «Май Агро-М» ЖШС-не тиесілі болса, «Ақжар Өндіріс» ЖШС мен «Бағдат» шаруа қожалығы

да картоп, дәнді және малазықтық дақылдарды суармалы технология арқылы өсіруде.

Ауыл шаруашылығы мамандарының айтуынша, мал азығын уақытылы дайындау мен көктемгі егіс жұмыстарының сапалы жүргізілуі алдағы қыс маусымын ойдағыдай өткеруге және тұрақты өнім алуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда аудан шаруашылықтары егісті күтіп-баптау, мал азығын жинау және оны сақтау жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырып жатыр.



ҚҰРЫЛЫС

Сатыдағы жаңа нысан

Май ауданындағы Саты ауылында тұрғындар көптен күткен жаңа медициналық пункттің құрылысы аяқталуға жақын. Ауыл үшін маңызы зор әлеуметтік нысанның бой көтеруі тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұған дейін ауылдағы медициналық пункт 1958 жылы салынған бейімделген тұрғын үй ғимаратында орналасқан еді. Уақыт өте келе ғимараттың техникалық жағдайы талапқа сай болмай, арнайы тексеру қорытындысы бойынша апаттық деп танылған. Осыған байланысты жаңа медициналық пункт салу қажеттілігі туындады.

Көптен күткен құрылыс жұмыстары биыл 20 сәуірде басталды. Қазір негізгі ғимараттың құрылысы толық аяқталып, ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, жедел медициналық жәрдем көлігіне арналған тұрақ пен қазандық та дайын.

Нысан аумағын абаттандыру жұмыстары да назардан тыс қалған жоқ. Қазіргі уақытта аумаққа құнарлы топырақ

төселіп, көгалдандыруға дайындық жүргізілуде. Алдағы уақытта мұнда ағаштар мен гүлдер отырғызылмақ.

Жаңа медициналық пунктті 30 тамызда пайдалануға беру жоспарланған. Заманауи талаптарға сай салынған нысан ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық көмекті өз елді мекенінде алуға жағдай жасайды.

Бетті әзірлеген - **Айдана БОРАНБАЕВА.**



Балалар мен жасөспірімдерге арналған қосымша

БАЛАУСА

Мұқағалиға арнау

Қарасазда жыр болып бүр жардың сен,
Қалың елдің жүрегін тыңдадың сен.
Өлеңіңмен ояттың ұйықтап жатқан,
Қазақ дейтін қасиетті бір жанды сен.

Жырларыңнан табамыз мөлдір сезім,
Сол сезімнен нұр алып өрдім өзім.
Қайталанбас дара үн, биік рухың,
Мәңгі жасар жүректе тербел, есім.



Қайғы мен қуанышты
бірге өрген,
Өмірдің бар сырларын
жүрек көрген.
Мұқағали, сенде өлмес
жырдың иісін,
Қалдырдың кейінгіге
мәңгі өрнекпен.

Нұрасыл ЕРЖАН,
Қ.Бекхожин атындағы
орта мектептің
8-сынып оқушысы,
Павлодар қаласы.

Елімнің еркіндігі - менің бақытым!

Тәуелсіздік күні – қазақ ұлты үшін қастерлі, мақтанышқа толы мерекелердің бірі. Бұл күні жыл сайын 16 желтоқсанда аталып өтеді. 1991 жылы Қазақстан бүкіл әлемге өз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде жаңа өмір бастады. Сондықтан бұл күн әрбір қазақстандықтың жүрегінде ерекше орын алады.

Тәуелсіздік - тек бір күндік мереке емес. Ата-бабаларымыз еліміздің тыныштығы үшін талай шайқасқа түсті, еркіндік жолында жанын да аямады. Сол ерлік пен батырлықтың арқасында біз бүгін бейбіт, тыныш елде өмір сүріп отырмыз. Біздің үстіміздегі ашық аспан, оқып жүрген мектебіміз, еркін жүрген күніміздің бәрі - тәуелсіздіктің жемісі. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қысқа уақытта талай жетістікке жетті. Жаңа қалалар бой көтерді, жолдар салынды, зауыттар іске қосылды. Білім беру саласы дамып, заманауи мектептер мен университеттер ашылды. Біздің спортшыларымыз әлемдік жарыстарда топ жарып, көк байрағымызды биікке көтеріп жүр. Ғалымдарымыз зерттеулер жасап, еліміздің атын танытып келеді. Мұның бәрі - тәуелсіз елдің табысы.

Тәуелсіздік күні біз мек-

тебімізде арнайы мере-келік іс-шаралар өткіземіз. Өлеңдер оқып, әндер айтамыз, ел тарихы туралы қызықты деректер білеміз. Бұл мереке маған Отанды құрметтеуді, тарихты білу керектігін, елге қызмет етудің маңызын үйретеді. Мен үшін Тәуелсіздік күні - тек мереке емес, елімізге деген мақтаныш сезімі оянатын күн. Болашақта Қазақстан одан да дамыған, қуатты, берекелі мемлекет болсын деп тілеймін. Мен де өскенде еліме адал қызмет етіп, білімді ел игілігіне жұмсағым келеді. Себебі, тәуелсіздікті сақтау - әр ұрпақтың міндеті.

Тәуелсіздік - біздің зор байлығымыз, мәңгі құндылығымыз. Біз оны бағалап, қастерлеп, қорғауымыз керек.

Әли САҒЫНДЫҚОВ,
Қ.Бекхожин атындағы
орта мектептің 3-сынып
оқушысы,
Павлодар қаласы.

БӘРЕКЕЛДІ!

Смартфон емес, сәйгүлік

Бүгінгі жасөспірімдердің арманы - соңғы үлгідегі смартфон. Жаңа айфон шықса, жарыса сұрайтын заман. Бірақ Баянауыл ауданы Қаражар ауылының 9-сынып оқушысы Жантөре Орымбай бұл «трендті» бір-ақ жоққа шығарды.

Жантөренің жылқыға деген ықыласы бала кезінен қалыптасқан. Атасының өнегесімен бойына сіңген бұл сүйіспеншілік уақыт өте келе саналы таңдауға айналды. Ол үшін жылқы - көлік те, мал да емес. Ол - жан серігі. Ат жалын тартып мінгелі бері тұлпардың бабын табу, мінезін тану, шабысын жетілдіру оның күнделікті еңбегіне айналған.

Жантөре бос уақытын да бекер өткізбейді. Анасына қолғабыс болып, қазы-қарта, ысталған шұжық дайындауға көмектеседі. Бұл іске тек қатысып қоймай, оны сатуға да атсалысады. Оның бойынан еңбекқорлық пен жауапкершілік айқын көрінеді.

Жасөспірімнің тағы бір қыры - ұлттық спортқа деген қызығушылығы. Ағасы Алмаспен бірге көкпарға қатысып, тәжірибе жинақтап жүр. Көкпар - тек күш пен ептіліктің емес, мінез бен жігердің сыналар алаңы. Бұл жолда оған бағыт-бағдар беріп жүрген ұстазы - Ермек Серікұлы. Облыс намысын қорғап жүрген тәжірибелі спортшының тәлімі - Жантөре үшін үлкен мектеп.

Жантөренің арманы - осы жылдың күз айында республикалық деңгейде өтетін көкпар ойнап, ел намысын қорғау. Оның айфоннан бас тартып, асыл тұқымды ат таңдауы - ұлттық құндылыққа деген құрметтің, ата дәстүрге деген адалдықтың көрінісі.

Жантөренің анасының айтуынша, баласы көкпар ойынына бала кезінен-ақ ерекше әуес болып өскен. Ат үстінде



шеберлік танытып, серкені іліп әкету, қарсыластарымен тайсалмай тартысу секілді көкпарға тән қасиеттерді меңгеруге бар күшін салып келеді. Қазіргі таңда ол аудандық көкпар командасының сапында өнер көрсетіп, өз шеберлігін шыңдауда. Анасының сөзінше, Жантөренің үлкен арманы - болашақта облыстық және республикалық құрама командалардың қатарынан көрініп, ел намысын қорғайтын мықты көкпаршы атану.

А.ЖЕҢІСҚЫЗЫ.

ТОЛҒАУ



Менің

Отаным - Қазақстан. Мен оның түнін де, күнін де... жан-тәніммен сүйемін. Өйткені, ол - менің кіндік қаным тамған жер, туып-өскен мекенім. Бұл жер - мен үшін қымбат, әсем, ғажап жер.

Қазақстан - кең байтақ жері, бай мәдениеті және терең тарихы бар ерекше ел. Қазақстанның негізгі тұрғындары - қазақтар. Қазақ халқы - ежелден қонақжайлылығымен, кеңпейілділігімен, өз туған жерін шексіз сүйетін, оны қандай жағдайда болсын қорғай білетін, ержүрек батырлығымен танылған ұлт. Сондай-ақ, бейбітшілік пен бірлікті бірінші орынға қоятын, елдің тыныштығы үшін барлық жағдайды жасап, ұлттар достастығын дәріптейді.

Отан — жүрегімнің мекені

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.

Мұқағали Мақатаев.

Оның дәлелі, біздің жерімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс тату-тәтті бірлікте, ынтымақта күн кешуде. Қазақ ұлты барлық мекендеген ұлттардың мәдениеті мен ұлттық құндылықтарына құрметпен қарайды. Олардың біздің жерімізде өсіп-өркендеуіне, дамуына жағдай жасалған. Бұл біздің еліміздің дархандығы мен мәрттігін көрсетеді.

Туған өлкемнің табиғаты әсем, көрікті. Оның тізбектелген асқар-асқар тау-тасы, айдын шалқар көлдері, көкпай жазық даласы мен ну орманы, самал желі маған ерекше күш-қуат береді, сезімге бөлейді. Осындай жерде дүниеге келгенімді зор бақыт

деп білемін. Болашақта Отанымның дамуына өз үлесімді қосқым келеді. Бүгінгі таңда Қазақстан мемлекеті білім мен ғылымның дамуына ерекше көңіл бөлуде. Ел болашағы жастардың өмірлерінің жарқын болуына үлкен мүмкіндіктер жасалуда. Осы мүмкіндіктерді құр жіберіп алмай, мен де келешекте өз орнымды тауып, өз білімім мен қабілетімнің арқасында көп еңбектеніп, Отанымның көркеюіне атсалысатыным сөзсіз. Туған еліне қызмет ету - әр азаматтың борышы.

Мен Қазақстанның келешегі жарқын болатынына сенемін. Сол сенім өз арманымды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мен Отанымды мақтан тұтамын. Мен үшін қымбат, ыстық, бағалы ел болып қала береді.

Кәмшат СӘДУАҚАС,
Айнакөл орта мектебінің
6-сынып оқушысы,
Ақсу қаласы.

БАЛАУСА

ҰСТАЗЫМА

Ұстазым берген білім жалықтастан,
Шаршаған, шалдыққанын

танытпастан.

Ұстаздар - бар адамның жанашыры,
Мақсатым ұстаздармен қалыптасқан.

Ұстазым жетектедің, жетеледің,
Сіздерге арналады от өлеңім.
Екінші амамыздай аяладың,
Мен саған демедіңіз бөтен едім.

Көп біздің сіздерден ап сүзгеніміз,
Санамызға ұқыппен тізгеніміз.
Ұстаздар ұлағатын ұмытпаймыз,
Әрқашан жарқын болсын жүздеріңіз!

Кәусар МЕДИФАТ,

«Жас дарын» мамандандырылған мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы, Павлодар қаласы.



Дәрігер болғым келеді

Әр адамның өмірде өз арманы мен мақсаты болады. Менің бала кезден бергі үлкен арманым – дәрігер болу. Бұл мамандықты таңдауыма адамдардың денсаулығын сақтап, қиын сәтте оларға көмек көрсетуге деген ниетім себеп болды.

Адам денсаулығы - қымбат байлық. Сондықтан дәрігердің еңбегі әрқашан жоғары бағаланады. Олар күн-түн демей, науқастардың өмірі үшін күреседі. Кейде өздерінің демалысы мен жеке уақытын кейінге қалдырып, адамдардың амандығын бірінші орынға қояды. Осындай жанкешті еңбекті көрген сайын дәрігер мамандығына деген құрметім арта түседі.

Мен болашақта өз ісінің шебері атанған, білімді әрі білікті дәрігер болғым келеді. Ол үшін қазірден бастап сабақты жақсы оқып, әсіресе биология мен химия пәндерін терең меңгеруге тырысамын. Сонымен қатар, өзімді еңбекқор, төзімді, жауапты және мейірімді болуға тәрбиелеп жүрмін. Себебі дәрігер үшін кәсіби біліммен қатар, адамгершілік қасиеттер де маңызды.

Елімізге денсаулық сақтау саласында білімді мамандар әрқашан қажет. Мен болашақта алған білімімді туған еліме қызмет етуге арнағым келеді. Ауылда немесе қалада еңбек етсем де, әрбір науқасқа жанашырлықпен қарап, олардың өміріне сауығып кетуіне бар күшімді салғым келеді. Адамдардың алғысын алып, олардың өміріне пайда әкелу мен үшін үлкен марапат болмақ.

Дәрігер болу - менің саналы таңдауым әрі өмірлік мақсатым. Бұл мамандық зор жауапкершілікті, үздіксіз ізденісті және мейірімділікті талап етеді. Мен өз арманым жету үшін аянбай еңбек етіп, болашақта білікті дәрігер атанып, халқымның денсаулығын нығайтуға өз үлесімді қосамын деп сенемін.

Әмина КУНАФИНА,
Ш.Шөкин атындағы гимназия-мектебінің 10-сынып оқушысы, Павлодар қаласы.



ӨЗДЕРІҢ ЖАЗҒАН ХАТТАРДАН

Астана – елімнің жүрегі

Жер бетіндегі әрбір адам өз елінің елордасын мақтан тұтады. Біздің мақтанышымыз – Сарыарқа төсіне қанат жайған шырайлы шаһар. Астанамыз жыл санап көркейіп, гүлденіп келеді. Келбеті асқақ та айбарлы. Өзге жұрт қызыға, қызғана қарайды. Тамсанып, таңдай қағады.

Елорданың өркендеуі - еліміздің өркендеуінің белгісі. Ендеше, бас қаланың жаңадан қаланып жатқан іргетасының берік болуы да мемлекетіміздің болашаққа нық сеніммен жасар қадамының нағыз көпіріне айналмақ. Келер ұрпақтың да, жастардың да болашағы бір өзінде! Ал сенің гүлденуің - солардың қолында. Келешегің жарқын болсын,



халқымның ақ ордасы, көркейіп, биіктерден көріне бергейсің! Ал әзірге «Армысың, ару Астанам, құшағыңа тезірек ал мені!» дегім келеді.

Денис ГАЛИШНИКОВ,
Шапық Шөкин атындағы гимназия-мектебінің 2-сынып оқушысы, Павлодар қаласы.

МЕН АЙТАМЫН ЕРТЕГІ...

Ертеде Айбар деген атқан оғы құр кетпейтін сұрмерген болыпты. Айбардың қартайған ата-анасы бар екен. Ол күнде аң аулап, құс атып, отбасын осылай асырап жүретін. Айбар екі иығы қақпақтай, жауырыны тоқпақтай ержүрек, батыр еді. Жүрегі кең, ақылды, адамгершілігі мол жан еді.

Мерген мен шаһар



шыға келеді. Айбар айдаһармен үш күн, үш түн алысып, ақыры айдаһардың басын шауып түсіреді. Кейін айдаһар күзетіп тұрған қорапты ашса, ішінен қара тас алып шығады. Ол тас отқа жанатын көмір болып шығады. Айбар осы тастың арқасында ең бай адам атанады.

Сол орында кейін сұлу қала бой көтерді. Ол шаһар Екібастұз деп аталды. Қазір бұл қала - облысымыздағы ең әдемі әрі бай қалалардың бірі, кеншілер мен энергетиктердің мақтанышы.

Айару ҒАБДОЛЛА,
Ш.Шөкин атындағы гимназия-мектебінің 9-сынып оқушысы, Павлодар қаласы.

Оған қоса, оның ерекше бір қасиеті бар болатын. Ол жануарлардың тілдерін түсінетін. Күндердің бір күнінде ол аң аулап жүргенде қоянды қақпанына түсіріп алады. Қоян одан оны өлімнен құтқарып, босатуын сұрайды. Айбар қоянды босатады. Рахметін айтып, сұр қоян Айбарға сырын айтады.

Мен көрсететін жолмен екі апта жүрсен, алдыңнан үлкен үш басты айдаһарды кездестіресің. Сол айдаһар бір затты күзетіп отыр. Егер ол айдаһарды өлтіріп, сол затқа қол жеткізсең, өмірдегі ең бай адам боласың.

Айбар екі апта жаяу жүріп, қоян көрсеткен жерге жетеді. Алдынан үш басты, үлкен, қорқынышты айдаһар



БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Лағым

Шөлдеді лақ,
Көрді де бұлақ.
Ұнатып сылдырын,
Салды ұйып құлақ.

Қандырып шөлін,
Ешкінің төлі.
Құмарта жейді
Жайлаудың шөбін.

Алаңсыз ойнап,
Тойып ап, жайлап.
Өрістен келді,
Лағым жайлап.

Гүлімай ОҢАЛХАНҚЫЗЫ,
ақын,
Тереңкөл ауданы.



ЕРТЕГІАЕР ЕЛІНДЕ

Қабырғадағы көкқұтан

(қытай ертегісі)

Ертеде Қытайда Ми есімді кедей студент болыпты. Оның кедей болғандығы сондай, бір кесе шайға да ақша төлей алмапты. Егер шайхананың қайырымды қожайыны болмағанда, бәлкім, ол аштан өліп қалар ма еді. Байғұс баланы аяған қожайын оған тегін тамақ беріпті.



Бірде Ми қожайынға келіп:
- Мен бір жаққа кетіп бара жатырмын. Сіздің берген тамақтарыңызға төлейтін ақшам жоқ. Бірақ сіздің алдыңызда қарыздар болып қалғым келмейді. Міне, қараңыз, - деді де, қалтасынан бір түйір сары бор алып шығып, шайхананың қабырғасына көкқұтанның суретін салды. Көкқұтан сары түсті демесең, тірі құстан аумады.

- Бұл - көкқұтан, - деді Ми, - сізге мен берешек болғаннан он есе артық ақша тауып береді. Адамдар әр жиналған сайын үш рет қол шапалақтаса, ол қабырғадан шығып, би билейді. Алайда, мына бір нәрсені естен шығармаңыздар: көкқұтанды ешқашан бір адам үшін билеуге мәжбүрлемейсіздер... Ал енді сау болыңыз.

Студент Ми осыны қадап айтты да, бұрылып жүріп кетті.

Қожайын күтпеген жаңалыққа таңғалып, оны сынап көргісі келді. Келесі күні шайханаға жиналған көп адамнан үш рет қол шапалақтауын

сұрады. Іле сары көкқұтан қабырғадан шығып, бірнеше би биледі. Тамаша биді көрген қонақтар өз көздеріне өздері сенбеді, шулап, мәре-сәре болды.

Осындай тамаша әрдайым болып тұрды. Шайханадағы ғажайып көрініс туралы сөз жан-жаққа тарады. Шайханаға келетін қонақтар қарасы күрт көбейіп, оның қожайыны тез



байып кетті. Студент Мидің берген уәдесі орындалды.

Бірде шайханаға бай бастық - жоғары дәрежелі шенеунік келді. Қараса, жан-жағында толған бір шаруалар мен ұсақ қолөнершілер. Бұған ашуланған бастық бәрін қуып шығуға әмір етті.

Қызметшілер қолдарына таяқ алып, жұрттың бәрін қуып шықты. Жалғыз қалған бастық қожайынның алдына бір уыс ақша қойып, көкқұтанды көрсетуін талап етті. Көп ақшаны көрген қожайын бәрін де ұмытты. Ол үш рет шапалақ ұрды. Көкқұтан

қабырғадан көңілсіз шықты да, бір би биледі. Құс біртүрлі мұңлы әрі ауру сияқты көрінді. Сосын орнына барып, тым-тырыс тұрып қалды. Бастық айғайлады, қорқытты, бірақ одан ештеңе шықпады.

Түнде біреу шайхананың есігін қатты қақты. Қожайын ашқанда, үнсіз тұрған студент Миді көрді. Ми қалтасынан ысқырығын алып шығып ойнады. Сосын кері бұрылып, артына қарамай жүріп кетті. Осы кезде көкқұтан дүр сілкініп, қабырғадан шығып, асыға басып оның артынан ілесті. Сол кезден бері ешкім де студент Миді де және оның сиқырлы сары көкқұтанын да көрген емес.

Егер қалайда бір жерде осындай таңғажайып көрініс пайда болса, ол бәріне ортақ болады. Ал егер оған бір ғана адам қожалық етсе, ол жоғалып кетеді дейді қарт адамдар.



Орыс тілінен аударған -
Серік САТЫБАЛДИН,
Павлодар қаласы.

Қуыршағым менің

Менің жақсы көретін ойыншығым - қуыршақ. Оның есімі - Айым. Қуыршағымның шашы ұзын, көзі мөлдір көк, жүзі сүйкімді. Мен оған түрлі әдемі көйлек кигізіп, шашын тарап, әдемілеп қоямын.

Бос уақытымда қуыршағыммен ойнағанды жақсы көремін. Оған ертегі айтып, бірге серуендегендей болып ойнаймын. Кейде оны кішкентай сіңлімдей көріп, қамқорлық жасаймын. Ойын барысында ұқыптылыққа, мейірімділікке және жауапкершілікке үйренемін.

Бұл қуыршақты маған ата-анам сыйлаған. Сондықтан ол мен үшін қымбат. Мен оны әрдайым таза ұстап, ұқыпты сақтаймын.

Мен қуыршағымды жақсы көремін. Ол - менің сүйікті ойыншығым әрі көңіл-күйімді көтеретін жақын досым.

Аруназ
БОЛАТ,
Мәшһүр
Жүсіп
атындағы
орта
мектептің
1-сынып
оқушысы,
Павлодар
қаласы.



Табиғат - адамзаттың байлығы. Таза ауа, мөлдір су, жасыл орман, әсем гүлдер мен құстардың әсем үні - бәрі табиғаттың бізге берген сыйы. Сондықтан табиғатты қорғау - әр адамның міндеті.


Табиғат - біздің ортақ үйіміз

Мен табиғат аясында серуендегенді жақсы көремін. Әсіресе көктемде айнала жасыл желекке оранып, түрлі түсті гүлдер жайқалады. Құстардың сайраған үні көңілге қуаныш сыйлайды. Осындай әсем көріністерді көргенде табиғатқа деген сүйіспеншілігім арта түседі.

Табиғатты қорғау үшін ағаштарды сындырмау, гүлдерді орынсыз жұлмау, қоқысты кез келген жерге тастамау керек. Әр адам табиғатқа жанашырлықпен қараса, қоршаған ортамыз таза әрі көркем болады.

Мен табиғатты жақсы көремін. Болашақта табиғатымыздың әсемдігі сақталып, еліміз әрдайым жасыл да көрікті болсын деп тілеймін.

Ерсұлтан СЕРІК,
Мәшһүр Жүсіп
атындағы орта
мектептің 3-сынып
оқушысы,
Павлодар қаласы.



ӨЗДЕРІҢ ЖАЗҒАН ХАТТАРДАН

Жазғы демалыс

Төрт тоқсанды үздік аяқтап, көптен күткен жазғы демалысқа шықтым. Жазғы демалысымның қызықты күндері Май ауданының Баскөл ауылында тұратын нағашы атам Берік пен нағашы әжем Айманның үйінде өтті.

Атам бізге қармақпен балық аулауын үйретті. Сонымен қатар, тоғайды аралатып, туған жердің әсем табиғатын, көрікті жерлерін көрсетті. Біз кішкентай қайықпен жүзіп, таза ауада серуендедік. Тоғайдың соқпақ жолдарында атам маған өзінің «Жигули» көлігін жүргізуді де үйретті. Қырға барып, жайылып жүрген қойлар мен ешкілерді, ойнақтап жүрген лақтарды тамашаладық.

Нағашы атам - еңбекқор жан. Ол ауласына сан түрлі гүл мен көкөністер егеді. Мен атама гүлдер мен көкөністерге су құюға көмектестім. Ал әжем бізге пицца, самса, бауырсақ сияқты дәмді тағамдар пісіруді үйретеді.

Біз әжемнің айтқанын бұлжытпай орындап, үйді тез жинап шығамыз. Аулаға кілемдерді шығарып, оларды көпіршіктетіп жуып, еңбекті ойынмен ұштастырамыз.

«Қыстың қамын жаз ойла» дегендей, әжем бақшадан жиналған жемістерден қысқа арнап компот пен тосап дайындайды. Қияр мен қызанақтан түрлі қысқы тағам әзірлейді. Мұның бәрі - еңбекқорлықтың және отбасына деген қамқорлықтың айқын көрінісі.

Ата-әжемнің жанында өткізген әрбір демалыс мен үшін - ерекше бақыт. Осындай сәттер менің балалық шағымның жарқын естеліктері болып мәңгі есімде сақталады. Сонымен қатар,

әкем мен анама да зор алғысымды білдіремін. Олар бізді түрлі қалаға апарып, қызықты жерлерді көрсетіп, ұмытылмас саяхаттар сыйлайды. Ол туралы келесі шығармамда жазамын.

Ал бүгінгі шығармамды маған әрдайым мейірімін төгіп, қамқорлығын аямайтын нағашы атам мен әжемнің үйінде өткен тамаша жазғы демалысыма арнадым.

Далида МҰРАТОВА,
Қаныш Сәтбаев атындағы
дарынды балаларға арналған
гимназияның
5-сынып оқушысы,
Ақсу қаласы.

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Жіппен секіру

Сәуле биыл бесте. Ол ақылды қыз. Апасы «ақылды қызым» дейді үнемі. Қоңыр шашын екі өрім етіп өріп, ұшына бантик байлап, айқастыра түйіп қойған. Аппақ бантигі ұшуға әзірленген көбелек сияқты.

Сәуленің өзі де көбелек тәрізді. Аяқ-қолы жеңіл, алып-ұшып жүреді. Алқызыл көйлегі өзіне сондай жарасқан. Оны да апасы қалаға барғанда базарлыққа әкеп берген. Соны киіп алып, табаны жерге тимей ұшады.

Бірде қызық жағдай болды. Тегіс жерге бормен сызып, мәк тепкен қыздардан жырылып шығып, көбелек қуған Сәуле, оны ұстай алмай, артынан қарап қалды. Сол сәт биікте көріліп тұрған аппақ жіпті көзі шалды. Кір жаятын кәдімгі жуан жіп. Бір қарағанда, көкке көтеріліп, аспандағы бұлттар арасында тұрғандай көрінеді екен. Әдетте апасы кір жайғанда астына орындық қойып, қолын зорға жеткізетін. Әр жолы көрген сайын сол жіптен секіруді армандайтын. Бүгін де армандады. Аана теледидардан көрген әпкей құсап секірсе ғой, шіркін! Құстай қалқып жіптен секіргенде елдің бәрі шаттанып қол соғып еді-ау! Артынан өліміздің көк Туы желбіреп, әпкенің мойнына алтын алқа тағылған.

Сол арманының орындалуының сәті енді түскендей. Атасы қысқа дайындаған отынды жіптің бір ұшы байланған ағаштың түбіне жинапты. Сол жиналған ағашқа шығып барып, жіптен секіруге болады емес пе?

Отынға өрмелей жөнелді. Міне, басына шықты. Жіпке таяп барып тоқтады. Енді «әуп» деп секірсе болды, өткендегі әпке құсап жіптің аржағына барып топ ете қалады. Бірақ...

Қайдан келгені белгісіз, осы



кезде көрші үйдің қызы Күләштің сап ете қалғаны.

- Тоқта, Сәуле! Не істеп жатырсың? - дейді шыр-пыр болып. - Түс бері, андағы жер өте қауіпті...

- Қауіпті емес. Мен қорықпаймын, - деді Сәуле алаңсыз. - Не істейтінімді қазір көресің...

- Тоқта, Сәуле, секірме! Әйтпесе, апаң айтатын, - деді Күләш одан ары безектеп.

- Айтсаң, айта бер. Қорықпаймын.

Солай деп үлгермеді, анадй жерде келе жатқан әкесін көрді. Қолын бұлғап бірдеңе дегендей болды. «Ағашқа неге шығасың?» деп ұрсып келе жатса керек. Іркіліп қалды. Соның арасы болған жоқ, ағаштардың бірі қозғалып кетті

ғой деймін, аяғының асты ақырын сырғи жөнелді.

Зәресі ұшқанда көзін жұма қойды. Екінші жағынан қатты өкінді. Отын бұлай аласара берсе, шыққан биігі төмендеп, жіптен секіре алмай қалады ғой! Арманы орындалмайды деген сөз.

Екі қолын ербеңдетіп, секіріп кетті. Жерге түсіп, көзін ашқанда көрді, әкесі мен Күләш өзіне қарап, ауыздары ашылып тұр екен. Артынша қос алақандарын ұрғылап, шапалақ соқты. Соған қарағанда, жіптен секіріп үлгерген болу керек. Қандай бақыт!

**Маркиза
БАЗАРБАЙҚЫЗЫ,**
жазушы.

ТОЛҒАУ

Әділет жолындағы күрес

Қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» шығармасы маған ерекше әсер қалдырды. Бұл шығармада адамның тағдыры, әділетсіздік, намыс, адалдық және қоғамдағы теңсіздік мәселелері өте шынайы суреттелген. Повесті оқи отырып, сол кезеңдегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, қарапайым халықтың басынан өткен қиындықтарды тереңірек түсіндім.



Шығарманың басты кейіпкері - Бақтығұл. Ол - еңбекқор, қайсар, отбасының қамын ойлайтын қарапайым адам. Оның өмірдегі ең үлкен арманы - жақындарының амандығы мен тыныштығы. Бірақ әділетсіздік пен озбырлық оның тағдырын мүлде басқа арнаға бұрады. Байлар мен биліктегілердің қысымын көрген Бақтығұлдың өмірі ауыр сынақтарға толы болады. Ол үнемі әділдік іздейді, алайда шындыққа қол жеткізу оңай болмайды.

Шығарманы оқыған сайын Бақтығұлдың тағдырына жаным ашыды. Кейбір сәттерде оның әрекеттерін түсінуге тырыстым. Менің ойымша, егер оған әділдік

көрсетіліп, қолдау болғанда, оның өмірі мүлде басқаша өрбуі мүмкін еді. Сондықтан бұл шығарма адамның тағдырына қоғамдағы әділеттің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Маған шығарманың оқиғалары ғана емес, кейіпкерлердің мінездері де ұнады. Жазушы әр кейіпкердің болмысын әсерлі етіп суреттеген. Бірі - мейірімділік пен адамгершіліктің үлгісі болса, енді бірі - өз пайдасын ғана ойлайтын қатыгез жандар. Осы арқылы Мұхтар Әуезов жақсылық пен жамандықтың, адалдық пен опасыздықтың айырмашылығын айқын көрсетеді.

Бұл шығармадан көптеген

өмірлік сабақ алдым. Ең бастысы, қандай жағдайда да адам әділдікті, адалдықты және ар-ұятты жоғалтпауы керек екенін түсіндім. Қиындыққа кездескен кезде ашуға ерік бермей, мәселені ақылмен шешуге ұмтылған дұрыс. Сонымен қатар, адамдар бір-біріне жанашыр болып, әлсізге көмектессе, қоғам әлдеқайда әділетті әрі мейірімді болар еді.

Менің ойымша, «Қараш-Қараш оқиғасы» - тек өткен заманның оқиғасын баяндайтын шығарма емес. Онда көтерілген мәселелер бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Әділдік, адамгершілік, жауапкершілік сияқты құндылықтар барлық уақытта маңызды. Сондықтан бұл шығарманы әр оқушы оқып, одан өзіне қажетті тәлім-тәрбие алады деп сенемін.

Қорытындылай келе, «Қараш-Қараш оқиғасы» маған үлкен ой салған шығарма болды. Ол мені әділ болуға, адамдарды құрметтеуге, қиындыққа мойымауға және әрқашан дұрыс жолды таңдауға үндеді. Мұхтар Әуезовтің бұл туындысы қазақ әдебиетінің ең құнды шығармаларының бірі деп есептеймін. Осындай шығармаларды оқу арқылы біз халқымыздың тарихын, өмірін және ұлттық құндылықтарын тереңірек танып, жақсы адам болуға ұмтыламыз.

Әдемі САНСЫЗБАЙ,
Ш.Айманов атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы, Баянауыл ауданы.

Жақсылық жасау – ізгілік

Жақсылық жасау – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Мейірімділік, қамқорлық, жанашырлық сияқты қасиеттер адамның адамгершілігін көрсетеді.

Қазақ халқы ерте заманнан-ақ жақсылық жасауды жоғары бағалаған. «Жақсылық жерде қалмайды», «Адамның күні - адаммен» деген нақыл сөздер - соның дәлелі. Адам біреуге көмектескен сайын айналасына қуаныш сыйлап қана қоймай, өзінің де жүрегіне жылулық ұялатады.

Жақсылық жасау үшін міндетті түрде бай немесе күшті болу қажет емес. Кейде қарапайым ғана іс үлкен жақсылыққа айналады. Мысалы, үлкен кісіге жол беру, ауыр сөмкесін көтеруге көмектесу, досыңның көңілін көтеру, сабақтан қиналып жүрген сыныпта-сыңа түсіндіріп беру немесе айналады таза ұстау - мұның бәрі жақсылықтың көрінісі. Осындай кішкентай игі істер адамдардың бір-біріне деген сенімін арттырып, достық пен сыйластықты нығайтады.

Мектеп - жақсылық жасауға үйрететін маңызды орта. Біз мектепте бір-бірімізге көмектесіп, ұстаздарды құрметтеп, сыныптың тазалығын сақтап, түрлі қайырымдылық шараларына қатысамыз. Мұндай игі істер арқылы жауапкершілікке, еңбекқорлыққа және жанашырлыққа тәрбиеленеміз. Жақсы оқушы тек сабақты жақсы оқып қана қоймай, өзгелерге көмектесе білетін, тәрбиелі әрі мәдениетті болуы керек.

Отбасында да жақсылық жасаудың орны ерекше. Ата-анамызға үй шаруасына көмектесу, бауырларымызға қамқор болу, ата-әжеміздің

жағдайын сұрап, көңіл бөлу - біздің перзенттік міндетіміз. Үйдегі сыйластық пен мейірімділік адамның мінезін қалыптастырады. Отбасында жақсылық көріп өскен бала өзгелерге де қамқор болуға ұмтылады.

Қазіргі қоғамда қайырымдылықпен айналысатын адамдар мен ұйымдар көп. Олар мұқтаж жандарға көмек көрсетіп, қиын жағдайға тап болған адамдарға қолдау білдіреді. Мұндай игі істер бізге өзгелердің қайғысына бейжай қарамауды, әрқашан қол ұшын созуға дайын болуды үйретеді. Әр адамның жасаған кішкентай жақсылығы бірігіп, мол игілікке айналады.


Менің ойымша, жақсылық жасау - әр адамның өмірлік ұстанымы болуы тиіс. Егер әрқайсымыз күн сайын бір ғана жақсы іс жасасақ, айналамыздағы адамдардың көңілі көтеріліп, қоғамымыз мейірімді әрі тату болады. Жақсылық жасаған адам ешқашан ұтылмайды, өйткені жасаған игі ісі міндетті түрде өзіне жақсылық болып қайтады.

Жақсылық - адамды биікке көтеретін, жүректі мейірімге бөлейтін асыл қасиет. Біз әрдайым жақсылық жасап, айналамыздағы адамдарға қамқорлық танытуымыз керек. Сонда өміріміз жарқын болып, елімізде татулық, бірлік және сыйластық салтанат құрады.

Олжас МЕРГЕНБАЙ,
Мәшһүр Жүсіп атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы, Павлодар қаласы.

Мейірімге толы мамандық

Әр адамның болашақта армандайтын мамандығы болады. Менің арманым - дәрігер болу. Бұл мамандық - аса жауапты әрі құрметті қызмет.



Дәрігерлер адамдардың денсаулығын сақтап, сырқаттанған жандарға көмек көрсетеді. Олардың еңбегі қоғам үшін өте маңызды.

Дәрігер болу үшін көп ізденіп, сабақты жақсы оқу керек. Әсіресе биология мен химия пәндерін терең меңгерудің маңызы зор. Сонымен қатар, дәрігер мейірімді, сабырлы, жауапкершілігі мол және адамдарға жанашыр болуы қажет. Осындай қасиеттер ғана науқастарға сенім мен үміт сыйлайды.

Мен болашақта білікті дәрігер атанып, адамдардың сауығып кетуіне көмектескім келеді. Өз еңбегім арқылы қоғамға пайда келтіріп, адамдардың алғысына бөленуді армандаймын. Арманыма жету үшін бүгіннен бастап жақсы білім алып, өзімді жан-жақты дамытуға күш саламын.

Аяжан АХМЕТОВА,
Қ.Бекхожин атындағы орта мектептің 4-сынып оқушысы, Павлодар қаласы.

«Ainalaiyn» қосымшасын әзірлеген - **Айдана БОРАНБАЕВА.**

ШИПАГЕР

АҢСАҒАН СӘБИ



ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Павлодарда нәресте үніне зар болған отбасылардың бала сүюіне мүмкіндік беретін «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында бір әулетте үшем дүниеге келді. 33 жастағы жас ана Мәдина Қазенова үш ұлды өмірге әкелді. Бұл аймағымызда соңғы екі жылда алғаш тіркеліп отырған жағдай екенін атап өту керек. Соңғы рет 2024 жылы ғана үшем туған.

Бір әулеттің бақыты

Бір әулеттің көптен күткен қуанышты сәтінде Павлодар облысы әкімінің орынбасары Айгүл Мәлікова перинаталды орталыққа арнайы барып, жас ананы құттықтады. Ана мен балаларға денсаулық тілеп, арнайы сыйлық табыс етті.

Дәрігерлердің айтуынша, өмірге келген нәрестенің салмағы екі келіден асса, үшіншісінің салмағы - бір жарым келі. Кенже балақай дәрігерлердің бақылауында болады.

- Үшемнің біреуі дәрігерлердің бақылауында болады. Өздігінен тыныс алғанымен, салмақ жинағанын қадағалайтын боламыз. Анасының омырауынан сүт ішуді үйренуі маңызды. Содан кейін ғана балақай анасының жанына барады, - дейді облыстық №1 перинаталдық орталық директоры Гүлнар Буратаева.

Үшемді босанған Мадина Қазенова үшін бұл - екінші жүктілік. Үлкен қызы 12 жаста. Ұл балалар ЭҚҰ әдісімен өмірге келген.

- «Аңсаған сәби» бағдарламасы отбасымызды бақытқа кеңелтті. Қуанышымды сөзбен айтып, жеткізе алмаймын. Ультрадыбыстық зерттеуден өткен кезде дәрігерлер үшем босанатынымды айтқанда сенген жоқпын. Себебі ЭҚҰ әдісі кезінде жатырыма бір эмбрион ғана салынған еді. Алланың қалауы болар, сол эмбрион үшке бөлініп, жолдасым екеуіміз көпбалалы ата-ана атанып отырмыз. Осы орайда, жүктілігімді бақылаған дәрігерлерге айтар алғысым шексіз. Ұлдарым жүктіліктің 35-інші аптасында өмірге келді. Бала сүюді аңсаған әр отбасында осындай қуаныш болсын, - дейді жас ана.

Мамандардың айтуынша, бір эмбрионның бөлініп, үшемге айналуы - Қазақстанда ғана емес, әлемдік



репродуктологияда да өте сирек кездесетін бірегей жағдай.

- Нәрестелер 35 апталық мерзімде дүниеге келді. Бұл мерзім балалардың жатырда толық дамуына жеткілікті деп бағалаймыз. Үшінші эмбрион сәл кейінірек бөлінгендіктен, салмағы аз. Қазіргі таңда сәбилердің жағдайы тұрақты, өз бетінше тыныс алуда және біртіндеп салмақ қосып келеді, - деп атап өтті перинаталдық орталықтың неонаталдық қызмет жетекшісі Жаңылай Қапанова.

Перинаталдық орталық шала туған сәбилерді күтіп-баптауға арналған ӨЖЕЛ (ИВЛ) аппараттарымен және заманауи реанимациялық жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Атап өтерлігі, «Аңсаған сәби» бағдарламасы қолға алынған бес жыл ішінде Павлодар облысында жалпы саны 464 бала дүниеге есігін ашты. Бұл ретте 2021 жылы 97, 2022 жылы 81, 2023 жылы 94, 2024 жылы 101, 2025 жылы 91 бала өмірге келді. 2026 жылдың тамызы айына дейінгі жағдай бойынша облысқа бөлінген 250 квотаның 173-і бойынша ерлі-зайыптылар ЭҚҰ орталықтарына жолдама алған. Ал биыл жеті айдың ішінде облыстық перинаталдық орталықта 3 мыңға жуық сәби өмірге келген.

Еске сала кетейік, Павлодар қаласында ЭҚҰ әдісін ұсынатын «Экомед-Павлодар» клиникасы екі жылға жуық уақыт жұмыс істеп келеді.

Орталық ашылады

Қазақстанда жарақат алған науқастарға медициналық көмек көрсету жүйесін жаңғырту жұмыстары жалғасуда. 2027 жылға дейін өңірлік травматологиялық орталықтар желісі құрылып, шокалғанға қарсы бөлімшелер жаңғыртылып, жедел медициналық көмекті күшейту және жарақаттанудың профилактикасы шараларын жетілдіру жоспарланған.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, бүгінде мамандандырылған көмекті 1 500-ден астам травматолог дәрігер көрсетеді. Елде 81 травматологиялық пункт, 4 мыңнан астам мамандандырылған төсек және 260 медициналық ұйым жұмыс істейді. Қызметтің кадрлық әлеуетін нығайту және инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жалғасады.

Негізгі бағыттардың бірі - өңірлік травматологиялық орталықтар желісін құру. Мұндай орталықтар Астана, Алматы, Қарағанды және Балқаш қалаларында ашылған. 2027 жылға дейін желіні еліміздің өзге өңірлерінде де кеңейту жоспарланып отыр. Бұл мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жедел медициналық көмекті дамытуға ерекше назар аударылады. Қабылдау бөлімшелеріндегі 210 шок алғанға қарсы кабинетті заманауи «Trauma room» бөлмелерімен қайта жарақтандыру, сондай-ақ, автомобиль жолдарының жол-көлік оқиғалары жиі тіркелетін учаскелерінде 69 тірек медициналық пункт және туристік аймақтарда 60 маусымдық медициналық пункт құру көзделген.

Профилактика жұмыстары да маңызды бағыттардың бірі болып қала береді. Жол-көлік оқиғаларына байланысты тұрмыстық және балалар жарақатының алдын алу жөніндегі жұмыстар күшейтіліп, халықты алғашқы көмек көрсету дағдыларына оқыту ауқымы кеңейтіледі.

Қабылданып жатқан шаралар жарақат алған кезде заманауи әрі сапалы медициналық көмектің еліміздің әрбір тұрғыны үшін қолжетімді болуын және медициналық қызметтердің төтенше жағдайларда жедел көмек көрсету мүмкіндігін арттыруға бағытталған.

ЗАМАНАУИ ӘДІС

Көз ауруы көбейіп барады

Павлодар облыстық Ғ.Сұлтанов атындағы облыстық ауруханасының офтальмологиялық орталығы аймақ тұрғындарына тәулік бойы медициналық көмек көрсетіп, көз ауруларын диагностикалау мен емдеудің заманауи әдістерін қолдануда. Орталықта күрделі микрохирургиялық оталардан бастап, шұғыл жарақат кезіндегі көмекке дейінгі қызметтердің толық спектрі ұсынылады.

Орталық құрамына тәулік бойы жұмыс істейтін стационар, күндізгі стационар, консультативтік-диагностикалық бөлім, шұғыл операциялық блогы бар қабылдау бөлімі және мамандандырылған офтальмологиялық көмек көрсету кабинеті кіреді.

Орталық меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты, жоғары санатты дәрігер Қасымхан Тілеубаевтың айтуынша, мұнда облыстың барлық тұрғындарына тәулік бойы, аптасына 7 күн шұғыл офтальмологиялық көмек көрсетіледі.

- Бізге көздің барлық жарақаты мен жедел аурулары бар науқастар жеткізіледі. Олардың қатарында қарапайым конъюнктивиттен бастап, қылмыстық, өндірістік және техногендік сипаттағы ауыр жарақаттарға дейінгі жағдайлар кездеседі, - дейді маман.

Офтальмологиялық орталықтың тәулік бойы жұмыс істейтін стационары 37 төсек-орынға, ал күндізгі стационар 20 төсек-орынға есептелген. Күн сайын орталыққа орта есеппен 120-150 науқас жүгінеді. Оларға офтальмолог кеңесі беріліп,

қажетті диагностикалық зерттеулер жүргізіледі.

Орталықта көздің ультрадыбыстық зерттеуі, компьютерлік томография, циклоскопия және басқа да заманауи тексеру әдістері қолданылады. Күн сайын тәулік бойы жұмыс істейтін стационарға шамамен 20 науқас жатқызылса, күндізгі стационарда күніне 10-20 адам ем қабылдайды.

Офтальмологиялық орталықта заманауи микро-хирургиялық операциялардың барлық негізгі түрлері жүргізіледі.

- Ең көп жасалатын операциялардың бірі - катарактаны заманауи микрохирургиялық әдіспен алып, орнына жасанды көз бұршағын имплантациялау. Қарапайым тілмен айтқанда, көздің бұлдыраған бұршағын алып, оның орнына жасанды линза орнату отасы. Соңғы жылдары катаракта ауруы «жасарып» келеді. Мен еңбек жолымды енді бастаған кезде мұндай отаны негізінен 70 жастан асқан адамдарға жасайтын



едік. Қазір 45-50 жастағы, кейде одан да жас науқастардың көзіне ота жүргізу жиілеп кетті, - дейді Қасымхан Тілеубаев.

Заманауи технологиялардың көмегімен мұндай ота барынша қауіпсіз әрі жылдам орындалады. Хирургиялық әдіс шамамен 10-15 минутқа созылады. Алдымен

бұлыңғырланған көз бұршағы ультрадыбыс көмегімен алынып, орнына жасанды линза салынады.

Орталықта глаукома кезінде көзішілік қысымды төмендетуге бағытталған оталар да кеңінен жүргізіледі. Сондай-ақ, ауыр жарақаттардан кейін жасалатын реконструктивтік хирургия да бар.

Мұндай жағдайлардың әрқайсысы жеке қарастырылады. Жарақат қабаққа, көз ұясына, жас қапшығына немесе көз алмасына әсер етуі мүмкін. Әр ота дәрігерден тәжірибені, жоғары біліктілікті және заманауи технологияларды қажет етеді. Бұдан бөлек, амбулаториялық лазерлік хирургия бағыты да дамып келеді. Торқабыққа профилактикалық және емдік мақсаттағы лазерлік операциялар жасалады. Сондай-ақ, қайталама катаракта мен глаукоманың кейбір түрлерін емдеу кезінде де лазерлік әдістер қолданылады.

Бетті өзірлеген -
Айдана ҚУАНЫШЕВА.



Осы мақаланың аудиожаз-
басын QR-кодты сканерлеу
арқылы тыңдай аласыздар.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Мәдениет – ұлттың рухани қуаты



- Медет Алпысбайұлы, алдымен өңірдегі мәдениет саласында соңғы жылдары жүзеге асқан маңызды өзгерістерге тоқталып өтсеңіз...

- Павлодар облысының мәдениет саласы соңғы жылдары жүйелі түрде дамып, өңір тұрғындарының рухани қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған ауқымды жобалар мен бастамалар іске асырылуда. Мәдениет - үздіксіз дамитын сала. Мәдени майданға екі-үш жылмен баға бере алмаймыз. Сонау кезеңдерден жалғасып келе жатқан мәдениеттің жілік майын үзіп алмай бір толқында ұстап, даму бағытына қарай көш түзеуіміз керек. Әрине, мәдени инфрақұрылымды жаңғырту, мәдени мұраны сақтау, шығармашылық ұжымдарды қолдау, цифрландыру үдерістерін дамыту және халықтың мәдени қызметтерге қолжетімділігін арттыру бағытында көшенді жұмыстар жүргізілетіні хақ.

Соңғы жылдары облыста бірқатар мәдениет нысандары күрделі және ағымдағы жөндеуден өтті, материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Ауылдық мәдениет үйлері мен клубтардың қызметін жандандыруға ерекше көңіл бөлініп, оларды заманауи дыбыс, жарық және сахналық жабдықтармен қамтамасыз ету деңгейі артты. Сонымен қатар кітапханаларды жаңғырту, олардың цифрлық ресурстарын кеңейту, оқырмандарға жаңа форматтағы қызметтер ұсыну жұмыстары жүйелі түрде жалғасуда.

Өңірдің мәдени өмірінде халықаралық, республикалық және облыстық деңгейдегі фестивальдер, конкурстар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Соның ішінде дәстүрлі «Ертіс-Баян» театр фестивалі, айтыс өнері, халық шығармашылығын дамытуға бағытталған республикалық ақындар айтыстары, мүшәйралар өңірдің мәдени брендтеріне айналды. Сондай-ақ ұлы тұлғалардың мерейтойлары мен мемлекеттік маңызы бар атаулы күндер жоғары ұйымдастырылу деңгейде аталып өтіп, олардың аясында ғылыми-тәжірибелік конференциялар, көрмелер, театрландырылған қойылымдар мен концерттік бағдарламалар үзілмей келеді.

Театр өнерін дамыту бағытында облыстық театрлардың жаңа қойылымдармен репертуары толықтырылып, отандық драма-

Мәдениет – ұлттың рухани тірегі, ал тіл мен тарихи жады – оның мәңгілік негізі. Павлодар облысында осы бағыттарды дамыту, ұлттық құндылықтарды сақтау және мәдени инфрақұрылымды жаңғырту бойынша ауқымды жұмыстар жүзеге асырылып келеді. Өңірдегі мәдени саясаттың бүгінгі тынысы, алдағы жоспарлар, мемлекеттік тілдің өрісі, архив ісінің дамуы және мәдениеттің цифрлық дәуірдегі жаңа мүмкіндіктері туралы Павлодар облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Медет Тауасқанмен тілдескен едік.



«...Біздің басты мақсатымыз – Павлодар облысының бай тарихи-мәдени мұрасын сақтай отырып, мәдениетті өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды құрамдас бөлігіне айналдыру...»

тургиямен қатар әлемдік классика туындылары сахналануда. Театр ұжымдары халықаралық және республикалық фестивальдерге қатысып, кәсіби деңгейін арттыруда. Музей ісін жаңғырту мақсатында экспозициялар жаңартылып, заманауи интерактивті технологиялар енгізілуде, өңір тарихы мен мәдени мұрасын насихаттайтын жаңа көрме жобалары жүзеге асып жатыр.

Біздің басты мақсатымыз - Павлодар облысының бай тарихи-мәдени мұрасын сақтай отырып, мәдениетті өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды құрамдас бөлігіне айналдыру. Осы бағытта мемлекеттік мекемелермен, шығармашылық зиялы қауыммен, қоғамдық ұйымдармен және жастармен тығыз ынтымақтастық орнатып, мәдениеттің

барлық саласын жаңа деңгейге көтеруге күш салып келеміз. Алдағы уақытта да мәдени инфрақұрылымды жаңғырту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, шығармашылық әлеуетті дамыту және өңірдің мәдени брендіне айналған жобаларды одан әрі кеңейту негізгі басымдықтардың бірі болып қала береді.

- Президент жариялаған реформалар мен жаңа қоғамдық өзгерістер өңірдің мәдени саясатына қалай әсер етуде?

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бастамашы болған саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалар еліміздің мәдениет саласының дамуына жаңа серпін берді. «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы, ұлттық құрылтайларда көтерілген бастамалар, мәдениет пен

руханиятты дамытуға бағытталған мемлекеттік саясат өңірлердегі мәдени жұмыстың мазмұны мен форматына елеулі өзгерістер енгізді. Бүгінде мәдениет - концерттік немесе мерекелік іс-шаралар өткізумен ғана шектелмей, ұлттық бірегейлікті нығайтатын, қоғамдық келісімді қалыптастыратын, тарихи сананы жаңғыртатын маңызды стратегиялық сала.

Павлодар облысында да осы басымдықтарға сәйкес мәдени саясат жаңа мазмұнда жүзеге асырылып келеді. Президент реформалары аясында бірнеше маңызды бағытқа басымдық беріліп отыр. Біріншіден, мәдени инфрақұрылымды жаңғырту. Облыста мәдениет үйлерін, кітапханаларды, музейлерді кезең-кезеңімен жөндеу, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары

жүргізілуде. Заманауи сахналық, жарық және дыбыс жабдықтары сатып алынып, ауылдық мәдениет орындарының мүмкіндігі кеңейтілуде. Бұл ауыл тұрғындарының сапалы мәдени қызметтерге қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Екіншіден, ұлттық мәдени мұраны сақтау және дәріптеу. Павлодар өңірі - Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бұқар жырау, Иса Байзақов, Жаяу Мұса, Естай Беркімбайұлы және басқа да тұлғаларымыздың қасиетті мекені. Осы тұлғалардың шығармашылық мұрасын насихаттау мақсатында ғылыми конференциялар, республикалық оқулар, әдеби кештер, көрмелер және мәдени-ағартушылық жобалар тұрақты ұйымдастырылып келеді. Сонымен қатар тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау, қалпына келтіру және оларды цифрлық форматқа көшіру бағытындағы жұмыстар өз ретін тауып атқарылып жатыр.

Үшіншіден, театр және кәсіби өнерді дамыту. Ж.Аймауытов атындағы облыстық қазақ музыка-драма театры, А.П.Чехов атындағы драма театры, Иса Байзақов атындағы филармония шығармашылық репертуарларын жаңа қойылымдармен толықтырып, республикалық және халықаралық фестивальдерге тұрақты қатысып келеді. Жас режиссерлер мен орындаушыларға қолдау көрсетіліп, отандық драматургияны дамытуға ерекше көңіл бөлінуде.

Төртіншіден, кітапхана ісін жаңғырту. Президент тапсырмасына сәйкес кітапханаларды тек кітап сақтау орны емес, заманауи мәдени-ағартушылық орталықтарға айналдыру жұмыстары жүргізілуде. Электрондық каталогтар дамытылып, цифрлық қорлар толықтырылуда, жастарға арналған коворкинг алаңдары, шығармашылық кездесулер мен әдеби клубтар ұйымдастырылуда.

Мәдениеттің ашықтығы мен тиімділігін арттыру да реформалардың маңызды нәтижелерінің бірі болып отыр. Бүгінде мәдениет ұйымдарының қызметіне цифрлық технологиялар кеңінен енгізіліп, онлайн көрмелер, виртуалды экскурсиялар, электрондық кітапханалар мен архивтік ақпараттық жүйелер халыққа қолжетімді. Жалпы алғанда, Президент реформалары Павлодар облысының мәдени саясатын жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасатын болады.

- Облыстағы театрлар, музейлер, кітапханалар мен мәдениет үйлерінің жұмысын жаңа деңгейге көтеру үшін қандай нақты жобалар қолға алынуда?

- 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында Павлодар облысының мәдениет саласы халықаралық



және республикалық деңгейдегі маңызды мәдени жобаларды табысты жүзеге асырып, өңірдің шығармашылық әлеуетін кеңінен танытты. Фестивальдер, конкурстар, гастрольдік сапарлар мен көрмелерге қатысу арқылы облыс өнерпаздары жоғары кәсіби деңгейін дәлелдеп, ұлттық мәдениеттің мәртебесін арттыруға елеулі үлес қосты. Айта кететін болсақ, Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармониясының шығармашылық ұжымдары халықаралық байқауларда жарқын жетістіктерге жетті. «Нұр» би ансамблі Татарстан Республикасының Қазан қаласында өткен XV халықаралық «Зажи свою звезду!» би өнері фестиваль-конкурсында I дәрежелі дипломға ие болса, камералық хор Ақтөбе қаласында өткен Ахмет Жұбановтың 120 жылдығына арналған «Жұбановтар көктемі - 2026» халықаралық хор музыкасы фестивалінде II орынды иеленді.

Облыстық «Шаңырақ» орталығының «Шаңырақ сазы» ансамблі Италияның Сардиния аралындағы халықаралық «IS Pariglias» фольклор фестиваліне арнайы шақырту алып, қазақтың дәстүрлі музыкасы мен ұлттық өнерін шетелдік көрерменге таныстырды.

Креативті индустрияны дамыту бағытында да маңызды бастамалар жүзеге асырылды. Облыстың креативті индустрия өкілдері республикалық Creative Aimaq көрме-жәрмеңкесіне қатысып, Ертіс-Баян өңірінің шығармашылық әлеуетін таныстырды.

Жыл басынан бері музейлер де мазмұнды мәдени іс-шаралардың негізгі алаңына айналды. Г.Н.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде экскурсия жүргізушілердің облыстық байқауы өткізіліп, қатысушылар өңірдің тарихи-мәдени мұрасын насихаттаудағы кәсіби шеберліктерін көрсетті.

- Бүгінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу мәселесі өте өзекті. Осы бағытта Павлодар облысында қандай

тың бастамалар жүзеге асырылып жатыр?

- Бүгінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу - қоғамның маңызды бағыттарының бірі. Ұлттық мәдениетті насихаттау, дәстүр мен салт-сананы жаңғырту, тарихи-мәдени мұраны сақтау, жастарға ұлттық тәрбие беру және ұлттық өнерді қолдауға бағытталған жобалар мен іс-шаралар жүзеге асырылып жатыр. Павлодар облысының музейлері бұл бағытта дәстүрлі көрмелермен ғана шектелмей, заманауи жобаларды да жүзеге асыруда. Музейлерде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, қолөнері, ұлттық киімдері, салт-дәстүрлері таныстырылатын экспозициялар заманауи мультимедиялық технологиялармен толықтырылуда. Келушілер кейбір жәдігерлердің цифрлық нұсқаларымен танысып, тарихи мәліметтерді интерактивті форматта ала алады. Музейлер мектептер мен колледждер үшін танымдық экскурсиялар, ашық сабақтар, ұлттық құндылықтарға арналған кездесулер өткізіп, өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға үлес қосуда. Жалпы, Павлодар облысының музейлері ұлттық құндылықтарды дәріптеуде дәстүрлі музей жұмысын заманауи технологиялармен ұштастырып, жастардың қызығушылығын арттыруға, тарихи мұраны сақтауға және оны кеңінен насихаттауға басымдық беріп отыр.

- Жастарды мәдениетке, кітап оқуға, ұлттық өнерге баулуда қандай тиімді жобалар бар? Жас буынның қызығушылығы қандай деп ойлайсыз?

- «Адамды адам еткен - кітап, адамзат еткен - кітапхана» дейді Әбіш Кекілбаев. Біз қанша цифрлану дәуіріне көшіп кетсек те, кітапты, кітапхананы ұмытпауымыз керек. Біздің жадымызда кітапханаға деген сүйіспеншілік, қажеттілік болу қажет. Сонда ғана мықты ұлтқа айналамыз. Өзіңізге белгілі,

қолданылу аясын кеңейту үшін қандай жұмыстар атқарылуда? Қандай нәтижелерді ерекше атап өтер едіңіз?

- Жыл сайын қазақ тіліне тегін оқыту курстары ұйымдастырылуда. Ол тіліміздің қарқынды дамуына серпіліс береді. Осы курстың аясында 857 адам тегін оқытылды. Оның 441-і - қазақ, 416-сы - өзге этнос өкілдері. Жыл соңына дейін жалпы саны 2126 адамды оқыту жоспарда бар. Оған қоса жыл басынан бері басқарма тарапынан мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында да шаралар ұйымдастырылуда. Солардың қатарында «Тіл шебері», «Түркі жазбалары - мәңгілік мұра», «Ұлттық ономастика - ел айнасы», «Мемлекеттік тіл - Тәуелсіздік символы», «Мемлекеттік тілде үздік қызмет көрсету» тәрізді облыстық байқаулар бар.

- Қазақ тілінің қоғамдағы мәртебесін көтеруде алдымен нені өзгерту қажет деп есептейсіз?

- «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады» дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Ана тіліміздің мәртебесін өзімізден, отбасымыздан бастауымыз керек. Отбасынан басталып, сүйекке сіңген тіл өмір бақи жадынан өшпейтіні хақ. Тілді жетік білу - ана тілімізге деген құрмет. Тіліміз шұбарланбауы үшін басқарма тарапынан қаншама істер қолға алынып, жұмыс жоспарлы түрде жүріп жатыр. Әрине, сіз айтып отырған қазақ тілінің қоғамдағы мәртебесі жоғары деңгейде. Қозғап отырған дүниеміз тіл мәртебесі болса, басқарма тарапынан атқарылып жатқан мына істерге тоқтала кетейін. «Мемлекеттік тіл - сапалы қызмет кепілі» тақырыбында тіл заңнамасының талаптарын түсіндіру жұмыстары «Қазпошта», «Қазақтелеком» мекемелерінде жүргізілді. Бұл да тіліміздің абыройын көтеруге ықпал ететіні сөзсіз. Бұдан



Мемлекет басшысының кітап оқу мәдениетін дамыту жөніндегі бастамасы аясында 2025 жылдың қыркүйек айында «Кітап оқитын ұлт» жобасы пилоттық режимде іске қосылды. Павлодар облысы әкімінің орынбасары Айгүл Қайыртасқызымен «Кітап оқитын ұлт» жобасын іске асырушы тарап арасында екіжақты ынтымақтастық туралы меморандумға шілде айында қол қойылды. Бұл құжат өңірде кітап оқу мәдениетін дамытуға, жастардың кітапқа қызушылығын арттыруға, кітапханалардың жұмысын жаңа форматта ұйымдастыруға және бірлескен мәдени-ағартушылық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Аталмыш жоба 7 бағыт бойынша жұмыс істейді.

- Тілдерді дамыту саласында мемлекеттік тілдің

өзге «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының сақталуы бойынша мерзімді тексеру жұмыстарын жүргізу де қолға алынған. Осы мақсатта 2026 жылдың I жартыжылдығында 6 мекеме тексерілді. Атап айтсам, Павлодар ауданынан 3 мекеме, Ертіс ауданынан 3 мекеме. Ал II жартыжылдықта 10 мекемені тексеру жоспарға кіргізілген болатын. Баянауылдан 6 мекеме, Шарбақтыдан 4 мекеме толық тексерістен өтті. Тексеру мақсаты кемшіліктерді тауып, жауапты тұлғаларға шара қолданудан гөрі оларға әдістемелік көмек көрсету мен заңнама талаптарын түсіндіруге бағытталып, бірлескен жұмыстар атқарылды.

- Архив саласы көбіне көпшілік назарынан тыс қалып жатады. Бүгінде архивтердің цифрландырылуы мен тарихи құжаттарды сақтау бағытында қандай жұмыстар жүргізілуде?

- Сіз айтып отырған назардан тыс қалған архив туралы аз-кем сөз қоғайын. Қараңыз, облысымыздың архивтерінде 4625 қор, 1391987 құжат сақталуда. Өңір бойынша 11 филиалы өз жұмысын жүйелі түрде істеп жатыр. 183 636 құжат цифрлық форматқа көшірілді. Ал 952 тізім жасалды. 2025 жылы Павлодар облысының мемлекеттік архивінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оған қоса Павлодар ауданының архиві үшін ғимарат іздестіру жұмыстары оң шешімін тауып, Академик Бектұров көшесі, 50А мекенжайындағы, жалпы алаңы 917 шаршы метр болатын ғимарат Павлодар облысының мемлекеттік архиві теңгеріміне алынды. Бұл дегеніміз - жасалып жатқан жұмыстың бір парасы ғана. Алдағы уақытта да ауқымды істер жалғасады.

- Ауылдық мәдениет орындарының жағдайы қандай? Олардағы инфрақұрылымды, материалдық-техникалық базаны жақсарту бойынша қандай жұмыстар жүргізілуде?

- Әрине, біз аудандық, ауылдық мәдениет ошақтарын назардан тыс қалдырмаймыз. Бәрін күнде жаңартып жібере алмаймыз. Уақыт ағымымен біртіндеп істейміз. Мысалы, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің және «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының қолдауымен Ертіс ауданының мәдениет үйі мен Май ауданы Қаратерек ауылдық мәдениет үйінің материалдық-техникалық базасы нығайтылады. Бұл тұрғыда жұмыс өз жалғасын табатын болады.

- Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мәдениет саласының жұмысына қандай мүмкіндік береді деп ойлайсыз?

- Цифрлық технология, жасанды интеллект қай салаға болсын дендеп кіріп, белгілі бір деңгейде өзінің қызметін атқарып жатыр. Бұл - қоғам талабы. Біз де цифрлық технологиядан қалмай, Г.Н.Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі «Ғасырлар жолы: жасанды интеллект көзімен» және Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейі «Жаңырыған тарихи мұра» цифрландырылған экспонаттар көрмелерін дайындап, көрермендерге ұсынып жүр. Тағы да айта кететін дүние, өткенде ғана Баянауыл ауданында ашылған «Сарыарқа сыры» визит орталығы соңғы технологиялармен жабдықталған.

- Павлодар облысының мәдениетін республика көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде таныту үшін қандай жоспарлар бар?

- Павлодар мәдениетін, руханиятын, ғылым-білімін халықаралық деңгейде танытудан тұралап тұрған жоқ. Жалғыз жорта шаппай, бірлесіп, қай көлемде болсын бағындырарымыз сөзсіз. Сондай-ақ, өңірдің тарихи-мәдени мұрасы мен шығармашылық әлеуетін заманауи цифрлық платформалар арқылы насихаттауға ерекше көңіл бөлінеді. Өңірде халықаралық деңгейдегі мәдени іс-шараларды өткізу арқылы Павлодар облысының мәдени брендин қалыптастыру және мәдени туризмді дамыту жұмыстары жалғасады.

- Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан -
Асыл ӘБІШЕВ,
«Aiqara.kz» ақпараттық порталының бас редакторы.



Өмірге құштарлық



Асылмен сұхбаттасу барысында оның шынымен бір сәт тыным таппайтынына куә болдым. Жоқтан бар жасауға ұмтылысы сезіледі. «Арбаға таңылған соң тіршілік тоқтайды, бұл қоғамнан жырақ өмір сүресің» деп ойлайтындар қатты қателеседі. Оған кейіпкерімнің әрекеті, жүріп өткен жолы дәлел. Белгілеген жерге келсем, Асыл көлігінде отыр екен. Ғимаратқа кіріп, сұхбат беруге түсу үшін жүк салғыштан арбасын алып, оған жайғасуына жәрдемдестім. Иә, Асылдың күнделікті ары-бері қатынауы осылай өзгелердің көмегіңсіз мүмкін емес. Алайда, ол оған еш мойымайды, үйдегі жақындарының қолы тимесе, ауладағы азаматтардан да, кетіп бара жатқан жаннан да көмек сұрай салады. Ал көлігіне жайғасты ма, дiттеген жеріне жету ол үшін сөз емес. Себебі, арбаға таңылса да, көлік тізгіндеуді үйреніп, темір тұлпарын өзіне ыңғайлатып алған.

Тыным таппайды

Өмірін күрт өзгерткен...

Сәл шегініс жасап, бозбала кезінде өмірін «дейін» мен «кейінге» бөлген жайтты еске түсірдің. Асыл Әміров қатарластары сияқты мектептен кейін жоғары оқу орнына түсіп, металлургия мамандығын меңгереді. Әкесі сияқты туған қаласы Ақсуда зауытта қызмет етуді мақсат етеді. Дипломын алып, алаңсыз өмір сүре бастаған жылдың жазында өмірі күрт өзгерді. Досымен жол апатына түсіп, мойын омыртқасынан зақым алып, ота жасалады. Бүкіл денесі қозғалыссыз қалады.

- Алғашында оқиғаның салдарын жіті түсінбеген екенмін. Бір апта жатып, қалпыма келіп, жүгіріп кететіндей көрдім. Алайда, айлап төсекке таңылдым. Қозғалыссыз жатқаннан денем ойылып кетпесін деп, жарты сағат сайын аунатып отырды. Дәретке де катетермен барып, біраз азап тарттым. Бір ай бойы аурухана палатасында төбеге қарап жатып, күн өткіздім. Көк аспанды көру арман болды. Алғаш рет арбаға отырғанда кеудем қысып, ауа жетпей қалғаны - есімде. Дәрігерлер «бәрі - өз қолыңда» деді. Әрекет етсең, аяқтан тұруға болатынын ескертіп, үйге шығарды, - дейді ауыр оқиғадан кейінгі кезді еске алған Асыл Әміров.

Үйге оралған соң катетерге инфекция түсіп, қайтадан ауруханаға жатуға тура келеді. Бұл да ұзақ емді қажет еткен. Осыдан кейін Асыл Салтанатұлы үйінде үздіксіз шамасы келгенше жаттығу жасауды бастайды. Себебі, бұл сәтте Асылдың тіпті қос қолы көтеруге қауқарсыз еді.

- Көп уақытым жатумен өтетін. Ал тұрғызып, арбаға отырғыза берсе, талып қалатынмын. Жатқанда қанайналым дұрыс болмай, ауа жетпей, салдарынан есімнен тана бердім. Жаттығу жасап, алға ұмтылуыма себепкер болған жандардың бірі - марқұм Ғизат аға. Ол кісі - дәл осы жаттығудың арқасында арбадан тұрған азамат. Тәжірибесін айтып, алғашында швед қабырғасына аяқ-қолымды байлап, бірер секундтарға тұрғызатын. Ол үшін бірнеше адам қасында тұрып, көмектесуші еді. Кейін біртіндеп минутқа жеткіздік. Май ауданында ағаның арнайы ем-шара жүргізетін орнына бардым. Жаз бойы тұзды көлдің маңында күні бойы жаттығу жасап, швед қабырғасының көмегімен отырып-тұрып, аяқ-қолымызды қозғалысқа келтіретінбіз. Тұзды көлге түсіп, емдерін қабылдадым. Аға сонда ешкімнен ақы алмады. Тек тамағымызға ақшамызды апаратынбыз. Үйге келіп те сол жаттығуларды жалғастырамыз.



Жалпы, 4-5 жыл үздіксіз жаттығудың нәтижесінде өздігімнен қимыл жасауға шамам жетті. Біреуге тәуелділіктен сәл-пәл арылдым, - дейді күнделікті жаттығудың берген нәтижесі жайлы айтқан кейіпкеріміз. Бүгінде жаттығуды күнделікті жасамаса да, арасында отырып-тұруды әдетке айналдырған. Шипажайларға барып, ем-дом алып тұрады.

Демеу дем берді

Өмірдің қиын сәттерінде демеу дер кезінде көрсетілмесе, кейбір адамдар сынып кетеді. Өмірден түңіліп, тұңғыққа түседі. Осы тұрғыдан Асылдың жолы болған. Сынақты жалғыз еңсерген жоқ. Ата-анасы, ағасы мен бауырлары қасынан табылды. Олар әрдайым қолдау көрсете білді. Аяғынан тік тұрып кетуіне күш салады. Ал өмірлік серігі болуға серттескен ару апаттан кейін де Асылдай азаматынан алшақтамайды.

- Жұбайым Ырысалдымен университетте оқып жүргенде танысып, қыз-жігіт болып жүрдік. Апатқа ұшырап, аурухана төсегіне таңылып жатқанда келіп тұрды. Мен келмеуім, менен қол үзуді көп сұрадым. Барынша алшақтатып жіберуге тырыстым. Бірақ ол келуін тоқтатпады. Мен де үйрендім, өзімді қабылдай бастадым. Келіп, ас-суымды беріп жүрді. Өйткені, қасықтың өзін ұстай алмайтынмын, - дейді сын сағатында серік бола білген жандар туралы айтқан Асыл Әміров.

Сөйтіп, қиын кезде де қасынан табылған жанмен 2020 жылы отау құрды. Асыл Әміров өмірінің тағы бір белесі басталды. Жас отбасында бүгінде Саида және Хақназар есімді екі бүлдіршін өсіп келеді.

Табыс көзін тапты

Отбасылы болған соң үйде қол қусырып отырудан жалығады. Ер азамат ретінде үйіне табыс әкелуді қалайды. Алғашында ағасының пәтерінің ипотекасын өтеп, оны жалға беріп, кіріс табады. Ата-анасымен тұрып, жалға берілетін баспананы сатып, бір бөлмелі пәтер сатып алады. Оны жалға беріп, күн көреді. Кейін тағы екі бөлмелі баспана сатып алуға шамасы жетеді. Әрине, мұның бәрінде жақындарының жан-жақты қолдауы бар. Жағдайы оңала бастағанда отау болып, ата-анадан бөлек шығады. Бірінші қабаттан пәтер алады. Бұдан кейін көлік алып, такси жасауға да бел буады. Әйелі - дәрігер. Ол да отбасы үшін еңбек етуде.

- Такси қызметі арқылы табыс табайын деп көлік жүргізуді үйрендім. Бірінші көлігімнің көлемі үлкен болған соң шығыны да көп болды. Оны ауыстырып, машинаны қолмен басқаруға бейімдеттім. Әрине, ұзақ уақыт жүруге бел шыдатпайды. Павлодар-Ақсу арасында күніне бір-екі рейс жасайтынмын. Көбі жүре алмайтынмын байқамайды. Кейде жүк салғыштан жүкті түсіруге немесе салуға көмек сұрағанда айтып, түсіндіретін едім, - дейді тынымсыз тірлік етуге бейім азамат.

Әрдайым табыс көзін іздеумен жүретін азамат бір жылдары қайтарымсыз грант алып, мал өсіруге ұмтылып көрген. Ал биыл фастфуд дүңгіршегін ашты. Донер, пита өнімдерін жасап, сатумен айналысуда. Бауырларын тартып, ісін бастап кеткен. Кәсібіне қажетті керек-жарақты өзі жеткізіп береді. Бұл кәсіптің қыр-сырын донер жасаудың шебері, жомарт жандардың бірі үйретіп, жол сілтеген екен. Алда тағам түрлерін көбейтуді

көздейді. Айтпақшы, Асыл әлеуметтік желіде блог жүргізуді де қолға алған. Өмірге құштар азамат еңбектеніп, әрекет еткен адамға табыс табылатынына сенімді.

Спортты серік етті

Асыл әрдайым қоғамдық өмірге араласып, үйде отырмаудың қамын ойлайды. Өзі сияқты арбаға таңылған ақсулық Марат есімді аға Асылға спортпен айналысуға кеңес береді. Сөйтіп, арбамен теннис ойнауды қолға алады.

- Бастапқыда, теннис ракеткасын қолыммен қысып ұстай алмадым. Содан ракетканы қолыма таңып, орап тастайтынбыз. Ақыры оған да үйрендім. Жарыстарға қатысып, нәтиже көрсете бастадым. Стипендия да алдым. Қазақстанның біраз қаласын араладым. Теннистен спорт шеберіне үміткер атағын да алдым. Кейін қиындап кетті. Садақ атуға барып көрдім. Мұнда қолмен тарту ауырға соқты. Саусақтарымың күші де, икемі де келмеді. Біраз уақыт бочча спортымен айналысып, айтарлықтай нәтижеге қол жеткіздім. Алматы, Астана қалаларында жарыстарға қатысып, Қазақстанның құрамасына кірдім. Польшада өткен жарыста өнер көрсеттім, - дейді спорттағы жарқын белестерімен бөліскен кейіпкеріміз.

Ал қазір Асыл Әміров таэквондо спортына ауысқан. Мұнда қара белбеу алған. Айтпақшы, Асылдың қоғамдағы белсенділігі - бір төбе. Ол Ақсуда ERG компаниялар тобының арнайы бастамасымен іске асатын «Туған қала» жобасы аясында ұтымды ұсыныстарымен көзге түскен. Мұнда мүмкіндігі шектеулі жандарға қалада жайлы

орта қалыптастыруға күш салған. Орталық жағажайда арбамен жүретін жандарды түсіріп, көтеретін арнайы құрылғы орнатып, өзен суына еш қиындықсыз шомылуға жағдай жасатқан. Өзенге дейін жететін жолды да салғызыпты. Айта кетейік, «Туған қала» аясында азаматтар шаһарды көркейтуге қатысты жобаларын ұсынады. Көп дауыс жинаған жобалар компания тарапынан қаржыландырылады. Бочча спортына арналған алаңды да Асыл Әміров аталмыш жоба аясында салуға мұрындық болған. Одан бөлек, Қазақстанның арбада отырып, теннис ойнайтын азаматтарының басын қосып, ауқымды турнир де ұйымдастырған. Осы сәтте, Ақсуда қонақ үй мәселесі барын байқағанын айтады. Осылайша, ол өз қамын ғана емес, өзге де мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселесін шешуге күш, уақыт табуда.

Сенім бар

Өмірін өзгерткен жол апатына тап болған алғашқы кезеңде өмірден күдер үзгендей күй кешкенімен қазір оның табы да жоқ дейді кейіпкеріміз.

- Алла қимыл-қозғалысқа келуіме күш-қуат берді. Жақын-дарымның, отбасымның қолдауымен уайымсыз жүріп келемін. Өмірімнің жалғасы - балаларыма қарап күш аламын. Төсек тартып жатқанда ұрпақсыз өтем бе, сүренсіз күндер кешемін бе енді деген үрей болып еді. Қазір бәрі - басқаша. Өміріме ризамын. Еш уайым жоқ, тек алға ұмтыламыз. Жалпы, адамдарға уақытты өткізіп алмау керек дер едім. Уақыт тым тез өтеді, өмір сүріп үлгеру керек. Әр сәттен рахат алу қажет. Өмірде өзінді шектемеген жөн, - деді өмірге құштар ақсулық азамат.

Асыл Әміров әлі де үміт үзбейді. Медицина дамыған заманда күндердің бір күнінде емі табылып, аяқтан тік тұруына мүмкіндік береді деген ойда. Ол әлем ғалымдарының түрлі эксперименттері бір күні нәтиже беретініне сенеді. Ал біз сол сенімнің ақталуына тілектеспіз.



Жобаның авторы -
Гүлжайна ТҮГЕЛБАЙ.

БӘРЕКЕЛДІ!

Қазақ биі – Кальяриде

Қазақтың ұлттық би өнері Италияның төрінде дәріптелді. Иса Байзақов атындағы облыстық филармонияның «Шернияз» би ансамблі Сардиния аралындағы көне Кальяри қаласында өткен «Is Pariglias» халықаралық этникалық би фестивалінің 50 жылдық мерейтойына қатысып, Қазақстан атынан өнер көрсетті.



Мерейтойлық фестивальге әлемнің әр түкпірінен келген шығармашылық ұжымдар жиналды. Бірнеше күнге жалғасқан мәдени шара барысында ашық аспан астындағы концерттер, мерекелік шерулер, шеберлік сағаттары мен шығармашылық кездесулер ұйымдастырылды.

Павлодарлық өнерпаздар фестиваль көрермендеріне қазақтың ұлттық би өнерінің сан қырын таныстырды. «Қаражорға», «Көңілашар», «Адай» және «Балбырауын» билерін орындаған бишілер ұлттық нақыштағы төрт түрлі концерттік костюммен сахнаға шықты. Әсіресе, «Қаражорға» биі шетелдік көрермендердің ерекше қызығушылығын тудырды.

«Шернияз» ансамблінің негізін қалаушы әрі көркемдік жетекшісі, Қазақстанның мәдениет қайраткері Нұрлан Бековтің айтуынша, фестивальге қатысушылар қазақ биінің қимылдарына қызығушылық танытып, оның негізгі элементтерін үйренуге ниет білдірген.

- Әрбір ұжымның өзіндік ерекшелігі болды. Біз қазақ билерін көрсетсек, басқа елдердің өнерпаздары өз мәдениетін таныстырды. «Қаражорғаға» көрер-

созылған шеруде қол соғып, қошемет көрсетті.

Фестивальден бөлек, павлодарлық өнерпаздар Сардинияның тарихи орындарын аралап, Кальяри қаласының сәулет ескерткіштерімен танысты. Жерорта теңізінің жағалауында болып, аралдың мәдениеті мен дәстүрін жақынырақ тануға мүмкіндік алды.

Халықаралық өнер додасының қорытындысында «Шернияз» ансамблінің өнері ұйымдастырушылар мен фестиваль қатысушылары тарапынан жоғары бағаланды. Павлодарлық ұжымға алдағы уақытта өзге мемлекеттерде өтетін халықаралық фестивальдерге қатысуға шақырту жасалды.

Айта кетейік, 2009 жылы құрылған «Шернияз» би ансамблі осы уақытқа дейін Франция,



мендер ерекше қызығып, би қимылдарын қайталап, негізгі элементтерін үйретуді өтінді, - дейді Н.Беков.

Павлодарлық бишілер «Қаражорғаны» Кальяридің көне көшелерінде өткен гала-шеру кезінде де орындады. Ұлттық өнерді тамашалаған қала тұрғындары қазақстандық өнерпаздарды зор ықыласпен қарсы алып, ұзаққа

Португалия және Ресейде өнер көрсетіп, қазақтың ұлттық би өнерін шетелдік көрерменге танытып жүр. Кальяри төріндегі кезекті өнер сапары да ұжымның халықаралық шығармашылық байланысын нығайтып, ұлттық өнерді әлемге танытуға жаңа мүмкіндік берді.

ТАРИХ

Түгел батыр ізімен

Туған жердің тарихын түгендеп, қасиетті орындарды кейінгі ұрпаққа таныту – елдік сананы қалыптастырудың маңызды бағыттарының бірі. Осы мақсатта Ертіс ауданында «Keruenstories: Ұлы Қазақ Даласы» жобасы аясында тағылымды тарихи-танымдық сапар ұйымдастырылды.



Ертіс аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің қолдауымен және аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен

өткен шараға ауданның зиялы қауым өкілдері қатысты. Сапарға Ертіс аудандық орталық кітапханасының директоры Әлия Баязова жетекшілік етті.

Танымдық керуеннің алғашқы аялдамасы Қызылағаш ауылдық кітапханасы болды. Қонақтарды Сілеті ауылдық округінің әкімі Жеңіс Батырғожинов пен кітапханашы Анар Майкенқызы қарсы алып, ауылдың өткені мен бүгінгі, тарихи-мәдени мұрасы және өлкетану бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жайында әңгімеледі.

Кейін қатысушылар Түгел батырдың жерленген жеріне ат басын бұрып, батыр рухына тағзым етті. Осы жерде тарихи тұлғаның өмір жолы мен ел қорғаудағы ерлігі туралы деректер айтылып, кейінгі ұрпаққа қалдырған өнегесі сөз болды.

Тарихи орынға жасалған сапар табиғат аясындағы танымдық бағдарламаға ұласты. Қатысушылар Қызылағаш ауылы маңындағы қарағайлы орманды, Сілеті өзенінің жағасын және күнбағыс алқабын аралап, туған өлкенің табиғи ерекшеліктерімен танысты.

Келіңіздер! Көріңіздер!

Құрметті Павлодар
облысының тұрғындары
және қонақтары!

Назарларыңызға 2026 жылдың
13 - 19 тамыз күндері аралығында
өтетін мәдени іс-шаралар кестесін
ұсынамыз

Павлодар қалалық
«Ertis Promenade» сахнасы

13 тамыз, сағат 19.00-де
Железин аудандық шығармашылық
ұжымдарының концерті

14 тамыз, сағат 19.00-де
Ақтоғай аудандық шығармашылық
ұжымдарының концерті

15 тамыз, сағат 09.00-де
«Отбасы Fest» отбасылық-
спорттық фестивалі

15 тамыз, сағат 16.00-де
«Tartyl Fest» тартылу бойынша
спорттық фестивалі

15 тамыз, сағат 20.30-да
би кеші

16 тамыз, сағат 19.00-де
«ВОО» тобының концерті

Павлодар қалалық
Орталықтандырылған кітапханалар
жүйесі

13 тамыз, сағат 15.00-де
жазушы Максим Зверевтің туғанына
130 жыл толуына орай «Зверев
кітаптарының құпиясы» атты әдеби
шолу

14 тамыз, сағат 15.00-де
«Қызықты кітап беттерінен»
аудиоәңгімесі

С.Торайғыров атындағы
облыстық кітапхана

19 тамыз, сағат 15.00-де
Павлодар география үйінің кітапхана
қорынан «Жануарлар жанымызда»
кітап көрмесі

Екібастұз қалалық
Кеншілер саябағы

14 тамыз, сағат 20.00-де
Ретро концерт

Н.Нұрмұхаммедов атындағы
облыстық көркемсурет музейі

13 тамыз бен 31 тамыз
аралығында «Альрами» клуб үйінің
25 жылдығына арналған «Жан бояу-
лары» ұжымдық көрмесі

Д.Багаев музей-үйі

12 тамыз - 13 қыркүйек
аралығында фотосуретші Николай
Рындиннің жеке көрмесі

* Іс-шаралар кестесінде толықтырулар мен
өзгерістер болуы мүмкін.

Бетті әзірлеген - Айдана БОРАНБАЕВА.

АУЫЛ КҮНІ



ДУМАН

Көркейе бер, Кенжекөл!

Павлодар қаласына қарасты Кенжекөл ауылында дәстүрлі «Ауыл күні» мерекесі аталып өтті. Облыс орталығының іргесінде орналасқан елді мекеннің 98 жылдығы қарсаңында екі күнге созылған ұлттық спорт түрлерінен сайыстар, қолөнер көрмесі және концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, жергілікті жұртшылық пен ауыл қонақтары мәре-сәре болды.

Сара ӘБДОЛ

Павлодар қаласына қарайтын, 10 мыңнан астам тұрғыны бар Кенжекөл елді мекенінде «Ауыл күні» атап өту игі дәстүрге айналып келеді. Жыл сайын көркейіп, аумағы абаттандырылып, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне жағдай жасалған ауыл азаматтары үшін бұл күн тағатсыздана күтетін халықтық мейрамдардың қатарына қосылды.

Бұл ретте Павлодар қаласының әкімі Хасар Хабылбеков жерлеріне жылы лебізін білдірді.

- Кенжекөлдің тұрғындары әрдайым еңбекқорлығымен ерекшеленеді. Ауылдың өркендеуі мен тұрғындардың бірлігінің нәтижесінде ауыл жыл сайын көркейіп келеді. Бүгінде тұрғындарға жайлы өмір сүруге қажеттінің бәрі бар. Инфрақұрылым дамып, жолдар жөнделіп, көшелер абаттандырылуда. Бұл - ауылға деген қамқорлықтың белгісі. Кенжекөлдің дамуына өз үлесін қосып жүрген барлық тұрғындарға алғысымды білдіремін, - деді ол.

Кенжекөл ауылдық округінің әкімі Медет Сансызбаев та ауылдастарын айтулы күнмен құттықтап, ауылдың көркейе беруін тіледі.

- Бүгінде елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсы. Тұрғындар сапалы ауызсумен қамтылған. Бейнебақылау құрылғылары да жұмыс істеп тұр. Қазіргі таңда ауыл тұрғындарының саны 10 мыңнан асты. Қоныс аударып келушілердің қатары да көбеюде. Жер телімдері игеріліп, инфрақұрылым дамып жатыр. Бұл ретте біздің басты міндет - еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін жайлы жағдай жасау, - деді ауыл басшысы.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, биылғы «Ауыл күні» мерекесі көкпар сайысымен ерекше есте қалмақ. Аталған ұлттық спорт түрі бойынша өткен сайысқа Ақкөл, Баянауыл, Ақтоғай және Аққулы аудандарынан келген шабандоздар қатысты. Екі күнге созылған жарыстың жүлде қоры 750 мың теңгені құрады. Тартысты өткен турнирде бас жүлде мен 300 мың теңге ақшалай сыйлық Ақкөл командасына бұйырды. Кенжекөл құрамасы екінші орын алып, 250 мың теңгеге ие болды. Ал Баянауыл ауданының командасы 200 мың теңгелік жүлдемен үшінші орынға тұрақтады.

«Арлан» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің басшысы Нұрсұлтан Тасжановтың айтуынша, көкпар - Кенжекөлдегі «Ауыл күнінің» дәстүрлі бағдарламасына енетін ұлттық спорттың бірі.

- Көкпар турнирі «Ауыл күні» аясында жыл сайын ұйымдастырылады. Бұл - Кенжекөлде кеңінен танымал спорт түрі. Соңғы уақытта оның дамуына ерекше көңіл бөліп келеміз. Қазір облыс көлеміндегі мықты командалардың қатарында үздіктер сапынан орын аламыз, - деді ол.

Кенжекөл құрамасының капитаны Мұстафа Дубай ұлттық ойынмен бала кезінен айналысып келеді. Ат спортына деген қызығушылығын әкесі оятқан екен.

- Әкем маған көкпардың



Суреттерді түсірген - Есенжол Исабек



қыр-сырын үйретті. Кішкентай кезімнен ат жалында өскендіктен көкпар спортына бет бұрдым. Соның нәтижесінде азды-көп жинаған тәжірибем өзіме көмектесіп келеді. Бұған дейін түрлі жарыстарға қатысып, Талдықорған қаласында өткен Қазақстан чемпионатында Павлодар облысының намысын қорғадым. Осы турнирге де ерекше дайындалдық. Спортшылардың дайындығымен қатар аттарға да ерекше көңіл бөлу керек, - дейді спортшы.

Ұлттық спортпен қатар, қолөнер шеберлерінің туындылары да көпшілікке ұсынылды. Орталық алаңда қолданбалы өнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылып, жергілікті шеберлер өз еңбектерін таныстырды. Қолөнер шеберлері мерекеге арнайы театрландырылған қойылым мен ұлттық киімдерден дефиле де дайындаған.

Мерекелік алаңда асық ату, қол күресі, арқан тарту және гір көтеруден жарыстар өтті. Балалар үшін ойын-сауық пен шығармашылыққа арналған жеке алаң жұмыс істеді. Сонымен қатар келушілер үшін сауда орындары ұйымдастырылды.

Кешкі уақытта мерекелік концерт өтіп, сахнада Кенжекөл мен Павлодардың шығармашылық

ұжымдары өнер көрсетті. Бағдарламаны «Сарыарқа» триосы, «Бәке мен Сәке» дуэті және Ерболат Байдауров ашты. Кейін отандық эстрада өкілдері - «Нұрлан мен Мұрат» дуэті, Өктем Алтаев, Дос және «DiEga» триосы өнер көрсетті.

Кенжекөл ауылындағы мерекеде елді мекеннің дамуына үлес қосып жүрген тұрғындарды марапаттауға да ерекше мән берілді. «Ауыл күнін» өткізуге демеушілік еткен кәсіпкерлерге алғыс айтылып, ерекше еңбегімен көзге түскен шеберлер құрметке бөленді. Атап айтқанда, ең үлкен Қыдыр ата мен кимешек жасаудан рекорд көрсеткен қолөнер шеберлеріне арнайы сыйлықтар табысталды.



Кенжекөлдің тарихы 1910 жылдан басталады. Сол кезеңде қазіргі ауылдың орнында Малахов есімді қоныс аударушының хуторы пайда болған. Кейін елді мекен 1928 жылы құрылған Павлодар ауданының құрамына енді. Ал бүгінде Кенжекөл - өңірдегі қарқынды дамып келе жатқан елді мекендердің бірі.

**Кенжекөл ауылы,
Павлодар қаласы.**

«Ertis Promenade» сахнасында алғаш рет ұйымдастырылған ретро-фестиваль қала тұрғындарымен қонақтарына ерекше көңіл-күй сыйлады. Ашық аспан астындағы музыкалық кеште бірнеше буынның сүйікті әндері шырқалып, жағалау бойын ностальгиялық әуен тербеді. Фестивальді 230 мыңға жуық көрерменмен бірге облыс әкімі Асайын Байханов пен Павлодар қаласының әкімі Хасар Хабылбеков те тамашалады.

Ретро әуендер жаңғырды

Айдана БОРАНБАЕВА

Павлодардың Орталық жағалауы бұл жолы ерекше музыкалық мерекенің куәсі болды. «Ertis Promenade» сахнасында алғаш рет ретро-фестиваль өтіп, қала тұрғындары мен



қонақтарын бір алаңға жинады. Мыңдаған көрермен сүйікті әндерін бірге айтып, естен кетпес кештің куәсі болды.

Фестивальдің басты ерекшелігі - әр жылдары көпшілік арасында кең танылған әндердің қайта



шырқалуы. Жастық шақтың естелігіне айналған әуендер заманауи сахналық қойылыммен үйлесіп, көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Кеште танымал ресейлік «Hi-Fi» тобы өнер көрсетіп, көпшілікке жақсы таныс әндерін орындады. Сондай-ақ, қазақстандық өнші Өктем Алтаев сахнаға шығып, көрерменге музыкалық тарту жасады. Ретро кештің шырайын ресейлік «Винтаж» тобы мен швед әншісі Bosson аша түсті. Шетелдік қонақтың өнер көрсетуі фестиваль бағдарламасына халықаралық сипат берді.

Әсіресе Bosson орындаған әндер көрерменнің ерекше ықыласына бөленді. Оның шығармашылығы 2000-ыншы жылдардың басындағы музыкамен бірге есейген тыңдарманға жақсы таныс. Өнші өзінің әйгілі «One in a Million» композициясын орындағанда жағалаудағы көрермендер өнге қосылып, ерекше атмосфера қалыптасты.

Фестивальдің ретро рухын сезіндіретін сахналық безендіру де назардан тыс қалмады. Үлкен диск шары кештің басты нышандарының біріне айналып, концерт алаңына өткен ғасырдың дискотека дәуірін еске түсіретін көрініс берді. Жарық пен дыбыс жүйесі де көрерменге концертті толыққанды тамашалауға мүмкіндік жасады.

Кештің дресс-коды - ақ түсті киіммен келген қала тұрғындары да кештің жалпы көрінісін айрықша әсерлі етті. Жағалау бойына жиналған жұртшылық сүйікті орындаушыларын тыңдап қана қоймай, би билеп, достарымен бірге ән айтып, жазғы кештің қызығын бірге бөлісті.

МӘУЛІТ АЙЫ

Рухани жаңғыру айы

Рабиғұл әууәл – мұсылман қауымы үшін ерекше мәнге ие ай. Хижри күнтізбесі бойынша жылдың үшінші айы саналатын Рабиғұл әууәлді халық арасында «Мәуліт айы» деп те атайды. Себебі дәл осы айда адамзаттың ардақтысы, соңғы пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с) дүниеге келген. Сондықтан бұл ай – Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өнегелі өмірін еске алып қана қоймай, оның сүннетін күнделікті өмірімізге енгізуге талпынатын кезең. Бұл ай Григорян күнтізбесі бойынша 14 тамыздан басталады. Ал Мәуліт түні 24 тамыздан 25-іне қараған түнге сәйкес келеді.

Мәуліттің мәні - тек белгілі бір күнді атап өтуде емес. Оның негізгі мақсаты - Алла Елшісін тану, оған деген сүйіспеншілікті арттыру және оның көркем мінезін өмірімізге үлгі ету. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы да Мәуліт айын Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өнегелі өмірін насихаттап, сүннет амалдарын дәріптеудің, діннің асыл құндылықтарын ұлықтаудың берекелі мүмкіндігі ретінде атап көрсетеді.

Бұл айда жасалатын ең сауапты амалдардың бірі - Пайғамбарымызға (с.ғ.с) салауат айту. Құранның «Ахзаб» сүресінің 56-аятында: «Расында, Алла және Оның періштелері Пайғамбарға салауат айтады. Уа, иман келтіргендер! Сендер де оған салауат айтып, сәлем жолдаңдар» деп баяндалады.

Сондықтан мұсылман адам күнделікті уақытынан аз ғана бөліп, салауат айтуды әдетке айналдыра алады. Бұл үшін арнайы күрделі жағдай немесе белгілі бір орын қажет емес. Жолда келе жатып, үй шаруасын істеп жүріп немесе бос уақытында Пайғамбарымызға (с.ғ.с) салауат айтуға болады.

Мәуліт айын тиімді өткізудің тағы бір жолы - Алла Елшісінің (с.ғ.с) өмірбаянын оқу. Оның Мекке мен Мәдинадағы өмірі, сахабаларымен қарым-қатынасы, отбасына деген мейірімі, балаларға көрсеткен қамқорлығы, қиындыққа сабыры - бүгінгі адам үшін де үлкен тәрбие.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өмірін оқу арқылы біз оның қандай болғанын ғана біліп қоймай, «Мен оның осы қасиетін өз өміріме қалай енгізе аламын?» деген сұраққа жауап іздей аламыз.

Мысалы, ол кісі аманатқа берік болды ма? Біз де аманатқа адал болуға тырысуымыз керек. Адамдарға мейірімді болды ма? Біз де айналамызға жылы сөз айтып,



біреуге көмектесуге асыққанымыз жөн. Кешірімді болды ма? Ендеше, өзімізге ренжіткен адамды кешіруге талпыну - Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өнегесін өмірде жүзеге асырудың бір көрінісі.

Рабиғұл әууәл айында Құран оқуға да ерекше көңіл бөлуге болады. Құран оқу - белгілі бір айға ғана тән құлшылық емес, мұсылманның әрдайым жасайтын ізгі амалы. Алайда Мәуліт айын өзімізге рухани тәртіп қалыптастыратын кезең ретінде пайдаланып, күн сайын құран оқуды әдетке айналдыруға болады.

Мәселен, күн сайын бірнеше аят оқып, оның мағынасына үңілуге, оқылған аяттардың адам өміріне қандай қатысы бар екенін ойлануға болады. Сонымен қатар өзімізге, отбасымызға, ел-жұртымызға жақсылық тілеп дұға жасау да - ізгі амал.

Мәуліт айында нәпіл ораза ұстауды да ниет етуге болады. Хадисте Пайғамбарымыздан (с.ғ.с) дүйсенбі күнгі ораза туралы сұралғанда, оның бұл күні дүниеге

келгенін және оған пайғамбарлық келгенін айтқаны жеткізіледі. Осыған байланысты дүйсенбі күндері нәпіл ораза ұстау - сүннетте негізі бар амал.

Дегенмен Мәуліт айында арнайы «міндетті түрде дәл осы күндері осындай құлшылық жасалуы керек» деген түсінік қалыптастырудың қажеті жоқ. Нәпіл құлшылықтарды шамасына қарай орындап, ең бастысы ықылас пен тұрақтылыққа мән берген жөн.

Кейде Мәулітті тек арнайы кеш өткізіп, мәуліт жырын оқумен шектеп қоюымыз мүмкін. Алайда оның түпкі мәні бұдан әлдеқайда терең. Мәуліт - Пайғамбарымызды (с.ғ.с) еске алатын ғана емес, оның өміріне қарап, өзімізге есеп беретін уақыт.

Рабиғұл әууәл - жүрекке үңіліп, мінезді түзеп, жақсы амалдарды көбейтуге берілген мүмкіндік. Ендеше, Мәуліт айын даңғазаға емес, рухани жаңғыруға, салауатқа, Құранға, қайырымдылыққа және Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өнегесін өмірімізге енгізуге арнайық.

ПАРЫЗ

Намаз уақыты

Назарларыңызға Павлодар қаласындағы 17 - 23 тамыз аралығындағы намаз кестесін ұсынамыз



Күні	Апта күндері	Таң	Күн	Бесін	Екінті	Ақшам	Құптан
17	Дүйсенбі	02:43	04:33	12:01	17:02	19:18	21:08
18	Сейсенбі	02:46	04:35	12:01	17:00	19:16	21:05
19	Сәрсенбі	02:49	04:36	12:01	16:59	19:14	21:02
20	Бейсенбі	02:51	04:38	12:01	16:57	19:12	20:59
21	Жұма	02:54	04:40	12:00	16:56	19:10	20:56
22	Сенбі	02:56	04:41	12:00	16:54	19:08	20:53
23	Жексенбі	02:59	04:43	12:00	16:53	19:06	20:50
Намаз уақыты muftyat.kz сайтынан алынды.							

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Тағылымды семинар өтті

Павлодар қаласында облыс, қала және аудан мешіттерінің имамдары бас қосқан тағылымды семинар өтті. Павлодар ауылындағы Қасым қажы мешітінде ұйымдастырылған іс-шараға өңірдің 100-ге жуық діни қызметкері қатысып, Ислам тарихы мен қазіргі цифрлық технологияларды діни қызметте тиімді пайдалану мәселелерін талқылады.

Семинар барысында имамдардың кәсіби білімі мен заманауи талаптарға сай жұмыс жүргізу дағдыларын жетілдіруге бағытталған екі маңызды тақырып қамтылды.

Алғашқы семинарды Бас мұфти кеңесшісі, белгілі дінтанушы Смайыл Сейітбеков жүргізді. Ол Қазақстандағы ислам тарихына тоқталып, діннің қазақ даласына таралуы, мұсылмандық құндылықтардың қалыптасуы және ұлттық тарих пен ислам өркениетінің сабақтастығы жөнінде кеңінен әңгімеледі.

Дінтанушы ислам тарихын терең білудің діни қызметкерлер үшін маңыздылығына ерекше назар аударды. Семинар барысында қатысушылар өздерін қызықтырған сауалдарын қойып, тақырып аясында пікір алмасты.

Күннің екінші бөлігінде ҚМДБ Цифрлық даму бөлімінің меңгерушісі Тимур Орынханов заманауи технологияларды діни қызметте тиімді қолдану мәселесін қозғады.

Бүгінде цифрландыру қоғам өмірінің барлық саласына еніп, ақпарат тарату мен адамдармен байланыс орнатудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырып отыр. Осы орайда діни сала қызметкерлерінің де цифрлық сауаттылығын арттыру маңызды. Спикер имамдарға жасанды интеллект, ChatGPT және басқа да заманауи цифрлық құралдардың мүмкіндіктерін

таныстырып, оларды жұмыста қолданудың әдіс-тәсілдерін түсіндірді.

Атап айтқанда, заманауи технологияларды ақпарат іздеу, мәтін өзірлеу, түрлі материалдарды дайындау, уақытты тиімді жоспарлау және халықпен байланыс орнату бағыттарында пайдаланудың мүмкіндіктері сөз болды. Сонымен қатар цифрлық құралдарды қолдану барысында ақпараттың дұрыстығын тексеру, діни мәселелерге қатысты деректерді сенімді дереккөздерден алу және жасанды интеллект ұсынған мәліметке сын көзбен қараудың қажеттілігі де назардан тыс қалмады.

Әбубәкір Сыддық медресе колледжінің ұстазы әрі Павлодар облысы бойынша діни оқу-ағарту және кадр дайындау бөлімінің жауапты маманы Есімбек Совет семинардың маңыздылығын атап өтті.

- Мұндай семинарлар имамдардың білімін жетілдірумен қатар, діни қызметтің заман талабына сай дамуына ықпал етеді. Бүгінде халықтың ақпаратты қабылдау тәсілі өзгеріп, діни сауалдардың да жаңа форматта қойылып жатқаны белгілі. Сондықтан имамдардың тарихи, діни және цифрлық бағыттағы білімін қатар жетілдіруі - уақыт талабы, - дейді ол.

ҚАЖЫЛЫҚ-2027

Қажылыққа кім апарады?

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 2027 жылғы қажылық маусымын ұйымдастыруға ниетті туристік операторлар арасында конкурс жариялады. Конкурс қажылық және ұмра саласында қызмет көрсететін тәжірибелі турператорлар арасында адал әрі әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету, сондай-ақ қазақстандық қажыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында өткізіледі.


Конкурсқа қатысушыларға бірқатар талап қойылады. Атап айтқанда, туроператордың тиісті мемлекеттік лицензиясы, салықтық берешегінің жоқтығын растайтын құжаты және қажылықты ұйымдастыру бойынша кемінде 5 жылдық тұрақты оң тәжірибесі болуы қажет. Сонымен қатар Қазақстан заңнамасы мен Сауд Араб Әмірлігі тарапынан қажылыққа қойылған талаптардың сақталуы міндетті.

Сауд Арабиясы Қажылық және ұмра министрлігі белгілеген талаптарға сәйкес, 2027 жылғы қажылық маусымында әрбір туроператорға берілетін ең төменгі квота 1000 қажыны құрайды. Бұл талап конкурсқа қатысушылар үшін міндетті.

Сондай-ақ, үміткерлер конкурс жарияланғанға дейінгі соңғы 12 ай ішінде ұмра сапарларын тұрақты

ұйымдастырғанын құжат жүзінде растау керек. Оның ішінде Сауд Арабиясының уәкілетті ұйымдарымен немесе ресми серіктестерімен қолданыстағы келісімшарттың болуы, қажылықтарды ұйымдастырғаны туралы тәжірибесінің болуы, тасымалдау, виза, гид қызметтерін көрсеткендерін растайтын құжаттар болуы қажет.

Бұдан өзге, Қазақстан аумағында халыққа сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін кеңсесі болуы тиіс. Аталған талап кеңсе мекенжайы немесе ғимаратты жалға алу туралы келісімшарт арқылы расталады. Құжаттар 2026 жылғы 11 тамыздан бастап 21 тамызға дейін hajj@muftyat.kz электронды поштасы арқылы қабылданады. Аталған мерзім ішінде құжаттарын тапсырмаған қатысушылардың өтінімдері қарастырылмайды.



РЕЙД

Түнгі серуенге тыйым

Жазғы демалыс кезінде балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету аса маңызды. Полиция ата-аналарға баласының кіммен араласатынына қызығушылық танытып, достарының байланыс нөмірлерін білуге, ұл-қызының бос уақытын бақылауға кеңес береді.

Кәмелетке толмаған баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда дереу полицияға «102» нөмірі арқылы хабарласу керек. Тәртіп сақшылары балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауды жалғастыруда.

Жыл басынан бері полиция қызметкерлері кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта жүруіне қатысты 1987 фактіні анықтады. Сонымен қатар, балалардың ата-аналарынсыз сағат 22.00-ден кейін жалғыз жүруіне жол

берген 43 ойын-сауық орнының иесін жауапқа тартты.

Полиция ата-аналарды демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігі мәселесіне немқұрайлы қарамауға шақырады. Ата-ана, білім беру ұйымдары, кәсіпкерлік субъектілері өкілдері мен құқық қорғау органдарының бірлескен жауапкершілігі құқық бұзушылықтардың алдын алуға және кәмелетке толмағандардың қауіпсіз демалуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.



ЖАУАПКЕРШІЛІК

Неге қараусыз қалдырады?

Облыс аумағында малын қараусыз қалдырған бір мыңнан астам тұрғын жауапкершілікке тартылды.

Иесіз және қараусыз мал жау мәселесі жылдар бойы өзектілігін жоймай келеді. Мал иелерінің салғырттығы салдарынан қараусыз жүрген түлік жол-көлік оқиғаларына себеп болып, қылмыскерлердің оңай олжасына айналууда.

Биыл облыс аумағында мал ұрлығының 19 фактісі тіркеліп, малдың қатысуымен 11 жол-көлік оқиғасы орын алды. Аталған оқиғалардан 23 адам зардап шекті. Жыл басынан бері қарамағындағы төрт түлікке тиісті бақылау жасамағаны үшін

1358 мал иесі әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Қазіргі таңда облыс аумағында қараусыз жүрген малды уақытша ұстауға арналған 128 арнайы орын жұмыс істейді. Оларға жалпы саны 24 мың 469 бас мал қамалған.

Полиция департаменті өңір тұрғындарын төрт түлікті қараусыз қалдырмауды сұрайды. Қарапайым сақтық шаралары мал ұрлығының, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға мүмкіндік беретінін еске салады.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

Қоғамдық орындарды ластауға болмайды!

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында полиция қызметкерлері абаттандыру қағидаларын бұзудың және қоғамдық орындарды ластаудың алдын алуға бағытталған іс-шараларды жалғастыруда.



Жүргізіліп жатқан жұмыстардың негізгі мақсаты - қоғамда заң талаптарының кез келген бұзушылығына «нөлдік төзімділік» қағидатын қалыптастыру. Полиция қызметкерлері күн сайын рұқсат етілмеген қоқыс орындары пайда болатын аумақтарда рейдтік іс-шаралар өткізіп, қоқыс пен қалдықтарды белгіленбеген орындарға төгетін, лас суды рұқсат етілмеген жерлерге ағызатын тұлғаларды анықтау бойынша ауқымды жұмыс жүргізуде. Мәселен, Павлодар қаласында Минин

көшесінде тұратын үй иесі қараусыз жатқан іргелес аумақты қоқыс пен тұрмыстық қалдықтарға толтырып, жер учаскесін санитарлық талаптарға сай емес жағдайда ұстаған. Осылайша, ол абаттандыру қағидаларын бұзған. Аталған факті бойынша қала тұрғынына қатысты әкімшілік материал толтырылды. Бұдан бөлек, рейдтік іс-шаралар барысында қаладағы бау-бақша серіктестіктерінің бірінде полицейлер құрылыс қалдықтарын заңсыз төгу фактісінің жолын кесті. Жүк көлігінің жүргізушісі басшылықтың тапсырмасы бойынша құрылыс қалдықтарын белгіленбеген жерге төккен.

Жыл басынан бері полиция қызметкерлері абаттандыру саласында орын алған 5 мыңға жуық құқық бұзушылықтың жолын кесті.

Егер сіз қоғамдық орындардың ластанғанын, құрылыс немесе басқа да қоқыстардың белгіленбеген жерлерге жиналғанын байқасаңыз, бұл туралы дереу «102» нөміріне хабарлаңыз.



1 + 01 02 03 12

Қылмыскерді құрықтады

Павлодарлық полицейлер 57 қылмыскердің жүрген жерін анықтады. Бұл ретте жедел уәкілдер күн сайын анықтау, тергеу және сот органдарынан жасырынған адамдардың жүрген жерін анықтауға бағытталған іс-шараларды жүргізуде.

Жуырда Павлодар облысы полициясының жедел уәкілдері Семей қаласындағы әріптестерімен бірлесіп, пробацациялық бақылаудан жалтарып жүрген әрі іздеуде болған қылмыскерді ұстады. Анықталғандай, 36 жастағы ер адам аса ірі көлемде алаяқтық жасағаны үшін сотталған. Сот үкіміне сәйкес, ол пробацациялық бақылауда болған, алайда 2026 жылдың қаңтар айында тұрғылықты мекенжайын өз бетінше ауыстырып, жасырынып жүрген.

Жүргізілген іздеу шараларының нәтижесінде күдікті ұсталып, Семей қаласындағы тергеу изоляторына

қамалды. Жақын арада ол Павлодар қаласына жеткізіледі.

Тәртіп сақшыларының айтуынша, заң бұзған адамдар жазадан құтылуға үміттеніп, қашып жүреді. Алайда адам іздеу кезінде барлық аумақтық полиция бөлімшелері және көршілес өңірлердің құқық органдары бірлесіп әрекет етеді. Әрбір полиция қызметкері іздеуде жүрген адамның сыртқы келбеті мен ерекше белгілері бойынша бағдарланады.

Тәжірибе көрсеткендей, қашып жүрудің еш мәні жоқ. Қылмыс жасаған адам бәрібір заң алдында жауап береді.

ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ

Аялдамада ұйықтаған

Қоғамдық орындарда мас күйде жүретіндердің қатары азаймай отыр. Полицейлер ішімдік ішіп, өзгелердің мазасын алғандарды жауапқа тартуда.

«102» операторларының пультіне Павлодар қаласындағы Торайғыров көшесінде аялдамада ер адамның жатқаны туралы хабарлама келіп түскен. Оқиға орнына келген полицейлер азаматтың қатты мас күйде болғанын анықтады. Ер адам уақытша бейімдеу орталығына жеткізілді.

Жыл басынан бері Павлодар облысының аумағында ішімдік ішу және қоғамдық орындарда мас күйде болу фактілері бойынша шамамен 7 мыңға

жуық құқықбұзушылық тіркелді. Көп жағдайда ішімдік тұтынатын азаматтар мас күйде заңға қайшы әрекеттерге баратынын ескере бермейді. Сонымен қатар, ащы суға тойған азаматтардың өздері де қылмыстың немесе жазатайым оқиғаның құрбаны болуы мүмкін.

Осы ретте полицейлер қоғамдық орындарда ішімдік ішіп отырған немесе мас күйдегі адамдарды көргенде «102» нөміріне хабарласуды сұрайды.

Жауапқа тартылды

Әлеуметтік желі қолданушылары облыстық полиция департаментінің Инстаграм парақшасына жол қозғалысы ережесін бұзу фактісі бейнеленген бейнежазба жолдады.



Видеода Павлодар қаласының орталық жағалауында «Toyota Corona» көлігінің жүргізушісі темір тұлпарды тоқтату және тұраққа қою қағидаларын бұзғаны анық көрінген.

Аталған факті бойынша полиция қызметкерлері тексеру жүргізіп, жүргізушінің жеке басын анықтады. Жол қозғалысы ережесін бұзғаны

үшін оған қатысты әкімшілік материал рәсімделді.

Айта кетейік, жыл басынан бері көлік құралын рұқсатсыз орында тоқтату және тұраққа қою қағидаларын бұзғаны үшін жалпы саны 1973 жүргізуші әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Полиция департаменті жол қозғалысы ережелерін сақтау әрбір жол қозғалысына қатысушының міндеті екенін еске салады. Егер сіз құқық бұзушылықтың куәсі болсаңыз, бұл туралы eGov Mobile қосымшасындағы және банктік қосымшаларға біріктірілген «Заң мен тәртіп» сервисі арқылы хабарлай аласыз.




ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыңсіз Қазақстан үшін!

ТҰЛҒАТАНУ

Алаштың ардақтысы

Ұлт тағдыры таразыға түскен тарихи кезеңдерде ел мүддесін жеке басының қамынан биік қойған тұлғалар болады. Сондай заңғар қайраткерлердің бірі – Алаш қозғалысының көшбасшысы, мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, публицист Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов.



Әлихан Бөкейханов 1866 жылы дүниеге келіп, жастайынан білімге құштар болып өсті. Ресейдің беделді жоғары оқу орындарында білім алған ол халқының болашағы үшін қызмет етуді өмірлік мақсатына айналдырды. Экономика, тарих, этнография, әдебиет және саясат салаларында қалам тербеп, қазақ қоғамының өзекті мәселелерін көтерді.

XX ғасырдың басында қазақ халқының саяси санасының қалыптасуына зор ықпал еткен Әлихан Бөкейханов Алаш қозғалысын ұйымдастырып, ұлттық мемлекеттілік идеясын ұсынды. Оның жетекшілігімен құрылған Алаш автономиясы қазақ елінің дербес мемлекет болуға ұмтылған тарихи қадамы еді. Бұл идея тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалаған асыл мұраттардың біріне айналды.

«Ұлтқа қызмет ету - білімнен емес, мінезден» деген қанатты сөзі

бүгінгі күні де өз мәнін жоғалтқан жоқ. Әлихан Бөкейханов елдің болашағы білімді, отаншыл әрі жауапкершілігі жоғары азаматтардың қолында екенін терең түсінді. Сондықтан ол ағартушылық қызметке ерекше көңіл бөліп, ұлттық баспасөздің дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Биыл қазақтың ұлы перзенті Әлихан Бөкейхановтың туғанына 160 жыл толып отыр. Бұл мерейтой - ұлт тарихын жаңаша зерделеп, Алаш мұрасын жас ұрпаққа кеңінен таныстырудың маңызды кезеңі. Оның мемлекетшілдік идеялары, ұлттық бірлікке үндеген ұстанымы мен елге адал қызмет ету қағидаты бүгінгі қоғам үшін де аса құнды.

Мерейтой аясында Г.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне арналған тарихи-танымдық көрме ұйымдастырылды. Көрмеде Алаш қозғалысының тарихына қатысты

архивтік материалдар, тарихи құжаттар мен фотосуреттер ұсынылып, келушілерге ұлт көсемінің сан қырлы тұлғасы мен ел тарихындағы айрықша орны кеңінен таныстырылды.

Музей қорында сақталған Әлихан Бөкейхановқа қатысты құнды материалдардың қатарында оның фотосуреті және Павлодар түрмесінен жазған хатының көшірмесі бар. 1906 жылғы 21 ақпанда жазылған хатта қайраткер өзінің саяси қызметіне байланысты түрмеге қамалғанын, хат-хабарларының бақылауда болғанын баяндайды. Сонымен қатар, өзінің мақаласын баспасөзде жариялауды өтініп, елдегі саяси жағдайға қатысты пікірін білдіреді. Бұл хат - Әлихан Бөкейхановтың күрделі кезеңдегі қоғамдық-саяси қызметінен сыр шертетін маңызды тарихи дерек. Олар қайраткердің өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметін зерделеуде маңызды мағлұмат беріп, сол кезеңнің тарихи шындығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Тарихын құрметтеген халықтың болашағы баянды болады. Әлихан Бөкейхановтың өмір жолы - елге адал қызмет етудің, ұлтқа деген шексіз сүйіспеншіліктің және мемлекетшілдік рухтың айқын үлгісі. Оның асыл мұрасы - тәуелсіз Қазақстанның рухани қазынасы. Сондықтан ұлт көсемінің өнегелі ғұмыры мен тағылымды еңбегі әрдайым ұрпақ жадында сақталып, ел игілігіне қызмет ете береді.

Жадыра КАТКЕНОВА,
Г.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспозициялық-көрмелік қамтамасыз ету бөлімінің маманы.



АС БЕРУ

Жуырда Ерейментау ауданы Сілеті өзені бойындағы Тасқора ауылында «Ас беру» рәсімі ежелгі салт-дәстүр бойынша өтті.

Ауылдастар бас қосты



Тасқора ауылы - ХХ ғасырдың Тың игеру науқаны кезінде құрылған Сілеті совхозының бөлімшесі. Ол кезде Тасқора қатарлы совхоз бөлімшелері, қазақы елді мекендері азық-түлік дайындау белдеуі ретінде өнеркәсіпті қалалар мен аудан орталықтарын тамақпен қамтамасыз ету үшін жағалай орналасатын. Өзіміз Тасқорадан 30-40 шақырымдай қашықтықтағы алтын шығаратын «Бестөбе» кенішінде туып-өстік. Балалық шағымыздан есте қалғаны - Тасқора ауылы Сілеті өзені бойында орналасқан өзен суы мол, ауасы таза, шөбі шүйгін, қазақы орталы, құтты жер болатын. Өзім ауылдағы ағайын-туысқа барып, ауыл өмірінің жұмысына бұғана бекіп, бел қатпай араластым. Шөп шабу, қой қырку сынды жұмыстарды істедік. Егін ору науқаны кезінде социалистік еңбек жарысына қатысып, бригадамен көшпелі «Қызыл Ту» жүлдесін жеңіп алдық. Бүкіл бригада мүшелері сыйақы алды. Жұмысшы балалар деп сыйақысыз қалған бізбен бригадир өз ақшасын бөліскен еді.

Қазіргі таңда мал шаруашылығы дамыған, қазақы орталы сол ауылдардың көпшілігі тарап кеткен. Соның бірі - Тасқора. Ауылдың орны ғана қалған. Қираған үйлердің үйінді төбешіктері мен алыстағы қорым-зират, обалар жазғы сағыммен бұлдырап, жұртта қалғандай көрінеді. Айнала бос қалған жер, құлазыған ымырт дала.

Ас беру науқанына ауылдың бұрынғы тұрғындары бірлесе дайындалды. Тасқора ауылында басшылық қызмет өткен азаматтардың ұрпақтары шақырылды. Сонымен қатар, ауыл тарихынан сыр шертетін деректер жиналып, ұнарақ жазылды. Бағлан мен Қозы есімді азаматтар керек-жарақ құрылыс материалдармен, техникамен қамтамасыз етті.

Ауа райының ыстығына қарамастан шөп басқан жолдар жөңделіп, қорым-зираттың басы көтеріліп, оларға қоршау орнатылды. Дәм тату дәстүрі барысында ауыл өмірінен жерлестердің естеліктері, жүректен шыққан ақ тілектері айтылып, көтеріңкі көңілмен ән-күй шырқалды.

Дастархан үзілісінде жілік сындыру, асық ату, кір тасын көтеруден ұлттық ойындар ойнатылды. Ақ дастархан басында Әміржановтар жанұясының отағасы Зәкария Ахметәліұлына және отбасы Қарима Шәкеқызының аруағына, сондай-ақ жиналған қауым өмірден өткен ата-бабалары рухына құран оқылып, дұға бағыштады.

Аталған «Ас беру» рәсіміне жан-жақты қайырымдылық көмек көрсетіп, бұл іс-шараны өз қаржысына ұйымдастырған демеуші Нұрлан Зәкарияұлы

бастаған Әміржановтар әулетіне ауылдастары алғысын айтып, ризашылығын білдірді.

Осы орайда республикалық «Жаңғыру» қазақ ұлттық өркендеу орталығының Павлодар облыстық филиалының төрағасы ретінде Тәуелсіздік туы көтерілген тоқсаныншы жылдарда атқарылған қоғамдық ұйымдардың еңбегі еске оралады.

Бірде Нұрлан Әміржановтың Мәскеудегі Қызыл алаңда қазақ жастарының «Мұрагер» қоғамы туралы берген сұхбатын теледидардан көрдім. Ол алпысыншы жылдардағы «жылымық» кезеңінде Мәскеуде Алаш арыстарының соңғы тұяқтары атанған Мұрат Әуезов, Советқазы Ақатаев, Болат Тайжан сынды студенттер құрған «Жас тұлпар» ұйымының жалғасы іспетті «Мұрагер» қазақ жастары ұйымының төрағасы екен.

Ертеңіне Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақ ұлттық мәдениетін қалпына келтіру бағытында Павлодар облысында ағартушылық жұмыстар жүргізген республикалық азаматтық «Азат» қозғалысы, «Жаңғыру» қазақ ұлттық өркендеу орталығы, «Невада-Семей» бірлестігі, «Таухид» және басқа да қоғамдық ұйымдардың кеңесу отырысында Мәскеудегі «Мұрагер» қазақ жастары ұйымымен байланыс орнатып, бірлескен жұмыстар жүргізу жоспары жасалды.

Мәскеуге барып, келіссөз жүргізуге облыстың қоғамдық ұйымдары атынан мені жолдады. Үш күндік іссапар барысында «Мұрагер» қазақ жастары ұйымының атқарған жұмыстарымен танысып, бірлескен іс-шаралар өткізу жөнінде жоспар құрдық. Сол кезде ұйым төрағасы Нұрлан Зәкарияұлының иығына шапан жауып, елге шақырдым.

Арнайы келген мәскеулік «Мұрагер» ұйымы өз қаржысына, ал павлодарлық «Жаңғыру» қазақ ұлттық өркендеу орталығы бірлесіп тарихи-мәдени іс-шара өткізуге дайындалды. Алайда сол кездегі жалпы ахуалға байланысты облыстық әкімшілік өкілі дайындалған тарихи-мәдени іс-шараны өткізуге рұқсат бермей, кейінге қалдырды.

Желтоқсан оқиғасының қырық жылдығы қарсаңында Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жылдарында атқарған ауыз толтырып айтарлық қоғамдық-ағартушылық жұмыстарымыз тарих беттерінде естелік болып қалды.

Өз басым да Тәуелсіздік таңы атқан алғашқы жылдары Кеңес Одағы заманында тұншығып қалған ел рухын асқақтату бағытындағы белсенділігімді ризашылықпен еске аламын.

Айдарғазы МӘКІШЕВ,
ардагер ұстаз,
бапкер, запастағы әділет
подполковнигі.

БӨРЕКЕЛДІ!

Жас өнерпаздың жеңісі

Естай атындағы мәдениет сарайына қарасты «Қорлан» үлгілі жетігеншілер ансамблінің мүшесі Нұрайым Серікқалиева республикалық байқауда бас жүлдеге ие болды. Павлодарлық жас өнерпаз Алматы қаласында өткен «Сахна өнері» республикалық танымдық телевизиялық жобасында өнер көрсетіп, шығармашылық шеберлігі мен жоғары орындаушылық қабілетін танытты.



Нұрайым - Естай атындағы мәдениет сарайының «Қорлан» үлгілі жетігеншілер ансамблінің мүшесі. Жетіген өнерін меңгеріп жүрген ол республикалық деңгейдегі шығармашылық додада өз шеберлігін көрсетіп, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

Жетістікке шәкіртінің талпынысымен қатар, ұстазының да қосқан үлесі зор. «Қорлан» ансамблінің жетекшісі Раушан Нағышпаева шәкірттерінің шығармашылық дамуына қосқан үлесі, кәсіби шеберлігі және педагогикалық еңбегі үшін «Құрметті ұстаз!» дипломымен марапатталды.

- Нұрайымның бұл жетістігіне қуаныштымыз. Әрбір жеңістің артында күнделікті еңбек, ізденіспен дайындық бар. Шәкірттеріміздің республикалық деңгейде өнер көрсетіп, ұлттық өнерімізді насихаттап жүргені біз үшін - үлкен мақтаныш, - дейді ансамбль жетекшісі.

Алдағы уақытта да жас жетігенші жаңа байқауларға қатысып, өнерін шыңдай түспек. Павлодарлық өнерпаздың жеңісі өңірдегі ұлттық өнер мектептерінің жұмысына жаңа серпін беріп, жас таланттарға жігер сыйлайтыны сөзсіз.

А.БОРАНБАЕВА.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС Соқуркүдук жер қойнауы учаскесінің минералдық ресурстары мен қорларын игеру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алуға өтінімге қоса берілетін материалдар бойынша («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (ҚОҚБ), жол берілетін шығарындылар нормативтері (ЖШШН), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚІЖ)) ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 14 қыркүйекте сағат 14:30-да мына мекенжайда өтеді: Павлодар облысы, Екібастұз қалалық әкімдігі, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ, Әлкей Марғұлан ауылы, Марғұлан көшесі, 1, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ әкімдігі аппаратының ғимаратында. Географиялық координаттары: 50°59'56,539" с.е., 74°3'41,506" ш.б.

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/72655260063?pwd=ELyPKR0sKlbqFYJiJbmkm9Uwx080c.1

Идентификатор конференци: 726 5526 0063.

Код доступа: M0Bv2y.

Барлық мүдделі тұлғалар қатысуға шақырылады.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Әлкей Марғұлан ауылдық округы, Әлкей Марғұлан ауылы, Аяқ-Қожан өндірістік аймағы, 25-құрылым, БСН 070440000551. Бас директор: Мавлен Д. Байланыс тел: 87018732215, e-mail: v.kudenko@yertai.kz.

Әзірлеуші: «Industrial Research» ЖШС, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 5, 504-п., БСН 150740026602, Өкіл: Куденко В.С. Байланыстар: тел. 87057086573, e-mail: v.kudenko@yertai.kz.

Жергілікті атқарушы орган - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы».

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» порталында: https://ndbecology.gov.kz және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының ресми интернет-ресурсында: https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобаға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: v.kudenko@yertai.kz және тел. 87057086573.

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б; электрондық мекенжайға: unosvr@mail.ru және 8 (718) 2-32-16-81 телефоны бойынша. (20106)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС Павлодар облысында орналасқан Қоджанчад-4 жер қойнауы учаскесінің қорларын игеру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алуға өтінімге қоса берілетін материалдар бойынша («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (ҚОҚБ), жол берілетін шығарындылар нормативтері (ЖШШН), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚІЖ)) ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 14 қыркүйекте сағат 15:30-да мына мекенжайда өтеді: Павлодар облысы, Екібастұз қалалық әкімдігі, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ, Әлкей Марғұлан ауылы, Марғұлан көшесі, 1, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ әкімдігі аппаратының ғимаратында. Географиялық координаттары: 51°2'13.2775" с.е., 74°3'10.8694" ш.б.

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/73906571824?pwd=C91haJ5zyvNNi8bUGKhHJ2DRxCiVLq.1

Конференция ID: 739 0657 1824.

Кіру коды: 8kEC6Y.

Барлық мүдделі тұлғалар қатысуға шақырылады.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Әлкей Марғұлан ауылдық округы, Әлкей Марғұлан ауылы, Аяқ-Қожан өндірістік аймағы, 25-құрылым, БСН 070440000551. Бас директор: Мавлен Д. Байланыс тел: 87018732215, e-mail: v.kudenko@yertai.kz.

Әзірлеуші: «Industrial Research» ЖШС, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 5, 504-п., БСН 150740026602, Өкіл: Куденко В.С. Байланыстар: тел. 87057086573, e-mail: v.kudenko@yertai.kz.

Жергілікті атқарушы орган - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы».

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» порталында: https://ndbecology.gov.kz және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының ресми интернет-ресурсында: https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобаға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: v.kudenko@yertai.kz және тел. 87057086573.

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б; электрондық мекенжайға: unosvr@mail.ru және 8(718) 2-32-16-81 телефоны бойынша. (20106)

66-15-40 ЖАРНАМА 66-15-42

ХАБАРЛАНДЫРУ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС Аяқ-Қоджан жер қойнауы учаскесінің мыскендері қорларын игеру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алуға өтінімге қоса берілетін материалдар бойынша («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (ҚОҚБ), жол берілетін шығарындылар нормативтері (ЖШШН), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚІЖ)) ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 14 қыркүйекте сағат 16:30-да мына мекенжайда өтеді: Павлодар облысы, Екібастұз қалалық әкімдігі, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ, Әлкей Марғұлан ауылы, Марғұлан көшесі, 1, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ әкімдігі аппаратының ғимаратында. Географиялық координаттары: 51°2'34.1295" с.е., 74°6'24.4099" ш.б.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС Аяқ-Қоджан байыту фабрикасының әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алуға өтінімге қоса берілетін материалдар бойынша («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (ҚОҚБ), жол берілетін шығарындылар нормативтері (ЖШШН), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚІЖ)) ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 15 қыркүйекте сағат 10:00-де мына мекенжайда өтеді: Павлодар облысы, Екібастұз қалалық әкімдігі, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ, Әлкей Марғұлан ауылы, Марғұлан көшесі, 1, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ әкімдігі аппаратының ғимаратында. Географиялық координаттары: 51°3'10.2974" с.е., 74°7'52.4848" ш.б.

Шектеу шаралары, оның ішінде

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС Маясалған жер қойнауы учаскесінің құрамына кіретін кен орындарының минералдық қорларын игеру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына арналған Ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 15 қыркүйекте сағат 11:00-де мына мекенжайда өтеді: Павлодар облысы, Екібастұз қалалық әкімдігі, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ, Марғұлан көшесі, 1, Әлкей Марғұлан атындағы ауылдық округ әкімдігі аппаратының ғимаратында.

Географиялық координаттары: 50°59'56,42" солтүстік ендік, 74°01'36,48" шығыс бойлық.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/75311351105?pwd=keHoGaHsydvUdR6qnlId7fRWwyBoeja.1

Конференция ID: 753 1135 1105.

Хабарландыру

1. Жобаның атауы: «Павлодар облысы Павлодар қаласының бас жоспары. Түзету» жобасының стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есебі (СЭБ)»

2. Ықпал ету аумағы: Павлодар облысы, Павлодар қаласы.

Учаскенің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары

Нүкте № С.Ш. В.Д.
1. 52°28'34.55"С 76°57'21.48"В
2. 52°28'39.54"С 77° 0'2.12"В
3. 52°12'27.10"С 77° 5'42.27"В
4. 52°10'59.59"С 77° 2'56.30"В

Әсер ету аумағының географиялық координаттары

5. 52°28'34.55"С 76°57'21.48"В
6. 52°28'39.54"С 77° 0'2.12"В
7. 52°12'27.10"С 77° 5'42.27"В
8. 52°10'59.59"С 77° 2'56.30"В

3. Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 14 қыркүйекте сағат 10:00-де Павлодар облысы, Павлодар қ., Катаев к-сі, 44 мекенжайы бойынша өтеді (Қ.

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/79827942433?pwd=bDvC4z1fDDL7NNC0fU7i6l54Vir9m.1

Конференция ID: 798 2794 2433

Кіру коды: 5UdXNg

Барлық мүдделі тұлғалар қатысуға шақырылады.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, С.О. Әлкей Марғұлан, с. Әлкей Марғұлан, Аяқ-Қожан өндірістік аймағы, 25-құрылым, БСН 070440000551. Бас директор: Мавлен Д. Байланыс тел: 87018732215, e-mail: v.kudenko@yertai.kz.

Әзірлеуші: «Industrial Research»

ЖШС, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 5, 504-п., БСН 150740026602, Өкіл: Куденко В.С. Байланыс тел: 8705

ХАБАРЛАНДЫРУ

карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/74683959118?pwd=NNkK5vtfjuShQCYCr9GTxzH5CacXrL.1

Конференция ID: 746 8395 9118

Кіру коды: 3MQCNj

Барлық мүдделі тұлғалар қатысуға шақырылады.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Әлкей Марғұлан ауылы, Аяқ-Қожан өндірістік аймағы, 25-құрылым, БСН 070440000551. Бас директор: Мавлен Д. Байланыстар: тел. 87018732215, e-mail: v.kudenko@yertai.kz.

Әзірлеуші: «Industrial Research» ЖШС, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 5, 504-п., БСН 150740026602, Өкіл: Куденко В.С. Байланыс тел: 87057086573, e-mail: v.kudenko@yertai.kz.

7086573, e-mail: v.kudenko@yertai.kz.

Жергілікті атқарушы орган - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы».

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурс-тардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» порталында: https://ndbecology.gov.kz және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының ресми интернет-ресурсында: https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобаға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: v.kudenko@yertai.kz және тел. 87057086573;

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б; электрондық мекенжайға: unosvr@mail.ru және 8(718) 2-32-16-81 телефоны бойынша. (20106)

Жергілікті атқарушы орган - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы».

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» порталында: https://ndbecology.gov.kz және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының ресми интернет-ресурсында: https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобаға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: v.kudenko@yertai.kz және тел. 87057086573;

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б; электрондық мекенжайға: unosvr@mail.ru және 8(718) 2-32-16-81 телефоны бойынша. (20106)

пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады: https:// ndbecology.gov.kz / және https://www.gov.kz/memeket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=ru «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жобаға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: v.kudenko@yertai.kz, info@sbk-eng.kz және денелер бойынша: +7 771 180 3481, +7 701 255 7560.

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б; электрондық мекенжайға: unosvr@mail.ru және 8(718) 2-32-16-81 телефоны бойынша. (20106)

Байланыс деректері 8 (7172) 32 80 04, эл.адрес: koldau_08@mail.ru

6. Жоба материалдары мына сайттарда орналастырылған:

https://ndbecology.gov.kz/ https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/

7. Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттың көшірмелерін электрондық мекенжай мен телефон нөмірі бойынша алуға болады:

8 (7172) 32 80 04, эл.мекенжай: koldau_08@mail.ru

8. Ескертулер мен ұсыныстар: https://ndbecology.gov.kz / сілтеме және Павлодар облысы, Павлодар қ., Жеңіс алаңы 5б, 10-қабат, 107-кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

«Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, тел. 87182 372178, e-mail: unosvr.15.07.2025@mail.ru.; buhina.raushan@pavlodar.gov.kz.

9. Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде 1 сағат бұрын жүргізіледі.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

11 тамыз күні Ертіс өзенінің Усолка шағын ауданында рейдтік іс-шаралар барысында төтенше жағдайлар министрлігі құтқарушылары суға батып бара жатқан адамды байқап қалған.

Жасөспірім
құтқарылды

Облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттің мәліметінше, құтқарушылар жүзу құралымен оған жедел жетіп, 2010 жылы туған жасөспірімді судан алып шықты. Жасөспірім суға түсуге арналмаған жерде шомылып, өз күшін дұрыс есептей алмай қалған. Салдарынан суға бата бастаған көрінеді. Медициналық көмек қажет болмады. Жасөспірім құтқару станциясына жеткізілді. ТЖМ арнайы жабдықталмаған жерлерде шомылу қауіпті екенін ескертеді. Тұрғындарды жағадан алысқа жүзбеуге, өз күштерін бағалап, балаларды су жағасында қараусыз қалдырмауға шақырып отыр. Өкінішке қарай, құзырлы органның мұндай ескертулерін құлаққа аспаудан осы күні

қайғылы оқиға да тіркелді. Құтқарушылар орталық жағажайда суға батып кеткен 19 жастағы азаматты іздестіру жұмыстарын жалғастыруда. Ер азаматтың суға батып кеткені туралы 11 тамыз таңғы 5.37-де хабарлама түскен. - Таңертең ерте төтенше жағдайлар жөніндегі департамент құтқарушылары ер азаматты іздестіруге кірісті. Куәгерлердің айтуынша, ол суға кіріп, батып кеткен. Оқиға орнында департаменттің жедел-құтқару жасағы қызметкерлері жұмыс істеуде. Іздестіру жұмыстарына сегіз құтқарушы, үш жүзу құралы мен тереңдік өлшегіш құрал тартылды, - делінген департамент ақпаратында.

Г.ТҮГЕЛБАЙ.



ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Мұрагерлер меншік
құқығын қалай рәсімдейді?

Мүлік иесінің көзі тірісінде жылжымайтын мүлікке меншік құқығының мемлекеттік тіркеуден өтпеуі мұрагерлер үшін кедергі болмайды. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның облыстық филиалында мұндай жағдайларда жылжымайтын мүлікті рәсімдеуді қалай аяқтауға болатынын түсіндірді.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу мәселесі өзекті болып қала береді. 2025 жылдың өзінде Павлодар облысында жылжымайтын мүлікке 108 788 құқық тіркелген. 2026 жылдың жеті айында бұл көрсеткіш 57 827-ге жетті. Сонымен қатар іс жүзінде мүлікті сатып алғанын растайтын құжаты болғанымен, меншік құқығы белгіленген тәртіппен тіркелмеген жағдайлар кездеседі. Меншік иесі қайтыс болғаннан кейін бұл рәсімді мұрагерлері аяқтай алады.

- Қазақстанда жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу 1997 жылдан бастап міндетті болып табылады. Егер меншік иесі көзі тірісінде өз құқығын тіркеп үлгермесе, мұрагерлер алдымен нотариусқа жүгініп, мұрагерлік істі ашуы қажет. Алты ай өткеннен кейін нотариус мүліктік емес құқыққа куәлік береді. Осы құжаттың негізінде жылжымайтын мүлікті қайтыс болған меншік иесінің атына тіркеуге мүмкіндік пайда болады. Бұдан кейін құжаттарды халыққа қызмет көрсету орталығына ұсыну қажет. Олардың қатарында мүліктік емес құқық туралы куәлік және жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжат, мысалы, сатып

алу-сату шарты болуы тиіс, - делінген мемлекеттік корпорацияның ақпаратында.

Мемлекеттік корпорация құжаттарды қабылдап, мемлекеттік тіркеуді жүргізу үшін тіркеуші органға жолдайды. Мемлекеттік қызмет үш жұмыс күні ішінде көрсетіледі. Ал жеделдетілген тәртіпте бір жұмыс күнінде көрсетіледі. Мемлекеттік баж қолданыстағы тарифтерге сәйкес төленеді және жылжымайтын мүлік объектісінің түріне байланысты болады.

Мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін мұрагерлер нотариусқа қайта жүгінуі қажет. Тіркелген құқықтың негізінде нотариус мұраны рәсімдеп, жылжымайтын мүлікті электрондық форматта мұрагердің атына тіркейді. Мемлекеттік корпорацияда меншік иесінің көзі тірісінде меншік құқығының тіркелмеуі өздігінен мұрагерлердің жылжымайтын мүлікті мұраға алу мүмкіндігінен айырматынын атап өтті. Құқық белгілейтін құжаттар болған және белгіленген рәсім сақталған жағдайда жылжымайтын мүлік тиісті тәртіппен тіркеліп, мұрагерге берілуі мүмкін.

Г.МАҒЖАН.

ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ,
ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ
НАЗАРЫНА!

ЕСКЕРТУ



KazTransOil

«ҚазТрансОйл» АҚ Павлодар облысының аумағында «Омбы-Павлодар», «Павлодар-Шымкент» магистральді мұнай құбырлары, «Павлодар-ПМХЗ» мұнай құбыры, ТОВБЖ байланыс желілері салынғанын, олар шақырымдық бағандармен және ескерту белгілермен белгіленгенін ескертеді.

ҚР-ның «Магистральдық құбыр туралы» Заңына және Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне сәйкес, келесі күзет аймақтары белгіленеді:

1) Мұнайды тасымалдайтын магистральды мұнай құбыры трассасы бойында - құбыр осінің әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральдық құбырдың күзет аймағы құбыр осінің әрбір жағынан 25 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі;

2) бір техникалық дәлізде төселген көп желілі құбырлардың трассалары бойында - шеткі құбырлардың осітерінен 1) тармақшамен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;

3) суасты өткелдері бойында - өткелдердің шеткі желілері осітерінің әрбір жағынан 100 метрге кейін қалатын қатар жазықтықтар арасында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кеңістігі учаскесі түрінде;

4) өнімді авариялық шығаруға арналған жер қамбалары төңірегінде аталған объектілер аумақтары шекарасынан барлық жаққа 50 метрге кейін қалатын түйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде;

5) бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар парктері, компрессорлық және газ тарату станциялары, өнім өлшеу тораптары, құю және қотару эстакадалары, газды жерасты сақтау станциялары, мұнайды, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері төңірегінде - аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа 100 метрге кейін қалатын, түйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады

6) орманы жоқ учаскелерде елді-мекендерден тыс орналасқан жер асты көбілдік және өуе байланыс желісі мен радиотелекоммуникация - жерасты кабель трассасы немесе шеткі өуе желілері сымдарының әрбір жағынан кемінде 2 метр қашықтықта орналасқан тікелей параллельмен белгіленетін осы желілері бойымен жер учаскелері түрінде.

ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАР» СӘЙКЕС 10-НАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЙНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТІЛЕРДІ САЛУҒА ТҰЙЫМ САЛЫНАДЫ

ТҰЙЫМ САЛЫНАДЫ:

Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:

- тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға;
- кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін күшейту пункттерінің қақпақтарын, қақпаларын және есіктерін, желілік арматураның торап қоршауларын, катодты және дренажды қорғау стансаларын, желілік және қарау құдықтары мен басқа желілік құрылғыларды ашуға, қрандар мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге;
- түрлі қоқыс орындарын жасауға, қышқылдар, тұздар мен сілтілердің ерітінділерін төгуге;
- жаға бекіту имараттарын, су өткізу құрылғыларын, құбырлардың байланыс желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құйылу мен тасымалданатын өнімнен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылғыларды) бұзуға;

зекірлерді суға тастауға, суға тасталған зекірлермен, тізбектермен, сүйретпелермен және тралдармен өтуге, тереңдетіп қазу мен жерге батыру жұмыстарын жүргізуге;

от жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға.

Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша рұқсатынсыз:

«ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистральды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға;

бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жыртылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келісілмеген қандай да бір жұмыстарды орындауға;

магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларда өртке қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға;

- кез-келген құрылыстар мен имараттарды салуға;
- автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;
- мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспей тау, құрылыс,

жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге;

ұңғымалардың, шурфтардың құрылғыларымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезиялық және басқа іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген минималды қашықтықтарда магистральды құбырларға жатпайтын кез-келген объектілердің құрылысына тыйым салынады.

Магистральды құбырлардың күзет аймақтарында кез-келген жұмыстар мен әрекеттерді орындау қажет болған жағдайда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар:

«ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен «Магистральды құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізетін адамда жұмыс істеп тұрған құбырлар көрсетілген жобалау құжаттамасы бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.

кем дегенде 5 тәулік бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің өкілін жұмыстарды жүргізу орнына шақыруға;

құбырлардың және тану белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері, сондай-ақ «Күзетілетін аймақта жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсатқа» көрсетілген талаптар бұзылып, орындалған жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы.

ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері және ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «Магистральды құбырлар» жергілікті билік пен басқару органдарымен, сондай-ақ басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен (меншік түріне қатыссыз) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады.

Заң, Кодекс, Ережелер мен ҚР ҚЕ талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет:

«ҚазТрансОйл» АҚ Павлодар мұнай құбыры басқармасы 140004, Павлодар қ., Солтүстік өнеркәсіптік аймақ Тел: 8 (7172) 55-52-57- №7 техникалық учаскенің БДП диспетчері; Павлодар қ.; 8 (7182) 73-43-64 - «Павлодар» БМАС ауысым бастығы; 8 (7182) 73-32-41 - Павлодар МҚБ бастығының қабылдау бөлмесі.

SARYARQA
SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ: _____

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы) «Ертіс Медиа» ЖШС, «Saryarqa samaly» облыстық газеті Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. №KZ17VPY00084792 куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпы-ұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.

ЖШС директоры
Рүслан БИЛЯЛОВБас редактор
Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы:

Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.

Редакцияның мекенжайы:

140000, Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.
Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: saryarka-samaly.kz

Газеттің электронды
поштасы: ssamaly29@gmail.com.

Бас редактордың

орынбасары - 66-15-28.

Жауапты хатшы - 66-15-31.

Әлеуметтік бөлім - 66-14-64,

66-15-32.

Экономика, саясат - 66-14-61,
66-12-74.

Жарнама бөлімі:

smi14reklama@gmail.com

66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату

бөлімі - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына бір рет, бейсенбі күні шығады. Осы нөмірдің таралымы 1414 дана, бүгінгі көлемі 7 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспахана-сында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған
уақыты 17.00.

Тапсырыс - 982

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Немірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.

МЕРЕКЕ

Аққулының қарбызын-ай!

Аққулы ауданында жаздың сәнін келтірген тәтті мереке өтті. Шарбақты ауылында дәстүрлі «Қарбыз фестивалі» ұйымдастырылып, ауданның 10 ауылдық округі бақша дақылынан жасалған түрлі туындыны көпшілік назарына ұсынды.



Сара ӘБДӨЛ

Мол өнім жиналды

Түрлі түсті, жолақты қарбыздардан бастап, манго, лимон, тіпті асқабақ дәмі бар ерекше сұрыптарға дейін ұсынылған мерекеде ауылдар өзара шеберліктерін сынап, қарбыздан жасалған сан алуан мүсіндер мен қолөнер бұйымдарын көрмеге қойды. Өңірімізде ғана емес, ел көлемінде брендке айналған Аққулының қарбыздары көпшілік тарапынан жоғары сұранысқа ие. Ен далада, еш қоспасыз өсірілген жидектің бұл түрінің дәмі тіл үйретінін көпшілік бұрыннан жақсы біледі. Аудандағы өнімдердің піскенін тағатсыздана күтетін сатып алушылар да баршылық. Осындай өлкеде жыл сайын қарбыз фестивалін ұйымдастыру дәстүрге айналды. Биыл да көпшіліктің басын қосатын мереке жалғасын тапты. Ауданға қарасты ауыл тұрғындары тың идеяларын ортаға салып, қарбыздан жасалған түрлі туындыны көрмеге қойды. Солардың бірі - Ямышев ауылынан келген шығармашылық ұжым.

- Көрмеге бір апта көлемінде дайындалдық. Идеялардың жартысын өзіміз, кейбіреуін TikTok желісінен толықтырдық. Қарбыздан түрлі сусындар, тасбақа бейнесін жасап, жемістерді қосып, жануарлар бейнесіндегі бұйымдар мен қуыршақтар әзірледік. Сондай-ақ қазіргі трендке сай фоторамка да әзірледік. Барлығымыз бір кісідей жұмылып, осы дүниелерді өз қолымызбен дайындадық, - деді мәдениет ұйымдастырушысы Серікгүл Бекжан.

Бұдан өзге, әр ауылдық округ аталған тақырып төңірегінде сән дефилесін көрсетті. Олар қарбыз жемісі тақырыбындағы әртүрлі, сәнді киім көрсетілімдерімен келушілерді тәнті етті. Сондай-ақ, шараға қатысушы шаруалардың өнімдері арасында ең салмақты жеміс анықталып, оны көтеруден сайыс өтті. Ең ірі деп танылған жолақты жидек «Жомарт» шаруа қожалығына тиесілі болды. Оның салмағы 20 келіден асады. Осыдан соң жергілікті өнерпаздар концерттік бағдарламаларымен фестивальдің көрігін қыздырды.

Ал жалпы елді мекендегі өсімдік шаруашылығы жайлы ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Әлім Есенбеков айтып берді.

- Биыл ауданымызда 19 шаруашылық 1 880 гектар алқапқа қарбыз екті. Орташа өнімділік гектарына 400 центнерді құрап отыр. Қазіргі таңда 29 мың тонна өнім жиналды. Бұл - өткен жылмен салыстырғанда 10 пайызға жоғары көрсеткіш. Біздің диқаннан өсірген қарбыз Астана, Қарағанды қалаларына және Павлодар облысының басқа аудандарына жөнелтіледі. Өнімнің негізгі тұтынушылары - өзімізге жақын орналасқан өңірлер. Ресейге де экспортталады. Аққулы қарбызының басты артықшылығы - оның экологиялық тазалығында. Шаруашылықтар өнім өсіру кезінде химиялық қоспаларды, селитраны және басқа да зиянды заттарды қолданбайды. Сонымен қатар, біздің ауданда қарбыз



өсіруге қолайлы ерекше климат пен құмды топырақ бар. Бұл жағдай бақша дақылдарының жақсы өсуіне мүмкіндік береді. Қазір шаруашылықтардың басым бөлігі тамшылатып суару технологиясын қолданады. Соның нәтижесінде су тиімді пайдаланылып, өнімділік те артып отыр. Жалпы, Аққулы ауданындағы өсімдік шаруашылығының негізгі бағыты - бақша дақылдары. Қарбыз - ауданымыздың өзіндік брендіне айналған өнім. Бүгінде шаруашылықтарда бақша дақылдарының 97 сұрпы өсіріледі. Сонымен қатар құнағыс, картоп және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Осы арқылы аудан облыстың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өз үлесін қосып келеді, - деді ол.

40-тан астам түрін өсіреді

Фестивальге жергілікті шаруалар өз өнімдерін әкеліп, қарбыздың алуан түрін көпшілік назарына ұсынды. Түрлі түсті, көлемі мен пішіні өзгеше өнімдерден арнайы көрме ұйымдастырылып, қарбыздан жасалған түрлі композициялар да көпшілік қызығушылығын тудырды. Аталған фестиваль 2012 жылдан бері жергілікті халықтың жыл сайынғы дәртүрлі мерекесіне айналып келеді. Осы дәстүрді алғаш бастаған шаруалардың бірі - «Қайрат» шаруа қожалығы. Қайрат Шапуов бақша шаруашылығымен 1998 жылдан бері айналысып келеді.

Шаруа үшін қарбыз өсіру - жай ғана кәсіп емес, жылдар бойы қалыптасқан тәжірибе мен сүйікті іс. Қайрат Шапуовтың айтуынша, оның шаруашылығы қарбызды суармай, табиғи жолмен өсіруге басымдық береді.

- Біз қарбызды 1998 жылдан бері өсіріп келеміз. Негізінен суармай, жауын-шашынмен өсіреміз. Қарбыздың тамыры тереңге кетеді. Кей жерлерде бес метрге дейін жетіп, ылғалды өзі таба алады. Биыл құрғақшылық болғанына қарамастан, өніміміз жаман емес, - дейді шаруа.

Биыл шаруашылық алқабында қарбыздың 40-тан астам сұрпы егілген. Фестивальде соның 32 түрі арнайы көрмеге қойылды. Олардың арасында ерте, орта және кеш пісетін түрлері бар. Шаруаның айтуынша, әр сұрпының өзіндік ерекшелігі бар. Бірі ерте піссе, енді бірі маусымның соңына қарай өнім береді. Сондықтан шаруашылықта



Суреттерді түсірген - Есенжол Исабек



қарбыздың бірнеше түрін қатар өсіру арқылы маусымды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік бар.

Қайрат Шапуов қарбыздың жаңа түрлерін сынап көруге де ерекше қызығушылық танытады. Ол бірнеше жылдан бері селекциямен айналысып, жергілікті климатқа бейімделген түрлерін таңдауға көңіл бөліп келеді.

- Мен бұл іске қызығушылықпен қараймын, селекциямен де айналысамын. Жылдар бойы көптеген сұрыпты сынап көрдік. Кейбірі біздің климатқа сәйкес келмейді. Қазір біз үшін жақсы нәтиже беретін, ыстық ауа райына бейімделген түрлері қалыптасты, - дейді ол.

Қайрат Шапуовтың айтуынша, ол Қазақстанда сары қарбызды алғашқылардың бірі болып өсіре бастаған. Бұл тәжірибе 2011 жылы қолға алынған. Алғашқы кезде тұтынушылардың ерекше түсті қарбызға деген қызығушылығы онша бола қоймаған көрінеді.

- 2011 жылы алғаш рет сары қарбыз ектік. Бастапқыда адамдар оны түсінбеді, тіпті сату қиын болды. Екі-үш жылдай уақыт өтті. Кейін халық үйрене бастады. Одан әрі өзіміз будандастыру арқылы іші де сары болатын қарбыз түрлерін шығардық, - дейді шаруа.

Фестивальдегі көрмеден қарбыздың қызыл және сары түстерінен бөлек, ерекше реңкті түрлерін де көруге болады. Шаруашылықта қызғылт сары түсті қарбыздың да бірнеше түрі өсіріледі. Сондай-ақ сыртқы қабығында ерекше өрнектері бар «Луна и звезды» деп аталатын сұрып та бар.

Қайрат Шапуовтың айтуынша, мұндай экзотикалық сұрыптардың тұқымдары шетелден арнайы тапсырыспен алынған. Дегенмен шаруашылық үшін басты мақсат - тек ерекше өнім өсіру емес, жергілікті табиғи жағдайға жақсы бейімделген әрі дәмі жақсы сұрыптарды сақтау.

САУАЛ - СІЗДЕН...

Қашан қосылады?

Самал, Павлодар қаласы: - Облыс орталығындағы екінші Павлодар шағын ауданындағы жеке сектордағы үйлер орталықтандырылған жылу желілеріне қашан қосылады? Бұл мәселе жылдар бойы шешілмей келеді. Тұрғындар асыға күтуде.

Сауалға Павлодар қаласы әкімінің баспасөз қызметі жауап береді:

- Әзірге қаламыздың № 1 жылу-электр орталығында қосымша жылу беру мүмкіндігі жоқ. Онда жылу қуаты тапшы. Сондықтан екінші Павлодар шағын ауданы «қызыл аймақта» тұр. Қазіргі уақытта ЖЭО-ның басшылығымен қосымша қазандықтар орнату мәселесі талқылануда. Болашақта оң шешімін табады деген үміттеміз. Сол уақытта аталған аудандағы жеке сектордағы үйлерді орталықтандырылған жылу желісіне қосу мүмкіндігі туады.

Нөмірім ауысты

Саят, Ертіс ауданы:

- Жақында ұялы телефонымның нөмірі ауысты. Мемлекеттік қызметтерді және 1414-тен СМС-хабарламалар алу үшін қалай тіркеуге болады?



Сауалға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Павлодар облысы бойынша филиалы жауап береді:

- Ұялы телефон нөмір ауысқан жағдайда Мобильді азаматтар базасында қайта тіркелу керек. Ол үшін eGov.kz порталындағы «Мобильді азаматтар базасында абоненттік нөмірді тіркеу» қызметін таңдау қажет. Бұл арқылы телефон нөмірін тіркеп, мәртебені тексере аласыз. Сәйкесінше, eGov.kz порталындағы қызметтерді пайдалана аласыз.

Әзірлеген -
Айдана ҚУАНЫШЕВА.

Редакциядан:

Құрметті оқырман!
Егер Сізді мазалаған
сұрақтар болса,
ssamaly29@gmail.com
поштасына немесе
8 705 511 97 03
WhatsApp нөміріне
жолдауыңызға болады.

